Методы и результаты исследования. Чтобы понять, как тема прививок отражается в публичном пространстве, я выбрал с помощью поиска в интернете все доступные публикации, содержащие слово «прививка» на общекзахстанских порталах 365 info.kz (30 материалов), nur.kz (6 материалов), tengrinews.kz (7 материалов), total.kz (8 материалов). Я отбирал прежде всего материалы о прививках, которые делают главным образом детям или детям в числе прочих, поскольку прививки для взрослых – отдельная тема.

Таблица 1

	365 info.kz	nur.kz	tengrinews.kz	total.kz	
2017–2018 гг.	11	3	3	4	21
2015–2016 гг.	16	2	4	1	23
2013–2014 гг.	3			3	6
2011–2012 гг.					
2009–2010 гг.		1			1

Видно, что количество интернет-публикаций на эту тему существенно выросло за последние годы и продолжает расти. Эта проблема стала актуальной, и для её решения правительственные органы готовы пойти на крайние меры. Но когда при этом даётся недостаточно информации о самих прививках, об их графике, об их важности, не объясняется, что могут сделать сами родители, читатель оказывается в позиции человека, за которого уже всё решили.

Иногда существенную роль играет недостаточное качество вакцин. Так, в 2005 году в Казахстане был зафиксирован случай, когда вакцина БЦЖ сербского производства вызвала осложнения более чем у одной тысячи новорожденных. В 2009 г. министр здравоохранения Казахстана Жаксылык Доскалиев сообщил, что на протяжении последующих четырех лет в стране использовалась БЦЖ вакцина (против туберкулеза) производства Японии, сертифицированная ВОЗ. После прививки от кори в 2015 г. были госпитализированы 18 студентов медколледжа в Темиртау. Также стало известно, что почти 60 человек, получивших прививки от кори, попали в больницы Мангистауской области. Портал 365 info.kz сначала разместил материал министерства здравоохранения и социального развития, содержащий слова: «120 человек в 4 регионах Казахстана обратились за медпомощью после прививки от кори, сообщила пресс-служба министерства здравоохранения и социального развития РК, передает КазТАГ. В той же статье была информация о приостановке вакцинации, но лишь затем на портале появилось сообщение, что вакцина признана некачественной. К сожалению, подобные ситуации подрывают доверие к официальной пропаганде даже в том случае, если все возможные и необходимые меры были приняты.

Тем не менее, нельзя сбрасывать со счёта и субъективный фактор – лёгкость или сложность материалов для восприятия, их эмоциональное наполнение. Для формального анализа статей мы перевели их в чисто текстовую форму и имели далее дело с текстами без иллюстративного материала.

Да, заявления официальных органов неизбежно будут изложены официальным языком. Но желательно, чтобы материалы, рассчитанные на пропаганду среди населения, были написаны просто и доходчиво, короткими, ясными словами. Существует градация: «разговорный стиль – стиль художественной литературы – газетный стиль – научно-деловой стиль». Тексты, написанные каждым из этих стилей, различаются распределением использованных слов по длине. Мы воспользовались онлайн-программой, определяющей стиль текста независимо от его художественных достоинств: <http://teneta.rinet.ru/hudlomer/>. Здесь автор программы излагает принципы её работы: <http://teneta.rinet.ru/hudlomer/article.html>. Удалось определить стиль всех текстов, кроме одного, который оказался слишком коротким.

Таблица 2

	365 info.kz	nur.kz	tengrinews.kz	total.kz	
Разговорный стиль					
Художественная литература	2	1	1	2	6
Газетный стиль	21	5	3	4	33
Научно-деловой стиль	6		3	2	11

Видно, что большинство порталов, пишущих на тему прививок, регулярно уклоняются от газетной стилистики. Уклонение в сторону стиля художественной литературы ещё может быть оправдано необходимостью донести содержание статьи до читателя. Так, к стилю художественной литературы было отнесено интервью с доктором Комаровским, который является опытным популяризатором медицины и здорового образа жизни. Уклонения в сторону научно-делового стиля гораздо менее желательны, особенно когда статья рассчитана на широкие круги населения или касается животрепещущих тем. Так, в научно-деловом стиле на портале 365 info.kz выдержано опровержение заявления «главного гомеопата Минздрава Казахстана». Довольно очевидно, что люди, способные поверить такому заявлению, вряд ли часто сталкиваются с текстами со сложной научной лексикой. На портале total.kz обращённый к родителям призыв вакцинировать детей от полиомиелита тоже написан научно-деловым стилем.

Ещё одну маркировку «художественный текст» получает материал «Послание женщины, потерявшей крохотную дочь, потрясло Интернет» на портале nur.kz. К сожалению, статья не содержит никаких ссылок на исходные материалы и поэтому выглядит фэйковой.

Подводя итоги, можно сказать, что журналистам редко удаётся выдержать баланс между вовлечённостью читателя и достоверностью и объективностью материала.

Существует такое направление, как фоносемантический анализ текста. Для носителя языка его фонемы и букву эмоционально окрашены, поэтому выбор слов и подбор синонимов придают определённую эмоциональную окраску тексту независимо от сознания пишущего и читающего. Так, чисто фонетически слово «луч» производит впечатление «хорошего, храброго, могучего, большого», а слово «жестокость» – «отталкивающего, страшного, сложного, шероховатого, злого, тёмного, тяжёлого, грубого, храброго». Для оценки фоносемантических характеристик текстов была использована свободно распространяемая программа ВААЛ-мини. Основные принципы фоносемантического анализа изложены, например, на этой странице:

<https://studfiles.net/preview/6208350/page:26/>.

Две следующие таблицы будут посвящены анализу текстов портала 365 info.kz. Характеристики статей, где рассказывается об отказе от прививок и его последствиях, выделены буквой «О», тех, где рассказано об осложнениях, возникших в результате прививок от кори – буквой «К».

Таблица 3

статья	о			о	о/о	к/о	к/о	к/о	о/о	к	к/о	к/о	о/о	о	о/о
хороший				.../-					+/...						
красивый				.../-											
безопасный	+/...			.../-		.../-							.../+		
простой								+/...	.../+					.../+	
гладкий	-/...			-/-	-/...	-/...	.../-		.../-	.../-	.../-	-/...		-/...	
округлый				.../-		.../-			.../-				-/...		
добрый	-/...								.../-						
светлый								+/...	+/...	+/...	.../+		.../+	.../+	
величественный	-/...	+/...							+/+					.../+	
тяжёлый															
грубый	-/...	+/...													
мужественный	-/...	+/...													
сильный	-/...												-/...	.../+	.../+
холодный						.../+	.../+								

громкий	-/...		.../-	.../-					+/...		.../-	-/...	.../+
храбрый	-/...	.../-									.../-	-/...	
могучий	-/...	.../-			-/-		.../-	.../-	-/...				
большой	-/...	.../-			-/-				-/...	-/...			
весёлый						+/...	+/...	+/...	.../+	.../+	.../+	.../+	.../+
подвижный	-/...												
быстрый					-/...	+/...			+/...				
активный	-/...					+/...	+/...						
яркий	-/...					+/+	+/+	+/...	.../+	.../+	.../+	.../+	.../+
радостный					-/...	+/+	+/+	+/...	.../+	.../+	.../+	.../+	.../+

Статьи в данной таблице расположены по годам. Мы видим, что за последние несколько лет фонетическое оформление статей портала стало более мажорным, но зачастую этот настрой плохо соответствует их тематике. Многие тексты вообще фонетически невыразительны, часта характеристика «шероховатый» (противоположное «гладкому»).

Портал nuz.kz. Характеристики статей, где рассказывается об отказе от прививок и его последствиях, выделены буквой «О», статья, где рассказано о случае детского паралича, выделена буквой «П», письмо женщины, потерявшей дочку, которая заразилась от непривитого ребёнка – буквой «Д».

Таблица 4

статья	о	п	о	о	д	о
хороший					+	
красивый					+	
безопасный	-					
простой						
гладкий	-		-	-		
округлый	-					
добрый	-					
светлый					+	+
величественный					+	
тяжёлый						
грубый						
мужественный						
сильный					+	
холодный		+	+			
громкий	-				+	

храбрый					+	
могучий	-				+	
большой	-				+	-
весёлый					+	+
подвижный				+		
быстрый				+		
активный					+	
яркий		+			+	
радостный		+			+	+

Видно, что и на этом портале фонетическое оформление статей зачастую не соответствует их содержанию.

Портал tengrnews.kz. Характеристики статей, где рассказывается об отказе от прививок и его последствиях, выделены буквой «О», интервью с доктором Комаровским – буквой «И», статья, где рассказано о случае детского паралича, выделена буквой «П». Характерно сравнительно адекватное изложению фонетическое оформление интервью доктора Комаровского и неадекватное или невыразительное – в других случаях.

Портал total.kz. Характеристики статей, где рассказывается об отказе от прививок и его последствиях, выделены буквой «О», статья, где рассказано о случае детского паралича, выделена буквой «П». И на этом портале фонетическое оформление статей не всегда адекватно материалу, кроме того, тоже часто встречаются тексты с характеристикой «шероховатый».

Таблица 5

статья	о/...	о	и	п/п	о/о		о/о	.../о
хороший			+/...	+/...	-/...	.../-		
красивый								.../-
безопасный	.../-	.../+				.../-		.../-
простой			+/...					
гладкий	.../-				-/...	-/...		.../-
округлый	.../-				-/...			.../-
добрый	.../-					.../-		
светлый		.../+		+/...				
величественный			+/...		-/...		.../+	
тяжёлый								
грубый		.../-	+/...		-/...			

мужественный		.../-	+/...					
сильный			+/...		-/...	.../-	.../+	
холодный			+/...			.../-	.../+	
громкий	.../-		+/...		-/...	.../-	-/+	
храбрый	.../-				-/...	.../-	.../+	
могучий	-/...	.../-	+/...		-/...	.../-		.../-
большой		.../-	+/...		-/...	.../-		
весёлый		.../+		+/...				
подвижный			+/...					
быстрый		+/...			.../-			
активный					-/...			
яркий			.../-		-/...	.../-	.../+	
радостный				+/...			.../+	

В последние несколько лет в Казахстане участились случаи отказов от вакцинации. В этом плане понятно преобладание статей о том, как убедить или заставить родителей делать прививки. Но представляется стратегической ошибкой значительное сокращение информационных материалов для родителей о том, как подготовить ребёнка к прививке, как её выбрать и где поставить, какие реакции можно считать сравнительно безопасными и как реагировать на осложнения. Кроме того, именно материалы, обращённые к населению, зачастую написаны в наиболее сложной и малопонятной стилистике, эмоционально бедны или неадекватны. Представляется, что работа с гражданами требует принципиального изменения стратегии в этой области.

Благодарность. Хотелось бы выразить благодарность научному руководителю, учителю химии и биологии Исиной Е.Ж. и директору ГУ «Комплекс музыкальный колледж - школа-интернат для одаренных детей» Сыздыкову С.К. за всемерную поддержку.

ЛИТЕРАТУРА

1 ЫДелицын Л.Л. Автоматическая классификация стиля текстов [Электронный ресурс] URL: <http://teneta.rinet.ru/hudlomer/article.html> (дата обращения: 05.03.2020).

2 Сидорова Е.В. Фоносемантический анализ слова и текста // Издательско-полиграфический центр Воронежского государственного университета, 2010.

ТАБИҒАТТЫҢ ЛАСТАНУЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

Курбанова М.

оқушы, М. Қашғари атындағы мектеп лицейі, Кентау қ.

Хасанбаева М. Х.

география пәнінің мұғалімі, М. Қашғари атындағы мектеп лицейі, Кентау қ.

*«Егер шаң мен тозаң болмаса, адамзат мың жыл өмір сүретін еді»
Абу Али ибн Сино*

Табиғатты қорғау – қазіргі заманның негізгі, кешіктіруге болмайтын дүниежүзілік мәселелерінің бірі.

Адамзат табиғат күштері алдында ойыншық екендігін ұмытпау, адамзаттың табиғатқа әсерін алдыннан ойлап, экологик проблемаларды шешу, жаңа аурулардың алдын алу, өз өмірін ұзарту.

Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.

Біздің болашаққа барар жолымыз Қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді, және денсаулығы мықты азаматтар [1].

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында «Қоршаған ортаны ластауға, экологик қалыпты жағдайды бүлдіруге жол бермеуге зор көңіл бөлгендіктен оқушыларға экологик білім беріп, табиғатты қорғауға тәрбиелеу – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі» деген [2].

Жер бетінде әр түрлі проблемалар бар: қарусыздану және бейбітшіліктің сақталуы, демографиялық проблема, азық-түлік проблемасы және басқа проблемалар.

Ғылым техника дамыған сайын адамның табиғатқа әсері артып, ғаламдық проблемалар қатарына экологиялық проблема қосылды. Қазіргі уақытта дүниежүзі халықтары экологиялық проблеманы шешу, адамның тұрғылықты жерін, биосфераны үйрену, халықтың денсаулықты сақтау проблемалары бір-бірімен қосылып, жаңа пән – медициналық география пәні пайда болды.

Медициналық география пәнінің негізгі бөлігі- нозогеография болып табылады.

Нозогеография грек тілінен алынып, «nosos» – ауру түрлері және география жер бетінде ауру түрлерінің таралуы мағынасын береді.

Бұл пән адам денсаулығына әсер ететін табиғи, экономикалық факторлар, географиялық мұхит, адамдарда ауру түрлерінің таралу заңдылықтарын үйретеді. Медициналық география пәнінің дамуына ағылшын ғалымы С. Гайский, орыс академигі Е. Н. Павловский үлкен үлес қосқан [3].

География мен медицина бір-бірімен тығыз байланыста. Адам ағзасы күрделі жүйе, ол бір жағынан көректену ортасына байланысты физикалық, химиялық және биологиялық факторлардың әсеріне түсуші биологиялық тіршілік иесі болса, екінші жағынан олардың қоршаған ортамен қарым қатынасы әлеуметтік факторлар арқылы анықталады. Осыған орай орыс ғалымы И. М. Сеченов «Ағзаның сыртқы ортаның қолдауынсыз өмір сүруі мүмкін емес, сондықтан берілген ғылыми анықтамаларға оған әсер етуші ортаны енгізу керек» деген пікір айтқан. Сондықтан қазіргі кезде ауру түрлерінің таралу ареалдарын, оның себептерін зерделейтін медициналық географияның рөлі, маңыздылығы артып отыр [4].

«Экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өмірінің 20 пайызына себеп болып отыр, ал кейбір аймақтарда жағдай бұдан да қиын. Отандастарымыздың үштен бірі сапасыз ауыз суды пайдалануда. Жеткілікті және дұрыс тамақтанбау да теріс демографиялық салдарға әкеп соғады»-деп атап көрсетілген «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында.

Әлемдік денсаулық сақтау бірлестігінің (ВОЗ) мәліметтері бойынша, адамның денсаулығының 10% медицинаға, 20% тұқым қуалаушылыққа, 50% өмір сүру сапасының жағдайына, 20% қоршаған ортаның жағдайына тәуелді екен [5].

Қоршаған ортаның ластануы мен денсаулық жағдайларының төмендеуі арасында байланыс бар.

Денсаулық сақтау қоғамы бүгінгі таңда қоршаған ортаны қорғау, ауру түрлерінің таралу деңгейін анықтады. Әр адамның денсаулығына әсер ететін факторлар әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі 50–60%, ортаның экологиялық ахуалы 20–30%, денсаулық сақтау қоғамының 15–20% әсері тиеді. Бүгінгі таңдағы 80% аурудың түрі экологиялық жағдайдың нашарлауының нәтижесінде туындаған.

Қазақстан – Азия құрлығының ортасында орналасқан. Ауданы – 2.724,9 мың шаршы шақырым, құрлықтың 1,8 пайызын алып жатыр. Құрлықтың ортасында орналасуына байланысты Қазақстан территориясында антропогендік әсерге тұрақтылығы нашар

ландшафтар басым. Қазақстан жерінің 75% қоршаған ортасының экологиясы бұзылуына бейімділігі жоғары.

Каспий, Арал теңіздері, Балхаш көлі, өзен ағындарын, оның ішінде өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық ағындарын шоғырландыратын тұйық алаптарға жатады. Ертіс, Іле, Сырдария, Шу, Жайық өзендері транзиттік немесе шоғырландырушы аймаққа жатуы қоршаған ортаға экологиялық қауіп туғызады, қалдықтарды жинау орталығына айналады.

Арал теңізінің орналасуы, Семей ядролық сынақ полигонының болғаны тек Қазақстанға ғана емес, табиғи кешендер мен тірі ағзаларға әсер ететін экологиялық қауіпті фактор. Олардың қатарына Қазақстанның ірі өнеркәсіп тораптары да жатады: Павлодар-Екібастұз, Қарағанда-Теміртау, Қаратау-Жамбыл, Манғыстау, Кенді Алтай, т.б.

Қазақстанның отын энергетика кешені отын өнеркәсібі мен электр энергетикасын қамтыды. Отын өнеркәсібі дамыған, мемлекетіміздің батысында мұнай мен газ өндіріледі. Мұнай мен газ улы заттар, сондықтан қоршаған ортаға адам денсаулығына өте үлкен зиян тигізеді. Мұнай мен газды қазып алғанда, қайта өндіруде, тасымалдаған уақытта қауіпсіздік ережелеріне қатаң көңіл бөлу керек. Мұнай мен газдың кері әсері нәтижесінде Каспий теңізінің суы ластануда. Топырақ және атмосфера бұзылып жатыр.

Қазақстанда дамыған өнеркәсіп салаларының бірі – тау кен өнеркәсібі. Бұл өнеркәсіп саласы қоршаған ортаны ластайды, топырақ қабатын бұзады, жер астында үлкен карьерлер және ірі үңгірлер пайда қылады. Карьерлер және үңгірлер басып қалу, жер сілкінісі қауіпін тудырады.

Құрлық суларын негізгі ластайтын көздер – кен байыту қалдықтары. Олар таза суға қосылып, өлі өзендерді пайда қылады. Металлургия зауыттары зиянды заттарды атмосфераға шығартады, газ қалдықтары күкірт, құрамында металл болған шаң және басқа элементтер өте қауіпті. Қоршаған ортада темір, қорғасын, мыс, сынап мөлшері көбейіп, олар топырақ, өсімдік және жануарлар ағзасында жиналып, адам ағзасына өтіп улайды. Ауыр металдар адам ағзасының иммунитетін азайтып, ауру мөлшерін жоғары болуына алып келеді.

Химия өнеркәсібі экологиялық жағынан ең лас өнеркәсіптердің бірі. Шымкент, Тараз, Ақтау, Теміртау, Павлодардағы ауа, су, топырақтың ластануы химия өнеркәсібі мен байланысты. Теміртаудағы Нура өзені және Павлодардағы жер асты суларын сынап пен ластануы өте үлкен қауіп тудырады.

Халық – қоғамның негізі, әлеуметтік дамудың қозғаушы күші. Қазір елімізде халық арасында аурулар көбейіп кетті. Баланың іштен кемістікпен, ақыл-есінің кем, қабілетсіз басқа да аурулармен аурып тууының басты себепкері – қоршаған ортаның бұзылуы. Бұл күнде Қазақстандықтардың жұтқан ауасы мен ішкен суы, жеген тамағы, басқан топырағы экологиялық апат аймағының улы өнімдері. Әр екінші Қазақстандықты бір жылда дәрігер көрігінен өтуіне тура келеді.

Елімізге дені сау, жан-жақты дамыған бала тәрбиелеу бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі.

Қазақстанда ең көп таралған аурулар туралы айтпақпын. Қазақстанда медициналық проблема бірінші орын алатын ауру қан айналым жүйесінің бұзылуы (БСК) Бұл ауруға шалдыққандардың саны соңғы 5 жылда 7 % өсті.

Қазақстан Республикасы Ғылыми зерттеу институтының деректеріне сүйенсек, біздің мемлекетімізде 100000 адамнан 500–600 қанайналым жүйесінің бұзылу салдарынан қайтыс болуда. Жүрек ауруына шалдыққандар елдегі халықтың 12 % құрайды Бұл ауруға шалдығып, қайтыс болып жатқан еркектердің орта жасы 35–65 жасты құрайды.

Онкологиялық аурулар халықты өлімге алып келу қаупі бойынша 2 орында тұр. Соңғы 5 жылда бұл ауруға шалдыққандар саны арта түсуде.

Бұл аурумен көбірек қыздар ауырады екен. Онкология ауруларымен ауыратын адамдар Павлодар, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облысында көп кездеседі екен.

Қазақстанда қант диабетімен ауыратындардың саны да күннен күнге арта түсуде. Соңғы деректерге сүйенсек, соңғы 5 жылда бұл аурудың пайызы арта түсуде.

Мамандардың айтуынша, жүрек аурулары, онкологиялық аурулар табиғаттың ластануынан, темекінің салдарынан туындап жатыр.

Түркістан облысында экологиялық ахуал өте төмен.

Қоршаған орта ластанған сайын халық денсаулығы төмендеп бара жатыр.

Автотранспорт саны артқан сайын ауаның ластануы да артып бара жатыр. Ауаның ластану көрсеткіші бойынша Шымкент қала Қазақстанда 4орында тұр. Шымкент республикадағы ең лас 6 қаланың бірі, жоғары дәрежелі экологиялық қауіпті аймаққа жатады.

Қала орталығындағы медициналық статистика мәліметі бойынша ауру түрлері анықталды. Облыста кейбір ауру түрлері соңғы

3 жылда 1,2–2 есеге артуда. Ең көп таралған ауру түрлері орган ауқат қорыту және зәр сындыру жүйесі. Дәрігерге қаралған аурулардың көп бөлігі автомагистрал жолдарына жақын орналасқан,автомобиль транспорты қалдықтарымен ластанған аудандар.

Қазақстан оқушыларының арасында ең көп таралған ауру анемия, оқушылар арасында бұл ауру өте жиі кездеседі деп хабарлайды дәрігерлер.

Оқушылар арасында таралған аурулар ішінде 2 орында тыныс алу мүшелерінің ауру, 3 орында көз ауруы.

Бәрімізге мәлім адамзат мәліметтің 80 % көру арқылы алады. Көз -адамның ең негізгі мүшелерінің бірі.

Тыныс алу мүшелері мен темекі тарту бір-бірімен тығыз байланысты. Салыстырмалы талдауға сүйенсек, қалалық жастар арасында темекі тарту 6,3 %, ауылдық жастар арасында 7,1 %, қала жастары арасында алкогольді ішімдікті қабылдау 6,7 %, ауыл жастары арасында 6,2 % құрайды.

Әрбір елде мемлекет дамуының 1 – көрсеткіші адам өмірі, денсаулығы есептеледі. Денсаулықты сақтау және нығайту үшін елімізде жүргізіліп жатқан жұмыстар:

1 Тегін медициналық көмек көрсету, дәрігердің кеңесінде болу, флюорография, электрокардиограммалық талдаулар жүргізу.

2 Әр 6 айда медициналық көріктен өту.

3 Жеке бас гигиенасына назар аудару.

4 Салауатты өмір салтын ұстану.

5 Дұрыс тамақтану т.б.

Қорытынды:

1. БҰҰ қабылдаған: Табиғатты қорғаудың дүниежүзілік стратегиясында былай делінген: Біз жерді әкелерімізден мұраға алғанымыз жоқ, біз оны бабаларымыздан қарызға алдық. Табиғат бөліктері ластанған сайын адамдар арасында ауру түрлері де артып барады.адамдар өз денсаулығына, өміріне балта шабуада.

Табиғаттың тозуы – экологиялық дағдарыс. Табиғатты қорғау адам бойында табиғатқа сүйіспеншілік қасиетін қалыптасуы әркім өз отбасынан, үлкендердің өнегелі іс-әрекетінен басталады. Суы, ауасы ластанған, топырағы уланған жерде адам денсаулығы да жаман болады.

Дені сау болудың басты негізі – таза табиғат

Ш. Уәлиханов атқанындай:

Адамның басшысы – ақыл

Жетекшісі – талап

Шолушысы-ой
 Сынаушысы – халық
 Қорғаушысы – сабыр
 Қорғанышы – мінез
 Ең қымбаттысы – ар
 Таусылмайтыны – арман
 Барлығынан ардақтысы – өмір!
 Расында да, солай, адамзат үшін ең үлкен бақыт бұл -өмір сүру.

Ұзақ өмір сүру себебі таза ауа, мөлдір су, жасыл өсімдіктер,сайраған құстар, ана табиғат, әсем табиғат,таза табиғат,емші табиғат.

Ей, табиғат, балаңмын
 Ертеңіне алаңмын.
 Денсаулығы ғаламның –
 Денсаулығы адамның.
 Адамдар, Жер – сенің аяулы бесігің
 Осы жер үстінде аштың сен тіршіліктің есігің
 Онымен кіндіктес жаның да, қаның да,
 Жер жаһанды аялап тұр алақаныңда.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан – 2050 бағдарламасы.
- 2 Қазақстан – 2030 бағдарламасы.
- 3 География және табиғат журналы // Алматы, 2011 жыл. (12-13 бб)
- 4 География және табиғат журналы //Алматы, 2014 жыл.(25-26 бб)
- 5 ВОЗ материалдары

СІЛЕКЕЙ ҚҰРАМЫНЫҢ ТІС ЖЕГІСІНЕ ӘСЕРІ

ПЕРНЕБАЙ Б., АДИБЕК А.

8 сынып оқушылары, А. Баймұлдин атындағы ЖОББМ,

Аққулы ауд., Павлодар обл.

КОКИШЕВА А. Е.

биология-химия пәнінің мұғалімі, А. Баймұлдин атындағы ЖОББМ,

Аққулы ауд., Павлодар обл.

Тіс жегісі (кариес) – бүкіл әлемде ең көп тараған аурудың бір түрі, ол дамыған елдердің 90–95 % кездеседі. Халықаралық Денсаулық сақтау Ұйымының мәліметтеріне сүйенсек, жылдан жылға тіс жегісі мен ауратын аурулар санының артып жатқандығын

байқауға болады. Біздің А.Баймұлдин атындағы мектепте де бұл ауру оқушылар арасында кең таралған. Бұл құбылыстың кең таралуының негізгі себебі неде деген сұраққа жауап іздеп, әдеби кітаптардан, әлеуметтік желіден мәліметтер қарағанда тістің бұзылуынан сақтауда сілекей құрамының ерекше әсері бар екендігі жазылған. Бірақ мәліметтер келтірілгенмен, нақты зерттеу жұмыстары жоқ.

Сілекейдің физико-химиялық сипаты, физиологиялық әсері.

1. Кариес – тістің кіреуке қабатының зақымданып, бор тәрізді дақтың пайда болуы. Бұл – ауырмайтын, сезілмейтін құбылыс. Ауруды бұл кезеңде емдеп, токтатуға болады. Тістің тесігін бітеп(пломба) қана оны одан әрі зақымданудан сақтауға болады. Мұны тез емдесе, жақсы нәтиже береді. Егер тіс ауруын емдемесе, асқынып, микробтар тістің ішкі қуысына жетеді. Одан әрі асқынудан - пульпиттің дамуына әкеледі. Пульпит кезінде тіс суықтан, ыстықтан қатты ауырады. Кейде тіс түбінің сыртқы қабаты қабынады. Ол периодонтит деп аталады. Периодонтит кезінде тістің қызыл иегі зақымданып, тістен мүлдем айырылып қалу қаупі туады.

Сілекей – ауыз қуысына бөлінетін сілекей бездерінің бөліндісі. Сілекей (лат. saliva) – мөлдір, түссіз сұйықтық. Сілекей ауыз қуысын ылғалдап, дәм сезу мүшелерінің қызметін қамтамасыз етіп, жеген тамақты ылғалдайды. Сонымен бірге, сілекейдің ауыз қуысын тазартып, тісті зақымданудан сақтайтын бактериялық қасиеті бар. Ауыз қуысындағы сілекей ферменттерінің әсерінен көмірсулардың ыдырауы жүзеге асады. Сілекейдің рН көрсеткіші 5, 6-дан 7, 6 дейін болады. Сілекей бездерін кіші және үлкен сілекей бездері деп бөледі. Жұпты үлкен сілекей бездері – құлақ қасында, төменгі жақ асты, тіс асты және кіші сілекей бездері – ерін, ұрт, тіл ас қорыту бездері болып табылады. Құлақ маңы сілекей безі – үш бездің ішіндегі ең ірі без болып табылады. Безде бет нервісі өрім түзеді. Бездің шығару өзегі ауыз қуысы кіре берісінде жоғары 2-ші азу тіс деңгейінде ашылады. Сілекей безі құрылысы жағынан күрделі альвеолярлы без болып табылады. Ауыз қуысына бөлінетін серозды секреттің құрамы күрделі. Құлақ маңы сілекей бездерінің клеткалары шығару қызметін атқаратындықтан, организмнен дәрілік заттар мен токсиндерді бөліп шығарады. Құлақ маңы сілекей безі ішкі секреция безі болып табылады (паратин минералды және белокты алмасуға әсер етеді). Құлақ маңы бездері жыныс, қалқанша, қалқанша маңы бездерімен, гипофизбен, бүйрек үсті бездерімен гистофункционалдық байланыста. Төменгі жақ асты сілекей бездер – серозды кілегейлі секрет бөліп шығарады. Шығару өзегі тіл асты еміздікшесіне ашылады. Иек асты және тіл

артериялары салдарынан қанмен қамтамасыз етіледі. Төменгі жақ асты сілекей бездері жақ асты нерв түйінінің бұтақтарымен иннервацияланады. Тіл асты сілекей бездері – аралас болып табылады және серозды – кілегейлі секрет болып шығарады. Бөліп шығару өзегі тіл асты еміздікшесіне ашылады. Кіші сілекей бездері – барлық кілегей қабаттарда орналасады. Таңдай бездері артқы бөлімде көп және жұмсақ таңдайдың бағыты бойынша олардың саны көбейеді. Тілдің түбірінде, валик тәрізді еміздікшеде серозды бездер, ал басқа жерлерде – кілегей бездер орналасады. Сілекейдің бөлінуі – күрделі процесс. Ұсақ сілекей бездері кілегей қабаты ылғалдап, үзіліссіз секрет болып шығарады. Ірі сілекей бездерінен сілекейдің бөлінуі табиғатынан рефлекторлы, тағамның шартты тітіркендіргіштеріне байланысты (түріне, иісіне) және тағам факторлары кілегей қабаттың рецепторларына әсер етіп күшейеді. сілекей бездерінің регуляциясы бас миында орналасқан жүйке орталығымен байланысты. Клиникада науқастарды емдеу кезінде сілекей бөлінуге тән өзгерістер туғызу мүмкіндігі ең маңызды болып табылады...

Тістің қышқыл әсерінен қарисға тез ұшырау жиілігі

Құрамында қанты бар, тамақ қабылдағаннан соң микроорганизмдер түзілген қышқылдар әсерінен, тіс кіреукесін бұзады. Біраздан соң кейде бұл қышқылдар сілекейдің тұтқырлық қасиетінің арқасында бейтараптанады, ал біразы тіс кіреукесінің минералдарды жоғалтуына әкеліп соқтырады. Сондықтан қышқылдардың әсеріне әр кезде тіс кіреукесінің құрамына кіретін бейорганикалық минералдар ери береді, ол 2 сағатқа дейін еріген күйде бола алады. Егерде күні бойы, көмірсуы бар тамақты жиі жеп отырсақ, сілекейдің рН ортасы төмен болады, өйткені сілекейдің буферлік қасиеті рН ортаны реттеуге үлгермейді де, тістің беткі қабатының бузылуы басталады.

Сілекей бездері қызметінің белсенділігі бұзылғанда қышқыл-сілтілік баланс бұзылады, соның әсерінен ауыз қуысы мен тістің күйде төмендейді.

Сілекей, ұлпалық сұйықтық, қан, несеп және басқада биологиялық сұйықтықтар сияқты буферлік ерітінді болып табылады. Осы буферлік жүйенің арқасында ішкі ортада сутектік көрсеткіш үнемі реттелініп отырады.

Буферлік ерітіндінің қышқыл – сілтілік жұбы әлсіз қышқыл және оның күшті негізден түзілген тұзы (мысалы, сірке қышқылы CH_3COOH және натрий ацетаты CH_3COONa) немесе әлсіз негіз және оның күшті қышқылдан түзілген тұзы (мысалы, аммоний гидроксиді NH_4OH мен аммоний хлориді NH_4Cl).

Ерітінді еріткенде немесе оған біраз мөлшерде қышқыл немесе сілті қосқанда қышқыл – сілтілік жұп сутектік көрсеткіш деңгейінің салыстырмалы тұрақты деңгейін сақтап тұру үшін сутегі иондарына кейде донор, кейде акцептор бола алады.

$\text{CH}_3\text{COOH} + \text{CH}_3\text{COONa}$ – ацетатты буфер,

$\text{H}_2\text{CO}_3 + \text{NaHCO}_3$ – бикарбонатты буфер,

$\text{NH}_4\text{OH} + \text{NH}_4\text{Cl}$ – аммиакты буфер,

$\text{NaH}_2\text{PO}_4 + \text{Na}_2\text{HPO}_4$ – фосфатты буфер. Фосфатты буферде әлсіз қышқыл орнында NaH_2PO_4 болып саналады.

Буферлік жүйенің қызметі оның құрамындағы рН мәнін іс жүзінде өзгерте алмайтын күшті қышқыл немесе сілті әрекеттесуінен түзілген заттардың әсеріне байланысты болып табылады.

Мысалы, ацетатты буферде:

$\text{CH}_3\text{COONa} + \text{HCl} = \text{CH}_3\text{COOH} + \text{NaCl}$

$\text{CH}_3\text{COOH} + \text{NaOH} = \text{CH}_3\text{COONa} + \text{H}_2\text{O}$

Бірінші жағдайда буферлік жүйенің құрамында тұз және әлсіз қышқыл түзіледі, ал екінші жағдайда, реакция нәтижесінде, жүйенің рН ортасына мүлдем әсер етпейтін тұз және су түзіледі.

Ағза сұйықтығында бірнеше буферлік жүйе бар, ол бикарбонатты, фосфатты, ақуызды және гемоглобинді

Зерттеу бөлімі.

Зерттеу жұмысының міндеттеріне сәйкес сілекейдің буферлік сиымдылығына рН әсерін зерттеу мақсатында келесі жұмыстар жүргізілді.

1 Сілекейдің буферлік ерітінді болып саналатындығын басқа буферлік ерітінділермен салыстыра қарап анықтау.

Жұмыстың барысы: 4 сынауыққа бірдей көлемде (1-2 мл) тұз қышқылы, натрий гидроксиді, натрий фосфаты ерітіндісін және сілекейдің буферлік ерітіндісін құямыз. Әрбір сынауыққа 2-3 тамшы индикатор қосып, түсінің өзгеруін және оның рН ортасын белгілеп жазамыз. Нәтижелерін 1-кестеде көрсетеміз

Кесте 1 – Зерттеу нысандарына индикаторлардың әсері.

	Зерттеу нысандары	Қолданылған индикатор		
		Универсалды индиктор		рН метр
		Байқалған түсі	рН мәні	рН мәні
	Фосфатты буферлік ерітінді	Сары-жасыл	7-8	7,3

Сілекей ерітіндісі (тіс жегісінен таза)	сарғыш-жасыл	6–7	6,8
Сілекей ерітіндісі (тіс жегісі бар)	сарғыш-қызыл	5–6	5,4
Натрий гидроксиді	Көк	12	11,9
Тұз қышқылы	қызыл	3–4	3,7

Қорытынды: Зерттеу нысандарынан фосфатты буферлік ерітінді мен сілекейдің рН мәнін салыстыру, олардың бейтарап орта екендігін көрсетті. Сонымен сілекей буферлік ерітінді болып табылады.

Тіс жегісі бар және тіс жегісінен таза сілекей құрамының буферлік сиймдылықтарын индикаторлық әдіспен анықтап, салыстыру.

Буферлік ерітінділер қышқыл немесе сілті ерітіндісін белгілі мөлшерге дейін қосқанда өзінің рН ортасының тұрақтылығын сақтауға бейім болады. Буферлік әсер ету шегін буферлік сиймдылық деп атаймыз. Буферлік сиймдылық күшті қышқыл немесе негіздің эквиваленттік зат мөлшерінің рН бірлігін өзгертуге арналған, 1л (1м³) буферлік ерітіндінің қосатын қатынасына тең.

$$V = \frac{C}{pH_1 - pH_2}$$

V- буферлік сиймдылық; C – күшті қышқыл (негіз) мөлшері; рН₁ және рН₂ – күшті қышқыл (негіз) қосқанға дейінгі және кейінгі сутектік көрсеткіш. Буферлік сиймдылық қоспа құрамының концентрацияларымен және бұл концентрациялар арасындағы қатынаспен анықталады. Құрамның концентрациясы өскен сайын буферлік сиймдылықта арта түседі.

Буферлік ерітіндіні еріту оның буферлік сиймдылығын төмендетеді және рН ортаны біраз мөлшерде өзгертеді.

Жұмыстың барысы:

Кариесі бар және кариесі жоқ таза сілекей үлгілерін тұз қышқыл және натрий гидроксиді ерітінділері арқылы титрлеп, формуланы пайдаланып, буферлік сиймдылықтарын анықтаймыз

Кесте 2 – Кариес бар және кариес жоқ таза сілекейдің буферлік сиймдылықтарын салыстыру

№ р/с	Зерттеу нысаны	рН мәні	Зерттеу нысаны	рН мәні	Буферлік сиймдылық
1	Тіс жегісі бар сілекей	5,4	Тіс жегісі бар сілекей + NaOH	6,4	5,09
			Тіс жегісі бар сілекей + HCl	6,1	5,24
2	Тіс жегісінен таза сілекей	6,8	Тіс жегісінен таза сілекей + NaOH	7,4	4,45
			Тіс жегісінен таза сілекей + HCl	7,8	4,65

Қорытынды: Кариес бар және кариес жоқ сілекей үлгілерінің буферлік сиймдылығын салыстырдық. Сонымен бірге, зерттелген сілекей үлгілерінің буферлік сиймдылықтарының әртүрлі болатындығын дәлелдедік. Тіс жегісі бар үлгілерден олардың рН мәнін 6,1–6,4 дейінгі аралықта екенін көрдік, бұл олардың қышқылдығының жоғары және тіс жегісіне ұшырауға бейім екендіктерін дәлелдейді.

3) Кариес бар және кариес жоқ сілекейдің тамаққа дейін және тамақтан соң рН мәнін анықтап, қайта қалпына келу уақытын салыстырып бақылау.

Жұмыс барысы: Ауыз қуысындағы қышқыл сілтілік ортаның қалпына келуін анықтау мақсатында, сілекейдің рН мәнін тамақтан соң 10 минут, 20 минут, 30 минут өткен соң бақылап отырдық. Зерттелетін үлгілердегі тіс жегісі бар сілекейдің рН мәні тамаққа дейін 6,9, ал 10 минуттан соң, рН 4,8-ге, 20 минуттан соң, рН 5,9-ға, 30 минуттан соң ғана рН 7,2-ге тең болып қалпына келгенін көрсек, тіс жегісінен таза сілекейдің қайта қалпына келу уақыты 20 минутқа сәйкес келіп тұр.

Кесте 3 – Сілекейдің тамаққа дейін және тамақтан соң рН мәнінің қайта қалпына келуін салыстыру

№ р/с	Зерттеу нысаны	Тамаққа дейінгі рН мәні	Тамақтан соң рН мәні			
			10мин. өткен соң	20 мин. өткен соң	30мин. өткен соң	40мин. өткен соң
1	Тіс жегісі бар сілекей	6,9	4,8	5,9	7,2	7,2
2	Тіс жегісінен таза сілекей	8,1	5,96	8,0	8,0	8,1

Қорытынды: Кариесі бар сілекейдің, қышқыл - сілтілік ортасының қайта қалпына келу уақытының ұзақтығына қарап, қышқылдығының артып, кариеске ұшырау бейімділігінің тағы да жоғары екендігі көрінді.

4. Қорытынды

1 Сілекейдің буферлік ерітінді болып саналатындығын натрий фосфатты буферлік ерітіндісінің қасиетімен салыстыра отырып көрсетілді. Сілекей буферлік қасиеті бар ерітінді.

2 Кариесі бар және кариесі жоқ таза сілекей құрамының буферлік сиымдылықтарын индикаторлық әдіспен анықтап, салыстыра отырып, сілекей үлгілерінің буферлік сиымдылықтарының әртүрлі болатындығын байқадық.

3 Кариесі бар сілекейдің, қышқыл – сілтілік ортасының қайта қалпына келу уақытының ұзақтығына қарап, қышқылдығының артып, кариеске ұшырау бейімділігінің тағы да жоғары екендігі көрінді.

4 Ауыз қуысының қышқыл – сілтілік баланысының қалпында сақталуына, сілекейдің буферлік қасиетінің әсері көрсетілді.

5 Сонымен бірге тістің күйінің бұзылуына тамақ сипатының және ас құрамындағы / Е. В. Боровский, В. К. Леонтьев Биология полости рта. – М. : Медицина, 1991. – 232–254 бет/ көмірсулардың мөлшеріне байланысты болатындығын байқадық. Тәтті тағамдарды ұзақ пайдалану кезінде сілекейдің қышқылдығы артып, тістің кариесі тезірек ұшырау қаупін тудырады. Тамақ құрамындағы көмірсулар мөлшерінің көп болуы тістегі қақтың пайда болуын тездетеді және қышқыл түзуші бактериалардың көбеюіне жақсы орта жасайды.

Сондықтан мынадай ұсыныстар жасалады:

1. Тамақ рационындағы көмірсулар, қанттар мөлшерін азайтуға;
 2. Ауызды тамақтан соң және ұйықтау алдында тазалап отыру керек;
 3. Тамақтану мерзімін сақтау;
 4. Тамаққа сілті орта түзетін тағамдарды, жас ірімшік, сүт, айран, жемістер, көкөністерді т.б. пайдалануға керек.
- Дендеріңізге саулық тілеймін!

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 М. Мұрадымов Тіс-денсаулық айнасы «Жайық үні» 10 ақпан 2011ж
- 2 Т.С. Сейтебетова «Химия», Алматы, Білім. 1994ж
- 3 С.П.Терехин, С.В. Ахметова Лечебное питание, Учебник.- Алматы, ТОО «Эверо», 2012

4 А.Б.Денисов Слюнные железы. Слюна. М: РАМН 2003;136 бет
5 Биоморфология терминдерінің түсіндірме сөздігі/ — Алматы: «Сөздік-Словарь», 2009 жыл.

6 С. К. Пискарева, К. М. Барашков, К. М. Ольшанова. Аналитическая химия, 2-ші баспасы, М.: 1994.

7 Ә.Қ Патсаев, С.А Шитыбаев, Г.А. Төребекова «Физикалық және коллоидтық химия» Шымкент, 2010 ж.154-163 бет

8 Ә.Қ. Патсаев, С.А Шитыбаев, Қ.Н. Дауренбеков «Бейорганикалық және Физколлоидтық химия» Шымкент, 2004 ж.144-153 бет

9 Ә.Қ Патсаев, С.Ж Жайлау, Ш.С Шыназбекова, Б.Қ Махатов, «Аналитикалық химия» Шымкент, 2007 ж . 80-87 бет

10 Е.В. Боровский, В.К.Леонтьев Биология полости рта.- М.: Медицина, 1991. -232-254 бет

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

ТОЙШЫҚОЖА Ж.

9 «А» сынып оқушысы, №18 ЖОББМ, Екібастұз қ.
КУЛЬМАҒАНБЕТОВА Р. А.
педагог – зерттеуші, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

«...Әл-Фараби бабамыздан бұрын да, кейін де даналар болды. Бірақ олардың ішінде ... дәл Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш ғылым саласына бірдей ұлы үлес қосқан... аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын... Платон, Аристотель, Птоломей сияқты ғұламалар музыканы жөнді меңгере алмағанын өздері жазып кеткен...» деп жарты ғасыр уақыт бойы үзбей әл-Фараби мұрасын зерттеумен шұғылданған ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы тұжырым жасап, өзі көтерген деңгейге жеткізе зерттей алған.

Әл-Фараби нұсқағандай, бақытқа кенелудің кепілі – орнықты мінез-құлық пен ақыл-парасат. Сонымен қатар ұлы кемеңгер адамның жетілуі оның денсаулығына тікелей байланысты екенін айтады. Халқымыз «Тәні саудың – жаны сау» дейді. Ендеше, біз әр азаматтың дені сау болуына жете назар аударуға тиіспіз. Қазіргі заманда елімізде жарияланған төтенше жағдай, ең алдымен адам денсаулығын сақтау болып отыр. Бұл жерде заманнан озық айтылған бір идея – Фарабидің ілімі бойынша тәрбиеші де, тәрбиеленуші де денсаулығы мықты болуын қадағалауы ләзім, яғни кісінің жеке басын жан-жақты дамытуда дене тәрбиесі маңызды фактор

болып табылады. Ғұламаның айтуынша «адам тәнінің кемелдігі – ол денсаулық, егер денсаулық бар болса, оны сақтау қажет, ал ол жоқ болса, оған түрлі әрекеттер жасап, жету керек». Еңбек, еңбексүйгіштік те адам баласын жетілдіретін, бақытқа кенелтетін ізгі қасиеттерге жатады, мысалы, «байсалды, бірқалыпты еңбек кезінде, адамға күш қосылады».

Бұл ғылымдарды Фараби педогогикалық, яғни тәліми (математикалық) ғылымдар деп атайды. Мұның мәнісі бұл төрт ғылым оқушыларды тәрбиелейді, өте нәзік сезімтал етеді, идеяларын ұшқырлайды, басқа ғылымдарды оқып-үйренуге төте жол салады.

Мұнан кейін Фараби жаратылыстану ғылымының шығу себептеріне тоқталады. Ол былай дейді: «Субстанция кейде қызаратын, кейде бозаратын, кейде ұзаратын, кейде қысқаратын, кейде ұлғаятын, кейде кішірейетін, кейде туатын, кейде өлетін, кейде ауыратын, кейде сауығатын болғандықтан, осылардың барлығын түсіндіретін ғылым қажет болады. Бұл ғылым бізге осы өзгерістердің бәрінің қандай болатындығын және қандай себептермен болатындығын көрсетеді. Ол арқылы біз, қажет болса, өзгерістің зиянды әсерін жоя аламыз немесе зиянды әсерін өршіте аламыз. Бұл табиғат туралы, яғни әрекеттер мен құбылыстар туралы ғылым».

Фарабидің бұл тамаша пікірі де заманынан көп озық айтылған. Ертедегі грек ғалымдарының мұраларын аса жоғары бағалай отырып, Фараби егер олардың ілім ғылымының кейінгі жаңалықтарына қайшы келсе, беделге бас имей, қарсы шығады. Мұның мысалы ретінде ертедегі пифагоршілердің музыка теориясы мен космологиясын сынағанын келтіруге болады. «Планеталар мен жұлдыздардың қозғалысы дыбыс туғызады, олар бірімен бірі үндес және үйлесімді болады деген пифагоршілердің пікірлері қате, олардың бұл гипотезасының мүмкін еместігі физика ғылымында дәлелденген, аспан шырақтары мен жұлдыздардың қозғалысы ешқандай дыбыс тудыра алмайды», – деп көрсетеді ғылым.

Фараби ғылыми шындыққа келгенде ешбір үлкен беделге бас имеуі де ғылыми этикадағы үлкен жаңалық. Тіпті Фарабиден көп кейін өмір сүрген орта ғасырлар мен жаңа заман ғалымдарының өзі мұндай ғылыми қайсарлық жасай алмаған.

Заманымыздағы анатомиялық білім-дағдылардың деңгейіне сай артық-кем айтылған Фарабидің бұл қағидасындағы ең өміршен, тауып айтылған шындық – ол жүрек. Жануарлар өмірінің өзегі, бастау бұлағы деген пайымдауы болып табылады. Ол әрі қарай жүрек құрылысының, қызметін суреттеуге тоқталады. «Жүректе

соғып тұрған және жүректен басқа бөліктерге дәрмен жеткізуші тамырлар бойында орналасқан нәрлі жел бастау алатын орын болады. Өйткені жүрек етінде оған сай үлкен жылу болады, ал оның қуыстарында нәрлі жел орналасады. Бұл нәрлі жел жүрек жылуынан қызынып, одан күшті от алып жалынға ұқсайды да, соғып тұрған тамырлар арқылы ағып басқа мүшелерге жүрек жылуын жеткізеді».

Фарабидің «нәрлі жел» деп отырғаны, қазіргі ғылымдағы қан ұғымына балама деп қарауға болады. Бұл да тауып айтылған керемет жаңалық.

Жүректен кейін Фараби жануар ішкі мүшелері арасынан бауырдың қызметін жоғары бағалайды, бірақ ол жүрекке бағынышты, тәуелді одан нәр алатын ағза. Ол былай деп жазады: «Жүректің алатын орны – бастаушы, басшы орны. Мұның мәнісін анықтап білу үшін оны бауырға қатысты қарастыруымыз қажет. Бауыр екі түрлі әрекетте болады: біреуі ас қорыту және оны дененің барлық бөліктерін қоректендіретін материяға жеткізу; екіншісі – өзіне тән қорек дайындау және оны өзі қоректендіретіндей дәрежеге жеткізу. Бұл екі әрекеттің екеуі де оған жүрек даярлап берген қоңыржай жылу жәрдемімен жүзеге асады».

Фараби мұнан кейін бауырдың қызметіне айрықша тоқталып, былай деп жазады: «Бауырға тән қимыл-әрекеттер дененің барлық бөліктеріне қорек дайындау болады, одан қорек қайсы бір мүшеге жеткізетін ыдыстарға түседі, ол пісіп қорытылып басқа мүшелерге бөлінеді, сіңіріледі».

Мұнан кейін ғұлама ас қарын мен ішектердің қызметін сипаттайды. «Қарын мен ішектер де басты қызметте болады. Бірақ олардың жұмысы негізінен түскен тағамдарды қорытумен шектеледі. Мұнда сен соңғы жану нәтижесінде болатын жалынды байқағандай боласың. Ол жалын қазан қайнатып соғып тұрған тамырлар арқылы жүректен дене мүшелеріне нәрлі жел айдайды... Бірінші – ас қорыту қарын мен ішектерге, ал екіншісі – бауыр мен еттен жүреді».

Фарабидің қорытуынша бұл дене мүшелерінің жұмыстары бірін-бірі толықтыра келіп, жалпы денсаулықты қамтамасыз етеді.

Ғұлама мұның бәрін айқын дәлелдемелер арқылы түсіндірмек болады. Ал бұл ғылымның (яғни медицинаның) зерттеу пәні табиғи дене, олардың түрлері және жеке, дербес белгілері болып табылады. Бұл немесе осыған ұқсас түрлердің бірде-бірі толық белгілі болмайды, оларға ақылмен анық та айқын жетіп болмайды. Оның мақсатының ең шегі – ол теориялық білімді кемелдендіру.

Дәрігердің өнері әрекетті болғандықтан оның объектісі адамның денесі мен түрліше мүшелері, ал мақсаты – сырқаттар түріне қарай


қайшылықта болатын саулық түрлері болады. Дәрігердің қызметі адамның ағзаларын қамтиды. Мәселен, тамақтану, дәрі қабылдау, теріні жақсарту, күйдіру, сойып көру тағы басқа медициналық әрекеттер және сонымен қатар сау адамның саулығын арттыру, сырқат адамның сырқатын кеміту әрекеттері.



Медициналық қызмет, ғылымның басқа салалары сияқты құралдар арқасында әсерлі, әрекетті болады. Медицианың құралдары тамақтану, дәрі-дәрмектер, скальпель (пышақ) тағы басқалар.

Фарабидің трактатында Нұр бүкіл әлемде өте кең тараған құбылыс екені көрінеді. Әлем өзіне жылу құбылыстарын да, сәуле шығару, от энергия тағы басқаларды қамтитын кең мағынадағы жарыққа лық толы, оның әр жерлерінде осы жарықтың қоюлануынан түзілетін аспан объектілері, денелері және басқалар орналасады. Сөйтіп, адам ақылы Нұрға бөленген және адам түп бастамасы, негізі жарықтан шығатын әлемді танып, білуде. Осы принцип Фарабидің космологиясының әргетасын қалайды. Фараби былай дейді: «Бүкіл жоғарғы бөлік екі жарыққа бөлінді де қозғалыс қасиетіне ие болды. Алла тағала өзінің құдірет күшімен осы жарықты бүкіл әлемнің қозғалыс негізін жасады. Жарықта жылу табиғаты бар. Бұл жылу бүкіл дүниелік харекеттің қатерлі іргетасын қалады. Мұнан соң Алла тағала жарықтың жоғарғы бөлігінен ғарышты, яғни аспан шырақтарын және оларды сүйреуші періштелерді және басқа да жарық құбылыстарын бар етті».

Ал, енді оқытудағы Кембридж тәсілінің теориялық негіздерінде Шульман «мұғалімнің үш көмекшісі» (Shulman, 2007) деп атаған қасиеттері мен Әл-Фараби іліміндегі сабақтастықты зерттеп көрелік.

Кесте 1 – Әл-Фараби ілімі

Мұғалімнің көмекшілері	Құзырлы мұғалімге тән белгілер
Жүрек	Кәсіби – өнегелілік тұтастық
	«Жүреkte соғып тұрған және жүректен басқа бөліктерге дәрмен жеткізуші тамырлар бойында орналасқан нәрлі жел бастау алатын орын болады. Өйткені жүрек етінде оған сай үлкен жылу болады, ал оның қуыстарында нәрлі жел орналасады. Бұл нәрлі жел жүрек жылуынан қызынып, одан күшті от алып жалынға ұқсайды да, соғып тұрған тамырлар арқылы ағып басқа мүшелерге жүрек жылуын жеткізеді».

Бауыр	Кәсіби түсінік
	«Бауырға тән қимыл-әрекеттер деңінін барлық бөліктеріне қорек дайындау болады, одан қорек қайсы бір мүшеге жеткізетін ыдыстарға түседі, ол пісіп қорытылып басқа мүшелерге бөлінеді, сіңіріледі».
Ас қарын мен ішектердің қызметі	Оқытудың тәжірибелік дағдылары
	«Қарын мен ішектер де басты қызметте болады. Бірақ олардың жұмысы негізінен түскен тағамдарды қорытумен шектеледі. Мұнда сен соңғы жану нәтижесінде болатын жалынды байқағандай боласың. Ол жалын қазан қайнатып соғып тұрған тамырлар арқылы жүректен дене мүшелеріне нәрлі жел айдайды...Бірінші - ас қорыту қарын мен ішектерге, ал екіншісі – бауыр мен еттен жүреді».

Фарабидің ұғымы бойынша бұл ғылымның ауқымы өте кең, ол бүкіл «Ай жолы астында» орналасқан субстанцияның мазмұнын зерттеп білуді мақсат тұтады. Жаратылыстану ғылымының түп негізі төрт элементтен – от, ауа, су және топырақтан тұрады, осыған төрт түрлі сапа – ыстық, суық, ылғал және құрғақшылық қосылса, онда сан түрлі әрекеттер мен құбылыстар туады. Міне, осыны жаратылыстану ғылымы жоғарыдағы төрт тәліми ғылымдарға сүйеніп зерттейді.

Фараби бөлуі бойынша жаратылыстану ғылымы сегіз бөлімнен тұрады. Олар: прогностика, яғни алдын ала болжау ғылымы, медицина, физиканың нигромантия ғылымы, навигация, яғни кеме жүргізу ғылымы, заттарды басқа түрге айналдыру амалын көздейтін алхимия және айналар жөніндегі ғылым.

Бұдан кейін Фараби жоғарыда келтірілген ғылымдарды оқып үйрену үшін қажет болатын ғылымдарға тоқталады. Мұнда ол тіл ғылымын жоғары қояды, содан кейін грамматика, логика, поэтика келеді. Фараби былай дейді: “Ғылымдардың алдыңғы айтылған жүйесін біз, ойды қалай білдіру керек, қалай оқу және қалай оқыту керек деген мәселелерді еске алмастан, ой талдамасы арқылы таптық. Ал оқу мен оқыту, ойды білдіру, мәселесінің мазмұнын баяндау, сұрақ беру мен жауап қайыру жағынан алғанда ғылымдардың ең

алғашқысы нәрселерге, яғни субстанция мен акциденцияға, есімдер беретін тіл ғылымы болып табылады деп білемін.

Одан кейінгі екінші ғылым – грамматика. Ол нәрселерге берілген есімдерді тәртіпке келтіру жолдарын және субстанцияның, оның акциденциясының орналасуын, осылардан шығатын салдарларды баяндайтын сөздер мен нақылдарды құрастыру жолдарын үйретеді.

Үшінші ғылым – логика. Ол хабарлы сөйлемдерді, білмегенімізді білгерлік, өтіріктен шындық айырарлық қорытындылар шығару үшін жүйелі етіп құру жолдарын үйретеді.

Төртінші ғылым – поэтика. Ол сөздердің маңызы мен жүйесіне қарай, яғни шамалары мен кідіру мезгілдеріне қарай, мәселен, төрттен, алтыдан, сегізден орналастыру жолдарын үйретеді. Бұл сандар – ойды айтып аяқтауға мүмкіндік беретін және ол осы мақсатта қолдануға өте-мөте лайықты сандар.

Сондықтан, жаныңды ақиқатқа жетелейтін, аузына даналық дәмін таттыруға себеп боларлық жайларды кезі келгенде мұқият бақылап, ойланып жүр, сен сонда ғана дүниенің кейбір жасырын және өзінің игілігін көретін сырларын түсіне аласың».

Фарабидің көзқарасы бойынша әр түрлі ғылымдардың шығу төркіні, себептері осылай. Бұл жерде заманнан озық айтылған бір идея – Фараби ғылымды тудырушы себепті табиғаттың өзінен іздеп отыр, мәселеге субстанция тұрғысынан қарап отыр. Екінші сөзбен айтқанда адамнан тыс өмір сүріп келе жатқан нәрселер, заттар, жалпы алғанда, материя бар, ғылым соларды танып-білуге мүмкіндік беретін құрал, яғни соларға бағынышты екінші қатардағы нәрсе.

Космостың, яғни ғарыштың жерге жақын атырабын, біздің заманымыздың ғылыми терминдерімен айтсақ, Күн системасын, жанды, жансыз дүниенің қалай пайда болғаны туралы Фараби былай деп жазады: «Жарықтың бүкіл төменгі қараңғы, қозғалыссыз және салқын болды. Бұл бөлікте өзінің жаратылысы жөнінен қозғалыссыз заттар денелер орналасты. Алла тағаланың күдіретті күшімен қозғалыссыз субстанциялар жаратылысы салқын, суық болып келеді. Осы субстанциялардан салқын, суық денелер, заттар пайда болды. Бұл заттардың түп негіздері басқа да көп заттарға негіз болатын тас пен топырақ болып табылады.

Мұнан соң Алла тағала жарықтың төменгі бөлігінен (төменгі сфераны) және оларды қорғаушы періштелерді, пейішті және лаух әл-махфузды (тағдырлар жылнамасын, адамдар пешенесі кітабын) жаратты».

Фараби жастарға эстетикалық тәрбие беруде яғни көркемдікке баулуда поэзия, бейнелеу мәнерлеп жазу (каллиграфия) өнерлерін назардан тыс қалдырмайды. «Көркем жазу – дейді ғұлама, жазудың кемелділігінің жемісі болады, ал адам бұл әрекетті кемел меңгеріп, оны тамаша орындай алатын әдетке дәрежеге жеткенде ғана жүзеге асады».

Ғұлама басқа адамгершілік қасиеттермен бірге шәкірттерде гуманистік және патриоттық сезімдердің күшті болуына үлкен мән береді, «ол өзінің халқын сүйіп, беріліп, оның абзал дәстүрлерін дамытып, жоғын жоқтап, мұнын мұндап отыруы қажет».

Ғұламаның ғылыми-педагогикалық шығармаларында әдемілік, әсемдік пен үйлесімдік, гармония сезімдерін тәрбиелеуге ерекше мән беріледі. Олар эстетика-этикамен, қылықтылықпен тығыз байланыста. Фарабидің педагогикасында музыкалық тәрбие көп орын алады. Музыканың эстетика жағынан, басқа адамның жаны мен тән күйіне әсері жоғары бағаланады, өйткені бұл өнер асқақтардың арынын басатындығы, кемеліне келмегендерді кемелдендіретіндігі және өз шамасын білетіндерді өз дәрежесінде сақтайтындығы жағынан алғанда өте пайдалы болып табылады. Ол денсаулық үшін де пайдалы, себебі тән ауырғанда жан да ауырады, тән азап шеккенде жан да күйзеледі. Сондықтан да жағымды дыбыс көңілді көтеріп, жанды жадыратады, субстанцияға (асылына) лайықты күш тудырып, тәнді кеселден арылтады.

Қорыта келгенде, Фарабидің көзқарасы бойынша барлық ғылымдардың пәндері ақиқат болмыс, реалды субстанция (материя) болып табылады. Бұл көзқарасы ғылымның шығу тегі, зерттейтін нәрсесі (объектісі) туралы қазіргі замандағы материалистік қағидаға өте жуық келеді, мұндай методологиялық дұрыс түсінік Фарабиді ғылымда тамаша табыстарға жетуіне әкелгені даусыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- бөтелкелерді (шыны сынықтарын) қалдырмаңыз: күн сәулесінің астында әдеттегі бөтелке өзіндік тұтандырғыш линзаға айналуы және құрғақ өсімдіктерге от қоюы мүмкін;

– майланған немесе жанғыш заттарға малынған сүрту материалын қалдырмаңыз;

– қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде іштен жану қозғалтқыштарының жанармай бактарына жанармай құюға;

– қозғалтқышты коректендіру жүйесі ақаулы машиналарды пайдалануға;

– жанармай құйылып жатқан машиналардың жанында темекі шегуге немесе ашық отты пайдалануға тыйым салынады.

Жоғарыда аталып өткен кез-келген себеп өрттің болу қаупіне себеп болатынын ескере келе қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелеріне немқұрайлы қарамай, табиғат аясында өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау абзал. Орман және дала алқаптарында кез келген алқаптың немесе орманның жануын байқаған кезде оны сөндіруге кірісу қажет, егер өз күшіңізбен сөндіру мүмкін болмаса, өрт шыққан учаскеге қарасты ауылдық округке, мемлекеттік ұлттық парктің мемлекеттік инспекторларына, ауданның орман өрт сөндіру мекемесіне және полицияға хабарлау керек [2].

Метеп оқушылары мен студент жастар арасында көктемгі және жаз айының басында өртке қарсы бағыттағы сабақтар, ойындар, викториналар жүргізу, ақпараттық материалдар беру, өртке қарсы үгіт туралы фильмдер көрсету, өрт сөндірушілерге арналған құралдармен таныстыру, интернет-ресурстарды көрсетіп отырған дұрыс.

Зерттеу жұмысымызда дала өртінің пайда болу себептері, оның салдары мен алдын-алу жолдарын қарастырылды. Сондай-ақ, оның экологиялық факторларға теріс әсерін зерттей отыра, дала өрттері топырақтың өсімдік жамылғысына, демек, экологиялық жағдайға, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне теріс әсерлері қарастырылды. Облыс аумағында дала өрттерінің таралуы және олармен күресуші орталықтардың қызметімен таныса отырып, маусымдарға байланысты әр өңірге тән туындайтын өрттің түрлері анықталды.

Дала өртінен кейін шөптер топырақты эрозиядан қорғамайды, сонымен қатар от жерді жабатын даланың төсеніш қабатына зияның тигізе отырып, шөлейттенуге әкелуі мүмкін. Жанғаннан кейін қалған өсімдік күлі жақсы тыңайтқыш болып табылғанымен, күл бөлшектердің салмағы өте аз, сондықтан жердегі жел оларды пайда әкелгеннен әлдеқайда ертерек ұшырып әкетуі мүмкін. Өрт – қоршаған ортаны өзгерте алатын, теріс мәндегі экологиялық факторларға әкелетін тілсіз жау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Попова Э.П. Экологическая роль пожаров в почвообразовании // Почвенно-экологические исследования в лесных и степных

биогеоценозах / В.Н. Горбачев [идр.]. – Новосибирск: Наука, Сиб. отделение, 1982. – 274 с.

2 Степные пожары: профилактика, тушение, правовые аспекты. Методические рекомендации для сотрудников особо охраняемых природных территорий / Авт.-сост.: Г.В. Куксин, М.Л. Крейндин. – М.: Изд-во Центра охраны дикой природы, 2014. – 128 с.

3 Мусин, С. М. О проблемах борьбы со степными пожарами в Северном Казахстане [Текст] / С. М. Мусин, К. А. Мейрембеков, У. З. Абжанов // Лесные и степные пожары : возникновение, распространение, тушение и экологические последствия. Материалы 6-й Международной конференции. – Томск: Изд-во Том. ун-та, 2005. – С. 81-82.

4 <http://new.pavlodarnews.kz/index.php?id=68>

5 <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/309064-pavlodar-oblysynda-s-uirden-beri-3-5-my-gektar-dalaly-zher-rtengen>

6 Баянауыл МТҮП, Күркелі ауылдық округтеріне қарасты өрт қызметкерлерінен алынған сауалнама материалдары.

7 Дала өрттері. Тәсілдері дала өрттерін сөндіру. <https://dala-rtter-t-s-lder-dala-rtter-n-s-nd-ru.html>

8 https://www.inform.kz/ru/dva-stepnyh-pozhara-proizoshli-v-pavlodarskoy-oblasti_a3638230

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨНЕРКӘСІП ОРТАЛЫҚТАРЫ ЕЛДЕГІ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

АМИРГАЛИЕВА Д. А.

ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

МАШРАПОВА А. С.

педагогикалық ғылымдардың магистрі, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі,
Павлодар қ.

Экологиялық проблемалар мен үшін бала кезімнен өте қызықты тақырып болды. Сондықтан мен экологияға қатысты зерттеу тақырыбын таңдауға шешім қабылдадым.

Зерттеудің өзектілігі – қазіргі таңда экологиялық мәселелердің алдын алуы ерекше орын алуда. Сондықтан, Қазақстанда қалыптасқан экологиялық жағдайы жақсарту үшін мен ғылыми жобамда таңдаған проблеманың себептері мен салдары анықтауға тиіспін.

Зерттеудің мақсаты – озон қабатының сарқылуы Қазақстанның экологиялық жағдайына қалай әсер етуі мүмкін себептерін зерттеп, озон қабатының сарқылуына байланысты Қазақстандағы экологиялық мәселені шешу жолдарын ұсыну. Зерттеу барысында үш негізгі зерттеу сұрақтары анықталды:

1 Озон деңгейін қандай факторлар бұзады?

2 Озон қабатының сарқылуы Қазақстанның экологиялық жағдайына қалай әсер етуі мүмкін?

3 Озон қабатының сарқылуына байланысты Қазақстандағы экологиялық мәселені шешу жолдары қандай болуы мүмкін?

Кіріспе

Неліктен қалыпты экология жағдайын сақтау маңызды?

Өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік әрекеті ғана емес, сонымен бірге адам денсаулығының сапасы да жалпы экологиялық жағдайға байланысты. Елдегі экологиялық жағдайдың нашарлау факторларының бірі оның өнеркәсіп саласы болып табылады. Қазақстан отындық (мұнай, табиғи газ, тас және қоңыр көмір өндіру), тау-кен (97 % хром, 70 % корғасын, 50 % мырыш, 40 % уран кендерін өндіру) және тау-кен-химиялық (фосфориттер мен ас тұзын өндіру) кені бар өнеркәсіптік ел болып табылады [1]. Өнеркәсіптік орталықтардың, зауыттар мен фабрикалардың жұмысы мемлекеттің саяси және экономикалық салаларына оң әсер етеді, алайда біздің еліміздің экологиясының жай-күйіне теріс әсер етеді. Мысалы, зауыттардан шыққан улы шығарындылар атмосфераның жоғарғы қабаттарына еніп, озон қабатын жоя алады, бұл өз кезегінде адамзат үшін күн радиациясының жерге енуінен қорғайды. Егер біз бір зауыттан күніне атмосфераға қанша қалдық шығарылатынына назар аударсақ және бұл санды 14-ке көбейтсек (Қазақстанда 14 облыс), онда біз атмосфераға келтіретін зиянды және оның ауаның ластануы сияқты ел үшін мүмкін болатын салдарын түсіне аламыз. Сәйкес kazpravda.com ластанған ауа өкпенің қан тамырларының жұмысын нашарлатады, ағзаның иммундық жүйесін бұзады. Сонымен қатар, жүректің ишемиялық ауруы болуы мүмкін [2].

Атмосфераға шығарындылардың көп болуына байланысты озон қабаты ыдырай бастады. Осылайша, озон қабатының жойылуы адам денсаулығына, сондай-ақ Қазақстанның өсімдіктер мен жануарлар әлеміне теріс әсер ететін елдегі климаттың өзгеруіне әкелуі мүмкін. Сәйкес bosch-climate.ru. CO₂ шығарындылары климаттың өзгеруіне тікелей әсер етеді, оның ішінде жер температурасының жоғарылауы, ауа-райының бұзылуы, теңіз деңгейінің көтерілуі және кейбір

биологиялық түрлердің жойылуы [3]. Шығарындылардың негізгі көзі Байқоңыр болып табылатынын атап өте отырып, біз озон қабатының бұзылу қаупін тудырамыз. Қазақстанда 14 облыс бар, демек, олар көптеген адамдармен қоныстанған. Егер сіз әрбір үшінші тұрғынның көлігі бар деп елестетсеңіз, онда шығатын газдардың көп мөлшері атмосфераға түседі деп қорытынды жасауға болады. Осылайша, біздің еліміздің экологиялық жағдайы айтарлықтай нашарлауға ұшырайды, оның салдарының бірі климаттың өзгеруі болуы мүмкін.

Зерттеу сұрақтары

Неліктен озон қабаты бұзылады? Оның сарқылуына әсер ететін көптеген факторлар бар.

Біріншіден, адамның әрекеті озон қабатының сарқылуына және озон тесіктерінің пайда болуына қатты әсер етеді. Мысалы, жоғары ұшатын ұшақтар қабатты бұзады, статистикаға сәйкес, ұшудың шамамен саны күніне 4–6 рет [4].

Екіншіден, парниктік эффект озон қабатын бұзуда маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда бізде көмір, мұнай, табиғи газ сияқты пайдалы қазбаларды жағуға бағытталған көптеген зауыттар мен түрлі салалар бар. Сонында, CO_2 шығарындыларының көп мөлшері атмосфераға түседі. Сонымен қатар, қазіргі уақытта әр адам дерлік көлік сатып алды, сондықтан біз шығарындылардың ауаны қаншалықты ластайтынын және парниктік әсерді күшейтетінін түсінеміз.

Үшіншіден, халық санының көбеюі азық-түлік пен киімге сұраныстың артуына әкеледі, осылайша өнеркәсіптік өндіріс өсіп, ауаны парниктік газдармен ластайды.

Озон қабатының жойылуының тағы бір айқын себебі – жаппай мал өсіру. Мысалы, сиырдың диетасы оның денесінде метанның пайда болуына әсер етеді. Химия сабақтарынан білетініміздей, метан парниктік газдардың ішіндегі ең қауіптісі, сиырлардың арқасында күн сайын метан атмосфераға түсіп, озон қабатын бұзады.

Қазақстанда, Қызылорда облысында әлемдегі алғашқы және ең үлкен ғарыш айлағы – Байқоңыр орналасқан. Бұл озон тесіктеріне қауіп төндіреді. Зымырандар ұшырылған кезде атмосфераға көптеген су молекулалары шығарылып, озон қабатын бұзады. Осылайша, ионосферада диаметрі жүздеген шақырым болатын тесіктер пайда болады. Сонымен қатар, ионосферада жоғары биіктікте су жоқ, сондықтан зымыранның ұшырылуына байланысты су молекулаларының пайда болуы қоршаған ортаның ластануына әкеледі, сондықтан табиғи тепе-теңдік бұзылады.

Озон тесіктерінің пайда болуымен байланысты тағы бір айқын мәселе – олардың адамдарға зияны. Бұл тесіктер адам денсаулығына өте зиянды, өйткені олар арқылы өтетін күн сәулесінің әсерінен тері қатерлі ісігінің даму қаупі бар. Бір жағынан, адамзат әлі күнге дейін озон қабатын қорғауды ойлап тапқан жоқ, бұл оны зымырандардың әсерінен және зымыран отынының жану өнімдерінің атмосфераға шығарылуынан қорғайды. Екінші жағынан, Қазақстан Рио-де-Жанейро конвенциясын ратификациялады [5]. Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына қосылу мәртебесіне ие. Қоршаған ортаның тозуы, біздің жағдайда озон қабатының жойылуы тікелей немесе жанама түрде кедейлікке, жұмыссыздыққа және көші-қонға әкеледі.

Қазақстанда озон тесіктерінің көп болуы мәселеден бүкіл халық зардап шегуге ұшырайды. Күн радиациясы озон тесіктерден оңай өтуі арқылы адамдардың денсаулығына орасан зор зияны әкелуі мүмкін. Кем дегенде, күн радиациясы тері обыры пайда болуының себебі болып табылады. Сәйкес sciencing.com күн радиациясының өтуімен жыл мезгілдері өзгеруі мүмкін (жер шарымызда өтетін күн радиациясының мөлшері планета мен жұлдыз арасындағы қашықтықтың өзгергенін көрсетеді), мұндай проблема барлық тірі организмдердің тіршілік процестеріне әсер етеді [6]. Яғни маусымдық ырғақтағы кез-келген өзгеріс жыл мезгілдерінің өзгеруі ретінде қабылданады. Бұл олардың өсуін, дамуын және өлімін анықтайды.

Сондықтан, Қазақстанның флорасы мен фаунасы сарқылуы мүмкін, демек, бұл экожүйенің бұзылуына әкеледі. Зақымдалған экожүйе сонымен қатар жануарлар мен өсімдіктердің көптеген түрлерінің өлімі сияқты көптеген проблемаларды тудырады, бұл азық-түлік тізбегінің бұзылуына әкеледі.

Сонымен қатар, парниктік әсерге және озон қабатының сарқылуына әсер ететін оттегі шығаратын және көмірқышқыл газын сіңіретін өсімдіктердің болмауына байланысты ауа ластанады. Жоғарыда айтылғандардың бәрін ескере отырып, қоршаған ортаның жай-күйі оның халықтың өмірі мен денсаулығына тигізетін әсеріне тікелей пропорционалды деп айта аламыз.

Жоғарыда айтқанымдай, озон қабатының күйіне теріс әсер ететін, оның сарқылуына әкелетін кейбір зиянды газдар бар, сондықтан озон тесіктерінің пайда болуына және озон қабатының бұзылуына жол бермеу үшін Үкімет өнеркәсіптік орталықтар мен зауыттардан атмосфераға шығарылатын CO_2 , CH_4 және т.б. сияқты қауіпті газдардың пайызын қалай азайтуға болатындығын ойластыруы

керек. Мысалы, кем дегенде кейбір салалар қазбалы отынның орнына биоотынды пайдалануға көшуі мүмкін, мысалы, біз автомобильдерге биодизельді қолдана аламыз, осылайша парниктік әсерге, озон қабатының сарқылуына және климаттың өзгеруіне әсер ететін CO_2 шығарындыларын азайта аламыз. Қазіргі уақытта кейбір зауыттар биоэтанолға көшті, бұл қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға көмектеседі, өйткені биоэтанол көміртекті бейтарап. Сонымен қатар, биоотын қайта-қайта өсіруге болатын жаңартылатын ресурстардан өндіріледі. Қазақстанда көптеген өнеркәсіптік орталықтар бар, кем дегенде 2 елдің әрбір өңірінде, осылайша, олардың кейбіреулері биоотынға ауысса да, біз озон қабатының сарқылуы немесе климаттың өзгеруі сияқты қайтымсыз салдарлардан аулақ бола аламыз.

Озон қабатының қалыпты күйін сақтау және оның жойылуына байланысты қауіптерді жою үшін жұмыс істеу өте маңызды, өйткені адамның өмір сүруінің және табиғи тепе-теңдіктің көптеген маңызды факторлары, мысалы, қоңыржай климат, оның ішінде жұмсақ температура мен ауа-райы жағдайлары да осыған байланысты.

Зерттеу әдісі

Мен сапалық әдісті қолданамын, өйткені маған сұхбаттан алатын қатысушылардың жауаптары қажет. Мен Назарбаев Зияткерлік мектебінің химия, биология және география пәндерінің мұғалімдері арасында сұхбат жүргіздім, өйткені оларда менде жоқ нақты білім мен тәжірибе бар.

Онда мен қатысушыларға ұсынатын сұрақтар жиынтығын дайындадым, бұл сұрақтар маған қатысушыларға ұсынатын жобалық жұмыс туралы білімді тарылтуға көмектесті:

1. Озон қабатының сарқылуына қандай факторлар әсер етеді?
2. Неліктен озон тесіктері адамзатқа қауіп төндіреді?
3. Озон қабатының бұзылуы Қазақстанға қандай проблемалар әкелуі мүмкін?
4. Озонның бұзылған деңгейіне байланысты қандай салдары болуы мүмкін?
5. Климаттың өзгеруіне әсер ететін парниктік әсерді қалай азайтуға болады?
6. Климаттың өзгеруінің қандай қауіпті салдары бізге әкелуі мүмкін?
7. Озон қабатын бұзу мәселесімен қалай күресуге болады?

Қатысушылардан жауап алу үшін мен жоғарыда аталған сұрақтармен сұхбат дайындап, оны мұғалімдерге тапсырдым. Қатысушылар сұхбатты бос уақытында немесе өздеріне ынғайлы

кез келген уақытта толтырып алады. Қатысушылардың барлық жеке ақпараты келісім түрінде жария етілмейді.

Менің негізгі зерттеу әдісінің артықшылықтары да, кемшіліктері де бар. Оң жақтарға жауаптардың толық көрінісі және олардың себептері жатады, сонымен қатар зерттеу әдісінің бұл түрін экологиялық сұрақтарға жауап беру үшін қолдануға болады. Ал әдістің кемшіліктердің бірі – бұл сұрақтардың мазмұны, әр сұраққа толық жауап беру үшін сұхбаттың қатысушылары көп уақыт бөлу қажет. Сонымен қатар, бақылаушылар жауаптарын түсіндірген кезде біржақты болуы мүмкін.

Тандалған зерттеу әдісінің арқасында мен тақырып бойынша білімді кеңейтіп, қойылған барлық сұрақтарға жауап бердім және жобаның аталған мәселелерін қалай шешуге болатындығы туралы бірнеше шешім шығардым деп үміттенемін.

Зерттеу қорытындысы

Мен қосымша ақпарат алу үшін жобамның тақырыбына қатысты сұрақтар бойынша сұхбат жүргіздім. Сұхбат арқасында, қатысушылары зерттеудің барлық сұрақтарына жауаптар берілді. Жоғарыда айтқанымдай, сұхбат қатысушылары менің мектебімнен химия, биология және 2 география мұғалімі болды.

Қазіргі нәтижелерге сүйене отырып, озон қабатын бұзатын факторларға қатысты алғашқы зерттеу сұрағына жауап беруге болады. Қазіргі уақытында осындай факторлардың бірі – бұл адамның іс-әрекеті. Мысалы, 1-ші сарапшы: «бұл әсер адамның іс-әрекеті арқылы қалыптасады», деп санайды. Сондай-ақ, бұл ақпаратты 3-ші сарапшысы осылайша растайды: «антропогендік факторлар, атап айтқанда озон молекуласына шабуыл жасайтын және бұзатын хлор фтор көмірсутектер». Озон қабатының бұзылуының тағы бір себебі – өнеркәсіптік орталықтардың белсенділігі. Бұл фактор туралы 2-ші сарапшының ойы осындай: «белгілі бір өндірістік кешендер атмосфераға озон қабатын бұзатын заттарды шығарады». Келесі фактор – ғарыш аппараттарын пайдалану. 2-сарапшы: «ғарыш аппараттарын пайдалану озон қабатын бұзады», ал 4-сарапшы: «зымырандарды ғарышқа ұшыру, әуе көлігі озон қабатын бұзады», деп санайды. Сондай-ақ, 4 сарапшысы: «парниктік газдар, мал шаруашылығының дамуы озон қабатының бұзылуына әсер етеді», деп санайды.

Сонымен, бұл мәселе адамдар үшін өзекті екенін білдіреді, кем дегенде менің сұхбат қатысушыларым озон қабатының жай-күйіне алаңдайды.

Зерттеу мәселесіне келетін болсақ, менің сұхбатымның барлық қатысушылары бұзылған озон қабаты Қазақстанға теріс әсер етеді, деп мәлімдеді. Мысалы, 2-сарапшы: «бұл барлық тіршілік иелері үшін апатты болады», деп болжайды. Келесі жағымсыз кемшілік – бұл күн радиациясының енуі. «Ультракүлгін сәулеленудің әсері адамдарда терінің қатерлі ісігін тудыруы мүмкін, дақылдарға зиян тигізуі мүмкін», – дейді 3-ші сарапшы. Екінші қатысушы: «күн радиациясы адамдарда, жануарлар мен өсімдіктерде мутацияға әкеледі», деп атап өтті. 4-ші мүшесі «жойылған озон қабаты климаттың одан әрі кебуіне себеп болады», деп санайды.

Жалпы сұхбаттың барлық қатысушылары озон қабатын бұзатын себептердің әсерін қалай азайтуға болатынын және Қазақстанда озон қабатын бұзуға әкелетін мәселелерді біледі.

Қазіргі уақытта озон қабатын бұзу өзекті және өте маңызды мәселе болып табылады. Сондықтан, қайталама зерттеулерге байланысты мен сапалық әдісті қолдандым, бірақ болашақта мен сандық әдісті таңдаймын, өйткені адамдар озон қабатын бұзатын факторларды білетіндігін немесе бұл сұрақ бізге қандай әсер етуі мүмкін екенін және бұл мәселені шешудің мүмкін жолдарын білетіндігін тексергім келеді. Мысалы, мен сауалнамалар арқылы қажетті ақпаратты алып, нәтиже ала аламын. Содан кейін, менің зерттеу мәселем туралы көбірек адамдарға хабарлау үшін мен осы тақырыпқа қатысты мақалалар мен әлеуметтік желілерде жариялай аламын. Алайда, озон қабатының бұзылуына әсер ететін факторларды және бұрын айтылған мәселенің алдын-алудың кейбір әдістерін көрсететін үйде жасалған бейне балама шешім болуы мүмкін. Сондай-ақ, жергілікті деңгейде мен сөйлеу алаңдарына қатыса аламын, онда мен экологиялық проблемалардың маңыздылығын сипаттап, адамдарды қоршаған ортамыздың жай-күйіне қамқорлық жасауға итермелеймін. Менің жобамның мазмұны озон қабатының бұзылуын және климаттың өзгеруін болдырмауда, парниктік әсерді төмендетуде маңызды рөл атқарады деп үміттенемін.

Қорытынды

Менің ойымша, жүргізілген зерттеудің өзіндік өнімділігі бар, өйткені мен барлық зерттеу сұрақтарыма жауап бердім және бастапқы және қайталама мәліметтер арқылы менің жобамның басында болған жеке көзқарасымды растадым. Жиналған мәліметтерге сәйкес, адам мен өндіріс орталықтардың қызметі климаттың өзгеруіне тура әсер етеді. Демек, бұл мәселе қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына теріс әсер етеді. Жаһандық салдарға келетін болсақ, мен бұл мәселенің салдары адамзат үшін өте зиянды болуы мүмкін

деп қорытынды жасай аламын. Сонымен қатар, жаһандық салдарлар туралы айта отырып, климаттың өзгеруін болдырмау бәріміз үшін қажет деп айта аламын. Қазіргі уақытта климаттың өзгеруі өзекті және өте маңызды мәселе болып табылады. Сондықтан, қайталама зерттеуге байланысты мен сапалық әдісті қолдандым.

Менің жобамның күшті және әлсіз жақтары бар. Мысалы, тақырыптың өзектілігі, зерттеудің сенімділігі күшті жақтарға әкелуі мүмкін, өйткені сауалнамаға қатысқан сарапшылар химия, биология, география саласында үлкен білімге ие, сондықтан олардың зерттеу саласына қатысты жауаптары дәлелденген және сенімді. Әлсіз жақтары: деректерді жинауға көп уақыт кетеді, мұғалімдер бос емес (мен олардың жауаптарын ұзақ күттім), кейбір мұғалімдер аудиожазбалар жіберді, іс жүзінде аудиожазбалар қажетті ақпаратты алудың ыңғайсыз әдісі болып табылады, өйткені, ең алдымен, мен олардың сөйлеген сөздерінің транскрипциясын жасап, содан кейін негізгі идеяны табуым керек еді.

Жалпы, зерттеу маған қанағаттанарлық нәтижелер көрсетті, бұл тақырып бойынша білімімді тарылтады. Сенімді ресурстар мен сарапшылардың пікірлері үшін арқасында, мен қойылған барлық мақсаттарға қол жеткіздім және жобаның өзектілігі тек Қазақстанда ғана емес, жаһандық деңгейде де маңызды деп қорытынды жасай аламын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстандағы мұнай-газ және көмір өнеркәсібі, 2013 ж., Қазақстандағы мұнай-газ және көмір өнеркәсібі туралы реферат https://www.yaneuch.ru/cat_110/azastanday-mnajgaz-zhne-kmnerksb/180432.1998926.page2.html

2 Нечем дышать! В каких городах Казахстана самый опасный воздух? - Новости Казахстана - свежие, актуальные, последние новости об о всем, 2018 г. <https://www.kazpravda.kz/news/obshchestvo/nechem-dishat-v-kakih-gorodah-kazahstana-samii-opasnii-vozduh>

3 Климат и энергия – BoschТермотехника, 2020 г. <https://www.bosch-climate.by/energy-efficiency/climate-and-energy.html>

4 “How many flights a day...”, 2018 8 <https://k100.space/vsya-pravda-o-samolyotax/>

5 “United Nations Framework Convention...”, 1997-2020 10 <https://legal.un.org/avl/ha/ccc/ccc.html>

6 Does Distance Affect the Solar Radiation the Planet Receives?, 2020 <https://sciencing.com/distance-affect-solar-radiation-planet-receives-2341.html>

ҚАРААҒАШ ТОҒАЙЫНЫҢ ЛАНДШАФТЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

АХМЕДЕН Д. Қ.

10 сынып оқушысы, ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Орал к.

БЕГЖАНОВА М. Б.

эксперт-мұғалім, ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Орал к.

Қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі – табиғи кешендерді табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен сақтау қалу. Осы мақсатта жабайы табиғаты сақталған Қараағаш тоғайының қазіргі жай-күйін зерттеу.

Қараағаш тоғайының ландшафтылық сипаттамасы. Бұл шаруашылық 1971 жылы құрылған. Бұлдырты өзенінің жоғарғы жағында 17,7 мың шаршы шақырым жерді және 900 шаршы шақырым қара-ағаш орман саяжайымен және Шыңғырлау ауданының Бигүл құм сілемдерімен шектесіп жатыр.

Қорық суббореалды семиаридті (далалық) ландшафт түріне және оның ішіндегі қоңыржай-құрғақ далалық типіне жатады. Жалпысырт қыратының шөлді аймағының солтүстік бөлігін алып жатыр. Бұл жерде құрғақ, бұдырлы және бекіген құмдар қалыптасқан. Олар күңгірт-күрең және ашық-күрең құмда кездеседі және желмен қайта қалыптасқан ежелгі дельталық құрылымдарды құрайды. Бұл жерден Бұлдырты өзені мен оған құятын салалар өз бастауын алады. Оңтүстікке қарай бұл құм ағаш-бұталы өсімдіктері бар лиман типті төмендеуге өтеді. Өзеннің сол жақ жағалауында өзіндік шатқалдар құрайтын шағыл-бұдырлы құм сақталған. Сондықтан қорық аумағында бұдыр құммен бекітілген жазық далалы ландшафт түрі қалыптасқан. Оның құрамына мына шатқалдар топтары кіреді: құмды жусанды, колхид шөгіндісі, Беккер сұлысы, бархан-бұдырлы құм шатқалдары және ағаш-бұта өсімдіктері бар лиман тәрізді төмен шатқалдар.



Сурет 1 – Қараағаш тоғайының көріністері

Климаты. Қорықша дала зонасына кіретіндіктен, климаты құрғақ, континенталды, жылдық жауын- мөлшері 250–270 мм. Жауын шашын жыл бойы әркелкі жауады. Сәуір мен қазан айларында қараша мен наурыз айларына қарағанда 2–3 есе артық жауады. Жылы күндер 200, салқын күндер саны 80. Орташа жылдық температура 4,2–4,5 °С, ең төменгі температура –43 °С, ең жоғарғы температура +42 °С. Ауа температурасы шұғыл ауысады, тек жылдар ғана емес, тәулік бойынша да өзгеріп отырады. Оңтүстік бағыттағы желдер басым, жел жылдамдығы жазға қарағанда қыс айларында жоғары болып келеді. Бұндай желдің режимі рельефтің аласаруына алып келеді және көктем мен жазда топырақты тез құрғатып, шанды дауылдарды тудырады.

Жер бедері. Жалпысырт қыратының солтүстік бөлігі ежелгі өзендердің арналарымен және Бұлдырты өзенінің бастауларымен, құмды беткейге байланысты тегіс пішіндерге ие, құмды массивпен шектесетін жеке тегіс қыраттарға бөлінген. Бұлдырты өзенінің сол жақ жағалауында ағаш өсімдіктері алып жатырған лимандық типтің едәуір төмендеуі пайда болған. Шығыстан бұл төмендеуге уатылған барханды-бұдырлы құмдар жақын болып келеді. Мұнда үрлеу қазаншұңқырларындағы ағаш және бұта өсімдіктері бар бекітілген бұдырлы құмдарды бөліп алуға болады. Шығысқа қарай олар өсімдіктері жоқ бархан типті құммен алмастырады.

Өсімдіктер дүниесінің таралу заңдылығы. Қараағаш сай-саласы Бұлдырты өзенінің сол жақ жағалауын суландыратын жайылма тәріздес, 300 метр ендік шамасындағы суармалы жерді алып жатыр. Оның батпақтанған орталық бөлігін қайың өскіндерінің салбырап тұрған көк терек пен тал шымылдығы, ара арасында шөңгіш, иілгіш, ит жүзім, мойыл, сирек кездесетін солтүстік қылқан

жапырақты орман, яғни шымтезек түзетін өсімдіктер, алмұрт ағашы, кырыққұлақтар, орхидея және т.б. өседі.

Орман ені 200–300 м құрап, өзеннің сол жағасында таспа тәрізді созылып жатыр. Кесек бетті шымтезек-батпақты топырақтарда төмендеудің төменгі бөлігін папоротникті және шөгінді қайың алады. Қайыңның тал және көктерекпен араласқан екі түрі кездеседі. Ағаштардың қалыңдығы 30–40 см болғандағы биіктігі 15–20 м. Едәуір қалыңдыққа байланысты ағаштар сымбатты, ұшар басының бекітілу биіктігі 3–4 м. Ұшарқыштың тұйықталуы 70–90 %. Құмға жақын тар жолақпен құрағы бар шөгінділер орналасқан. Бүкіл орман алқабы құммен қоршалған. Құмдар солтүстік және солтүстік-батыс бөлігінен бекітілген, ... шығыстан құмдар орманға жақындай түсті

Сілемнің биік бөлігін көк теректі тоғай, шалғайдағы тоғай шетін ағыл тегіс итмұрын, шілік, орман және дала бұталары, әр түрлі шөпті гүлдері қызғылт тал, шәй құрай т.б. бөліп тұр.

Әрі қарай орман сілемдерін сүйекті ағаш бірлестіктері, құм жусандары, бидайық тұқымдас мал азығы, қияк, сұлы, ал нағыз биік дөң төбелерде бұта, жүзгін, жіңішке шөптер қаптаған.




Солтүстік батысында және солтүстігінде олар дөңесті құмдарды жабады және біртіндеп бетегелі-ақ селеулі дала құмдарына ауысады. Шығысында шағыр алабы 100–150 метрге дейін кішірейеді, одан кейін жіңішке 25–100 метрге дейін қазақ аршасы, жел үрлейтін құмдар, ағашты-бұталы өсімдіктер шұңқырларда, аралдарда кездеседі. Жалпы алғанда шаруашылықтың аумағында өсімдіктің 138 түрі белгілі, соның ішінде солтүстік орман түрлері үстемдік етеді және 15 %-тей жерді құм және жағалау далаларды мекендейтіндер құрайды.

Шаруашылықтың аумағына байланысты жануарлар дүниесі онша бай емес, тек кең тараған белгілі түрлер мен бірнеше аймақтық түрлер кездеседі. Сүтқоректілердің 20 шақты түрлері, соның ішінде тышқан аулайтын кеміргіштер, саршұнақтар, ор қояндар және оларды аңдып жүретін кәдімгі түлкі, қарсақ, дала күзені, құмдарында алып соқыр тышқан ордасы алып жатыр, орман сілемдерінде қабан, бұлан/бұларды 1991 жылы аулауға тиым салынды/кейде қасқыр кездеседі. Құстардан уақытша келіп-кететін 50 шақты дала түрлері боз торғай, тас жегір, сирек те болса безгелдек, дуадақ, тырналар, дала бүркіті, үкі мекендейді. Бауырымен жорғалаушылардан 6 түрі, соның ішінде батпақ тасбақасы, дөңгелек бастылар, құйрықты жыбырлағыштар, кесірлер, даланың улы жыланы кездеседі. Қос мекенділерден жасыл құрбақа, көлбақа, сарымсақ жегіштер, ал балықтардың 5–6 ғана түрі мекендейді [1, 149 с.].

Бұлдырты өзенінің аңғарында қоңыр құмды жолақтың түйіскен жерлерінде, сонымен қатар тоғайдың барлық периметріндегі жоғарғы беті ұсақ қоңыр түске ие. Оған себеп жерастында тіршілік ететін алып көртышқандардың топырақтарды 40 см-ге дейін жер бетіне лактырып отыруынан болады.


Топырақтың морфологиялық құрылымын зерттеу үшін далалық жағдайда тік қазылған шұңқырларды пайдаланады. Бұл әдісті алғаш рет В. В. Докучаев қолданған, осы күнге дейін бұл топырақтануда негізгі әдіс болып қалды. Шұңқырды қазып, оның бетін тегістеп, оған күн сәулесін түсіріп қараған кезде топырақтың бірнеше қабаттарға бөлінгені байқалады. Топырақтың әр қабаты өзіне тән сыртқы пішінмен сипатталады. Осы қабаттардың түріне қарап, топырақтың түзілу процесі туралы көп мәліметтер айтуға болады. Әр түрлі топырақ элементері де осылай бір-бірінен ажыратылады. Біздерде осы әдіс арқылы топырақ қимасын алып оның морфологиясы мен химиялық құрамын зерттедік.

Кесте 1 – Қараағаш тоғайы топырағының морфологиясы

Түсі	Құрылымы	Тығыздығы	Механикалық құрамы
Шалғынды-қоңыр	Кесек дәнді	Беткі қабаты борпылдақтау	Иірілу деңгейі орташа
			

Кесте 2 – Қараағаш тоғайы топырағының химиялық құрамы

Химиялық қосылыстар	Ca ⁺	BaCl ₂	HCl	AgNO ₃	Cu+H ₂ SO ₄
бар/жоқ	бар	Сульфид ионы жоқ	²⁻ CO ₃	Фосфат ионы жоқ	- NO ₃
белгісі	Жалын қызыл түске боялды	Ертінді түсі өзгермеді	Газ бөлінді	Ертінді түсі өзгермеді	Ертінді түсі өзгерді



Қараағаш тоғайындағы табиғи кешендердің өзгеруіне әсер етуші факторлар. Жел эрозиясы мен антропогендік факторлардың әсерінен құмды топырақтардың бұзылуы байқалуда. Өткен ғасырдың соңында (1890–1891 гг.) Қараағаш шаруашылығының құрылуы, осы территориядағы өсімдік және жануарлар жамылғысының сақталуына септігін тигізді. Тап осы мақсатпен, жүзжылдықтың тоқсаныншы жылдары, осы жерде аң аулау шаруашылығы құрылды. Орман массивтерін қорғау, оның маңына ағаш және бұталар жамылғысын орналастыруға ықпал етті. Жануарлар әлемі толықтырылды: көртышқан сақталды және көбейді, осы жерде бұлан қоныстана бастады, ал еліктер климатқа бейімделді [3, 89 с.].

Бұл жердегі таза судың және жайылымды жерлердің шұрайлы болуы адамдардың осы жерді көбірек пайдалануына әкеліп отыр. Әсіресе әсем табиғат пен тоғайдың территориясындағы Қыз Әулие бұлағы жазғы уақыттарда демалушылардың санын көбейтуде. Демалушылар санының көбеюі осы уақыттарда тоғайдың ішінде қоқыс қалдықтарының көбеюіне әкеліп отыр. Біздер экспедиция барысында демалушылардың көп екендігін көріп кеттік. Өрт қауіпсіздігін сақтамай әртүрлі тағамдарды отқа пісіру де өз кезегінде тоғайға өрт қауіптілігін тудырып отыр. Тоқай жанындағы Қараағаш ауылын тұрғындары өрт жиі болатынын атап кетті. Өртке тек жазғы кезеңдегі табиғи күштер ғана емес адамдардың үлесі бар екені айтып өтті. Күнделікті болып тұратын желдер бұл жағдайды күшейтіп отырады. Батыс Қазақстанның климатына сай, мерзімлі құрғақшылықтар, құмдардың бекітілуін әлсіреткен және оның нәтижесінде, ағаштар және бұталар құрап кетіп отырғаны да көрінді.

Зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты жергілікті жердегі жабайы табиғаты сақталған, өсімдіктері мен жануарлар дүниесі ерекше қорғауды қажет ететін Қараағаш тоғайының ландшафтысын кешенді зерттеу және қазіргі таңда демалушылардың үлкен қызығушылығын тудырып отырған тоғай аймағының экология ахуалын жақсарту жолдарын ұсыну. Ол үшін бірнеше зерттеулер жүргіздім. Ең басты зерттеуім жазғы каникулда арнайы зерттеу мақсатымен Қараағаш

тоғайына жасаған экспедициям. Бұл экспедиция барысында Қараағаш тоғайының орналасқан аумағында бақылау жасап, өсімдіктер дүниесімен танысып, өсімдіктер гербарийлері жинақталды. Сонымен қатар тоғайдың топырағының кимасын алып, морфологиялық ерекшеліктерін, химиялық құрамы зерттелді. Зерттеу нәтижесі бойынша тоғайдың топырақ құрамының ерекшелігі ондағы өсімдіктер дүниесінің таралуы заңдылығымен тығыз байланысты екені анықталды. Қазіргі таңда тоғай аумағындағы көркем табиғат, Қыз Әулие бұлағының шипалы суы жазғы маусым кезінде демалушылардың санын көбейтіп отырғаны көрінді. Бұл өз кезегінде тоғайдың экологиялық ауалынын табиғи факторлармен қатар антропогендік факторлардың әсерінің күшейіп отырғанын көрсетті. Осы мақсатта жұмыстануды қажет ететін бірнеше бағыттар анықталып, алдағы уақытта тоғай территориясын туризм орталығына айналдыруға мүмкіндік беретін жоспар құрылып ұсыныстар көрсетілді.

Бағыттары:

- Қараағаш тоғайының ландшафтысын толығырақ зерттеу
- Топырақ құрамына кешенді зерттеу жүргізу
- Топырақ эрозиясынан қорғану шараларын күшейту
- Тоғай территориясындағы ағаштар санын көбейту
- Өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауды күшейту
- Жергілікті халықтың арасында туризмді насихаттау
- Тоғай аумағында демалушыларға арнайы орындар құру
- Туризм орталығын құру жоспарын ұсыну
- Елді мекенге жергілікті билік орындарының көмегімен жел электр қондырғыларды орнату мүмкіндіктерін қарастыру
- Көпшілікке үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы экологиялық сана, ойлау, әдеп, мәдениет қалыптастыру

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ахмеденов К.М., Рамазанов С.К., Киндербаева Д.А. «Ландшафты Западного Казахстана: очерки об объектах природного наследия» Монография Издательство «Перо» Москва 2015, 149стр.
- 2 П.В.Дебело, В.П.Фомин, Т.Н.Мазяркина «Акжайықтың қорықтары» (қорғалатын басты бөліктер) Орал қаласы, 2000 жыл, 40-бет
- 3 Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда Западно-Казахстанской области г.Уральск, 1998г., 89 стр.

4 Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері «Шыңғырлау ауданы» Орал, 2005
 5 Орал өңірі «Шыңғырлау ауданы» 29 шілде 2010 жыл
 6 Егемен Қазақстан «Шыңғырлаудың жеті кереметі» 6 тамыз 2019 жыл

ЕКІБАСТҰЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАСЫН ҚАЙЫҢ АҒАШЫНЫҢ ЖАПЫРАҚТАРЫНЫҢ КҮЙІ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ

ӘБДИНАБИ Ф. Ә.

9 «Ә» сынып оқушысы, № 26 гимназия мектебі, Екібастұз қ.

ДИХАНБАЕВА К. Қ.

биология пәннің мұғалімі, № 26 гимназия мектебі, Екібастұз қ.

Қайың (*Betula*) – қайындар тұқымдасына жататын жапырақ тастайтын бір үйлі ағаш және бұта. Қазақстаннан Тобыл-Есіл, Ертіс бойында, Ақмола, Ақтөбе облыстарында, Жем, Зайсан алабында, Жетісу (Жоңғар), Іле Алатауларында өсетін 15 түрі бар.

Сыртқы ортаның ластану немесе абиотикалық фактор өсімдіктің барлық метамерлі мүшелерге әсер тигізеді. Өсімдіктің өсу процесі жалпы бірнеше Физико биохимиялық процестерден тұрады. Өсімдіктер әр түрлі ірі өзгерістерге ұшырайды (әсіресе жапырақтың көлемі) және олардың реакция жылдамдығының диапазоны өте кең. Мысалы, ағаштарды кескеннен кейін жапырақ тақтасының көлемі өте күшті өзгереді, себебі осы кезде тамырдың органикалық заттары мен фитогормондары қалып қойған жапырақтарға қарай жылдам тасымалданады да бұйыққан бүршіктер ашыла бастайды. Сонымен бірге, ұзақ көктемгі құрғақшылықтан жапырақ тақтасының көлемі айтарлықтай төмендейді.

Соған байланысты, биоиндикацияны жүргізу үшін зерттеуге алынған жапырақтардың саны жоғары болу қажет (жапырақтың үлгілердің саны 50-ден астам).

Әрбір зерттеу аймақтан, яғни:

- 1 Жасыбай;
- 2 М. Әуезов көшесі;
- 3 Шахтер саяжайы;
- 4 Абай көшесі;
- 5 М. Жүсіп көшесі;


Белгілі бір ағаштардан 100 жапырақтар (10 ағаштан 10 жапырақ) алынған. Әрбір өсімдікті талдау үшін, жұлып алынған жапырақтарды бөлек (жеке) сақтайды. Жапырақтарды сағақтан байлап, полиэтилен пакетке салады да, этикетка жасайды. Этикеткада жұлып алынған жапырақтардың үлгісін, алынған жерін, аймақтақ сипаттамасын және алынған уақытын белгілейді.

Жапырақтардың флукутирулық (кұбылмалы) ассиметрия (ФА) арқылы қала экологиясының сапасын, яғни жапырақ тақтасының морфологиялық құрылымына антропогенді ластанудың әсерін және көрсеткіштердің ластану көздерінен арақашықтығының тәуелсіздігін анықтайды. ФА дегеніміз жапырақтың оң және сол жақтың шамалас бағытсыз айырмашылықтар және ол ағзаның (жапырақтың) жеке даму кезіндегі өзгерістердің (аномалиялардың) нәтижесі [1, 24 б.; 2, 15 б.].

Қоршаған ортаның қалыпты жағдайда осы өзгерістер минималды, ластанудың теріс әсері жоғары болса, аномалиялар жиі кездесіп, ассиметрия көрсеткіштері максималды болады.

ФА көрсеткіштері ағзаның тіршілік әрекеттердің төмендеуіне әсер етпей қоршаған ортаның ластану аздаған дәрижесін көрсетеді.

Объектінің пайдаланудың ең негізгі шарты – мүшенің билатералды симметрияның болуы, мысал, жапырақтардың оң және сол бөліктері.



Қоршаған орта сапасын бағалауға арналған жапырақ морфологиялық белгілердің сызба нұсқасы

Қала ортаның сапасын анықтау үшін ағаштармен бірге бір және көпжылдық шөптесін өсімдіктерді пайдаланады. Шөптесін өсімдіктерді тек қана көлемі аз аймақтарды, ал ағаштар ірі аймақтарды зерттеуге алады [3,102 б.; 4,75 б.].

1-жапырақтың оң және сол жақтарының ені;

2-екінші реттік жүйкенің ұзындығы, жапырақ негізінен бастап екінші жүйке;

- 3-алғашқы және екінші реттік жүйкелер негіздерінің арақашықтығы;
 4-осы жүйкелердің шеттерінің арақашықтығы;
 5-негізгі (ортаңғы) мен екінші реттік жүйкелердің бұрышы



Сурет 1


Зерттеуді жүргізу үшін келесідей операциялар жасалады. Өлшеу үшін қайың жапырағының ішкі жағын жоғары қаратып орналастырады. Жапырақтың ішкі жағы деп өркен төбесіне қаратылған жағын айтады. Әрбір жапырақтың оң және сол жақ бетінен 5 өлшеу белгілері бойынша көрсеткіштер алынады.

Жапырақтың оң және сол жақ бөліктерін өлшеу үшін жапырақты жапырақ пластинкасы негізімен қоса бүктейді. Сосын жапырақты қайтадан жазып, пайда болған қыртыста орталық жүйкеден шетіне дейін өлшейді.

Зерттеу үшін циркуль-өлшегіш, сызғыш және транспортир қажет. 1–4 өлшеулерді циркуль-өлшегішпен, ал 5-ші көрсеткішті транспортирмен өлшейді. Ол үшін транспортирдің терезесі негізінің ортасын орталық жүйкенің 2-ші қатарының 2-ші жүйкесінің нүктесімен беттестіреді. Зерттеу нәтижесі кестеге түсіріледі.

Кесте 1

Көміртек оксиді	0,08	2,3	0,004	0,09	3,4
Азот диоксиді	2,61	70,5	2,78	66,2	0,136
Фторсутек	0,05	1,3	0,06	1,4	0,0076
Ауаның ластану индексі (ИЗА)	3,7		4,2		4,2



Сурет 2 – Жасыбай, Шахтер саябақ, Абай көшесі, М. Жүсіп көшесі

Зерттеу нәтижелерін өңдеу және қорытындылау

Өлшейтін белгілер үшін өсімдіктерде ассиметрия үлкендігі он және сол жақ промерлердегі айырмашылықпен өлшенеді. Өлшеу белгілері кешенінің тұрақты дамуының интегралды көрсеткіштері болып 2 жақ бетінің салыстырмалы айырмашылықтарының орташа мөлшері саналады. Бұл көрсеткіш қолданылатын белгілер санына жататын әрбір дараның барлық белгілері бойынша ассиметрияның салыстырмалы орташа арифметикалық саны сияқты саналады. Мұндай өңдеу схемасы өсімдіктерде қолданылады.

Жапырақ тақтасының оң және сол бөліктерінің көрсеткіштері өлшенді. Жапырақ тақтасының екі жақтың айырмашылығының өлшемі барлық белгілердің тұрақты дамуының интегралды көрсеткіші болып есептелінеді.

ФА көрсеткіші ондық бөлшек түрінде өрнектеледі, яғни оң және сол жақтардық сипаттамалардың айырмашылықтарының бірдей өлшемдерінің қосындысына қатынасы. Популяция көрсеткіші осы шаманың арифметикалық ортасы ретінде көрсетіледі. Анықталған нормадан ауытқу дәрежесін бағалау үшін ФА көрсеткіштері негізінде аумақтың ластану деңгейін сипаттайтын нүктелік шкала қолданылады [4, 85 б.].

Организмнің жай күйінен ауытқуды дамудың тұрақтылығының интегралдың көрсеткішінің мәні бойынша бағалау шкаласы.

Зерттелген аймақтардың орташа көрсеткіштері

Зерттелген сипаттамалардың орташа мәндері *Betula pendula* Roth үлгілерінде

Кесте 2

	Морфологиялық белгі	Зерттелген аймақтар			
		№ 1	№ 2	№ 3	№ 4
1	Сағақтың ұзындығы	21.19	28.05	22.56	16.38
2	Жапырақ тақтасының ені	48.98	45.90	42.87	43.02

3	Жапырақ тактасының ұзындығы	69.11	61,06	57,48	74.52
4	Жапырақ тактасының оң жақ ені	23.42	28.10	19.06	22.01
5	Жапырақ тактасының сол жақ ені	22.99	21.53	20.89	19.98
6	Оң жақтың екінші жүйкесінің ұзындығы	38,12	36,02	27,12	39.76
7	Сол жақтың екінші жүйкесінің ұзындығы	37.05	34.85	30.09	39.82
8	Оң жақ 1-2 жүйкелерінің негізінің ара қаш.	8.45	5.97	7.53	5,83
9	Сол жақ 1-2 жүйкелерінің негізінің ара қаш.	13,45	5.05	5.19	6.02
10	Сол жақтың 1-2 жүйкелерінің ұштарының ара қаш.	14.00	12.87	11,47	14,07
11	Оң жақтың негізгі ж/е екінші жүйкелердің арасындағы бұрышы	38.26	32,25	30.76	37.16
12	Сол жақтың негізгі ж/е екінші жүйкелерінің арасындағы бұрышы	43.06	39.97		

Кестедегі алғашқы үш белгі ешбір есептеуге алынбайды, себебі осы морфологиялық белгілер мен ФА көрсеткіштердің тәуелділігі әлсіз болғандықтан, корреляция өте төмен болады.

Өлшемді жасап болғаннан кейін әрбі белгінің ФА салыстырмалы көрсеткіші анықталады. Ол үшін:

$|Л-П| / |Л+П|$, Л жапырақтың сол жағы; П- жапырақтың оң жағы .

Шыққан нәтижелерді кестеге саламыз:

Кесте 3

	Белгінің номері					Ассиметрияның көрсеткіші
	1	2	3	4	5	
1	-0,009	-0,01	0,23	-0,02	0,06	0,0502
2	0,02	0,04	0,05	-0,08	-0,10	-0,014
3	0,05	0,05	-0,18	0,09	-0,007	0,006
4	-0,05	0,0007	0,02	-0,04	0,01	-0,0593
5	-0,13	-0,01	-0,08	-0,004	0,10	-0,0232

Содан кейін әрбір жапырақтың ассиметрияның көрсеткіштерін есептейді. Ол үшін ассиметриялардың барлық көрсеткіштерін беске бөледі, яғни белгілердің санына.

Ең соңында тұрақты дамуының интегралды көрсеткішті, яғни әрбір белгі бойынша екі жақтың айырмашылығының орташа салыстырмалы санын анықтайды. Ол үшін жапырақтың ассиметрияның көрсеткіштерін 10-ға бөледі. Есептелген көрсеткіштер үтірден кейін үш сан алынып дөнгелектенеді. Барлық зерттелетін

аймақтар ФА көрсеткіштері «қала экожағдайы қалыпты» деген бағалаудан ($<0,040$) жоғары деп сипатталады. Ең жоғары көрсеткіші ($0,055 \pm 0,002$) қаланың М. Жүсіп көшесі, Абай көшесі анықталған, ол шкала бойынша V-ке сәйкес. Қалған зерттелген аймақтар 111 баллмен бағаланады, ФА көрсеткіштері – $0,045$ дейін $0,049$. Ең төменгі көрсеткіші Шахтер саябақ, Жасыбай анықталған – $0,045 \pm 0,001$.

Қорытынды Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы өте зор болып келеді. Олар қоршаған ортаны тазалау қызметін атқарады, эстетикалық жағынан да пайдалы, сонымен қатар адам өміріне қолайлы экологиялық жағдай қалыптастырады. Олар шаң тозан, ауаның газдардан, желден, шумен күресіп, ағаштардың фитонцидтік күші жоғары, ауаның жылу режимі мен ылғалдылығына әсер етеді. Қазіргі кезде ағаш тектес өсімдіктердің қауіпті жағдайына көп көңіл аударылып отыр.

Адам өзінің даму барысында қоршаған ортамен тығыз байланыста болды. Жоғары индустриалды қоғамда адам табиғатқа араласқаннан бері жағдайы кенеттен нашарлай бастады, бұл араласу көлемі көбейе түскен соң, қазіргі уақытта адамзатқа алуан түрлі қауіп төніп тұр. Жердің биосфера қабатына антропогенді қауіп төніп тұр.

Көше бойы мен саябақтардағы шіріген, қурап қалған ағаштар мен бұталардың орнына жаңа көп жылдық ағаштар, атап айтқанда: қарағай, қайың, терек, емен, және басқалары молырақ отырғызу қоршаған ортаға септігін тигізеді.

Жапырағы жайқалған өсімдіктер мен ағаштар денсаулыққа пайдалы, олар ауаны тазартады, көмірқышқыл газын жұтып, ауаға оттегі бөліп шығарады

Стандартты нормадан ауытқу масштабына сәйкес зерттелетін аудандардағы ластану деңгейі анықталады. Ең ластанған аумақтар қала орталығында, көлік ағыны көп көшелер бойында орналасқан Қаланың зерттелген нүктелеріндегі ластану деңгейі III-тен V-ге дейін, бұл бізге осы аудандарды ластанған деп сипаттауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Биологический контроль окружающей среды: биоиндикация и биотестирование: учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений/ О.И. Мелехова, Е.И. Сарапульцева. Т.И. Евсеева и др; под ред. М.:Издательский центр «Академия», 2008

2 Бязров Л.Г. Лишайники в экологическом мониторинге. М.: «Научный мир», 2002.

3 Кулаков В.Г. Кустистые и листоватые лишайники Нижнего Поволжья. Волгоград, 2002.

4 Фаламтор ресурстары <https://stud.kz> <https://kerekinfo.kz>

БУМАГА – В РЕВОЛЮЦИИ МУСОРА

БАЛАШОВА Е. А.

ученик 2 «Б» класса, Гимназия № 3 для одаренных детей, г. Павлодар

Аннотация

На сегодняшний день в Казахстане объем накопленных твердых бытовых отходов (ТБО), по экспертным оценкам, составляет 25 млрд тонн. Эти цифры продолжают расти, если не принять меры. Одной из них является переработка бумаги, но с ней дела обстоят нелучшим образом: только 5 % перерабатываются, остальные же 95 % помещаются на полигоны для хранения и захоронения. Между тем на заседании правительства в начале года министр экономики и бюджетного планирования Ерболат Досаев сказал: «Если мы говорим о реализации концепции по вхождению в тридцатку наиболее развитых государств, то понятно, что проблема утилизации ТБО становится одной из самых важных» [1, с. 15]. Однако на сегодня мусор медленно ищет себе «вторую жизнь», невзирая на звучащие с трибун лозунги о необходимости перехода к зеленой экономике.

Ключевые слова: переработка, целлюлоза, бумага, отходы, вырубка лесов

Вырубка лесов – это процесс, при котором лес валят с определенной целью. В нашем случае для производства бумаги [2, с.124]. Примерно 7 284 000 гектаров лесных массивов вырубается в мире ежегодно. Лесодобывающие компании рубят тропические леса, уничтожая все или почти все деревья. Среди лесных деревьев и их ветвей обитают животные, и там же они находят пищу. Вырубка леса уничтожает эту экосистему.

Более 3 000 видов животных обитает в тропических лесах Индонезии. Включая и исчезающие виды, такие как суматранский тигр, слоны, носороги и орангутаны.

По мере уменьшения площади лесного полога уменьшается численность живущих там животных и людей.

Лесодобывающая промышленность – источник загрязнения окружающей среды. Сжигание и вырубка дают выбросы углекислого газа. А вырубленные деревья, понятное дело, уже не способны поглощать тот самый углекислый газ.

Весь мир беспокоит эта ситуация. Может, есть другие решения?

Ежегодно в мире для производства бумаги вырубается 270 000 деревьев. 10 % идет на производство туалетной бумаги.

Исследование показало, что человек проводит в среднем три года жизни в туалете. А это так много бумаги. И так много времени.

До 1850 года бумагу делали из переработанной ткани, например льна или хлопка. Переработанное тряпье было очень популярным товаром. До распространения бумаги использовался пергамен, но он стоил очень дорого. Его изготавливали из кожи, и на одну книгу могло уйти до 300 овечьих шкур. Производители бумаги экспериментировали с самыми разными волокнами. Например, с соломой, или деревом. С тех пор мы производим бумагу из деревьев.

Для приготовления 1 тонны офисной бумаги необходимо 24 дерева, 10 061 кВт*ч электричества, 2 574 л нефти, 400 мл воды на каждый лист, 200 или около различных химикатов для превращения древесины в целлюлозу, а также главным составляющим является перекись водорода для отбеливания и двуокись хлора.



Рисунок 1 – Стадии переработки бумаги

В результате получается 200 000 листов, или 400 упаковок бумаги. Остается из 1 тонны 72 207 л сточных вод и 1033 кг твердых отходов [3, с. 24]. Кроме того, сжигание угля при производстве бумаги создает парниковые газы, а 1 тонна бумаги на свалке превратится почти в 1,5 тонны CO₂.

В нашем классе имеется урна для бумажного мусора [4, с. 315]. Также в нашей семье не принято выбрасывать бумажную продукцию в мусорный контейнер. Мы сдаем макулатуру на переработку.




Рисунок 2

Что же происходит с макулатурой? На грузовиках бумагу перевозят в центр переработки, где ее сортируют и оценивают, после отправляют в гидроразбиватель. Гидроразбиватель – это такой огромный бак с водой и химикатами. Там бумага измельчается на маленькие кусочки. Полученная масса проходит проверку на клей и скрепки и следует в центрифугу, огромный конусообразный барабан. Всё, кроме бумаги, просто проваливается через дно [5, с. 25]. Целлюлоза очищается от краски мыльным раствором, а затем отбеливаются при помощи водорода, двуокиси хлора или кислорода. Волокна целлюлозы опрыскивают водой и наносят на проволочные экраны, где они высыхают и соединяются между собой, образуя листы. Для просушки листы прогоняют через металлические барабаны, а затем сматывают в огромные рулоны. Рулоны могут весить 18 145 кг.



Рисунок 3 – стадии переработки макулатуры

Несмотря на то, что государство перерабатывает довольно много бумаги, она все еще составляет 30 % от объема мусора на свалках. И действительно переработка бумаги уменьшает вырубку лесов, обработку и образование отходов в процессе. Однако на переработку так же необходимы ресурсы: тонна новой офисной бумаги = 90 850 л воды, тонна переработанной бумаги = 45 452 л воды. Это вдвое меньше, но все равно очень много. Правило трех П – переработать, повторно использовать, сокращать потребление. Лучше всего эти три П работают вместе.

Но переработке подвергаются не все виды бумажной продукции. Нельзя перерабатывать бумажные салфетки и кухонные полотенца (но их можно отправить в компост), вощеную бумагу, картон с пластиковой подложкой (например, от замороженной продукции), бумагу с пластиковым, металлическим или другим покрытием.

Представьте, у вас есть целый лист бумаги и несколько обрывков [5, с. 25]. Что из этого вы отправите на переработку? И то и другое! Однако не все так делают! Исследования показали, что целые листы обычно перерабатывают, а обрывки выбрасывают. Мы, люди, почему-то склонны перерабатывать то, что выглядит всё еще пригодным.

В скором будущем появятся новые технологии, которые позволят серьезно увеличить количество циклов переработки макулатуры, благодаря чему снизится количество вырубаемых деревьев и улучшится экология.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Иванов, С.Н. Технология бумаги / С.Н. Иванов. – М. : Лесная промышленность, 206.-696с.
- 2 Лаптев, Л.А. Практикум по технологии и оборудованию целлюлозно-бумажного производства: учеб.пособие для техникумов /Л.А. Лаптев. – М.: Экология, 1991. – 208 с.
- 3 Примаков, С.Ф.Производство бумаги /С.Ф. Примаков . – М. : Экология , 1991. – 324 с.
- 4 Фляте, Д.М. Технология бумаги и картона/Ф.А Шитов. - М.: Высшая школа, 1998.- 372с.
- 5 Бурдин Н.А., Кашуба В.В. Технический уровень производства в лесозаготовительной промышленности [5, с 19] / Лесная промышленность. М., 2000. С.19-25. 4. Бурдин Н.А., Шлыков В.М., Рыженков А.И. Основные направления реструктуризации лесопромышленного комплекса России. /Лесной экономический вест-ник. 1998.

6 Давыдов Г. Е. Организация производства на предприятиях деревообрабатывающей промышленности [6, с. 46] / Московский государственный университет леса. М., 2009. С.46-54.

7 Королькова Е.М. Реструктуризация предприятий / Учебное пособие. Тамбов: Изд-во Тамб. гос. техн. ун-та, 2007. 7. Макарова В.В. Формирование механизма лесопользования в регионе. / Диссертация на соискание ученой степени кандидата наук. Библиотека БГУЭиП. Иркутск. 1999.

8 Передельский Л.В., Коробкин В.И. Экология в вопросах и ответах. – Ростов, 2002.

9 Уткин А.И. Глобализация: процесс и осмысление. – М.: Логос, 2001. – С. 70-73

10 Шитов, Ф.А. Технология бумаги и картона /Ф.А. Шитов. – М.: Высшая школа, 1998.-372с.

ВТОРАЯ ЖИЗНЬ ЖЕСТЯНЫХ БАНОК

БАЛТАБАЕВ А. К.

ученик 9 «С» класса, Назарбаев интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар
БАЛГИНА С.К.

учитель-модератор биологии,

Назарбаев интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар

В нашей работе затронута тема, которая актуальна сейчас, это «Загрязнение планеты бытовыми отходами», а именно загрязнение нашего Павлодара жестяными банками и пути их решения.

Процесс образования кислорода происходит в результате фотосинтеза. В процессе фотосинтеза газообмен между растениями и окружающей средой происходит через устьицы [5, с. 6]. Я видвинула гипотезу чем больше устьиц на листьях растений тем больше кислорода оно вырабатывает в процессе фотосинтеза. Используя методики, приведенные в учебнике Воробьева В. Н., Невмержицкая Ю. Ю., Хуснетдинова Л. З. [6, с. 25], я посчитала количество устьиц на наиболее распространенных комнатных растениях. Данные заносила в таблицу № 3 (см. приложение к исследованию). *В таблице приведено среднее значение количества устьиц, подсчитанных с нижней и верхней стороны листа. Что бы рассчитать количество выделяемого кислорода растениями я взяла

пример расчета из статьи в пресс-релиз от 24 июля 1998 года проект реабилитации Коогаганг водно-болотных угодий, Ньюкасл, Новый Южный Уэльс [7, с. 2]. В статье дается такой расчет, что чистый выход кислорода из дерева около 2,5 моль на квадратный метр площади листьев в сутки. Данный расчет будет приблизительным подсчетом из расчета, того что растения получают 10 часов солнечного света в день и при этом у них достаточный уровень воды, света, температуры и питательных веществ.

Можно предположить, что комнатные растения могут производить кислород как и деревья, значит это будет 5 молей кислорода на квадратный метр зеленого листа в день. Растениям для дыхания приблизительно нужно половина этого кислорода, поэтому в среднем растения будут производить 2,5 моля кислорода в день.

По данной методике я могу приблизительно узнать, сколько кислорода может выделить растение в зависимости от общей площади листьев. Взяла растение Гибискус. Нашла суммарную площадь его листьев, она равна 12500 см^2 . $1 \text{ см}^2 = 0,0001 \text{ м}^2$, значит, $12500 \text{ см}^2 = 1,25 \text{ м}^2$ 1 м^2 листьев выделяет 2,5 моль кислорода $1,25 \text{ м}^2$ листьев выделяют X моль кислорода $1 \cdot X = 2,5 \cdot 1,25$. $X = 3,125$ (моль) 1 моль любого газа при нормальных условиях занимает объем 22,4 л 2,93 моль займут $X \text{ л}$ $1 \cdot X = 3,125 \cdot 22,4$ $X = 70$ л. Растение Гибискус за сутки выделит 70 л. кислорода. Таким способом я рассчитала количество кислорода, выделяемого другими комнатными растениями. Таблица № 4 (см. приложение к исследованию). *В таблице приведены данные растений средней величины.

4 Прибор для очистки воздуха и обогащения помещения кислородом.

При изучении полезных свойств растений я решила, что можно использовать фильтрационные свойства растений более эффективно. Для этого я изобрела прибор для очистки воздуха на основе растений. Это устройство совмещает в себе очиститель воздуха и небольшую емкость для выращивания растений. Система перегонки воздуха усиливает фильтрационные свойства растений, благодаря чему происходит поглощение вредных летучих соединений. Помещение насыщается не только ионами кислорода, но и частично озонируется. Тихий вентилятор прогоняет воздух через листья. Если поместить в очиститель фитонцидное растение, то можно помимо очистки и дезинфицировать воздух от патогенных микроорганизмов [8, с.102].



Рисунок 1

Испытание прибора № 1

В чашку Петри была помещена культура инфузории в небольшом помещении и был включен, изобретенный прибор, с растением Хлорофитум. В течении 4 часов культура инфузории стала не жизнеспособной [9, с. 125].

Испытание прибора № 2

В стеклянном шкафу было измерено количество кислорода с помощью свечки, воды и полого цилиндра. Свеча горела в полом цилиндре пока не закончился кислород, вода поднялось на уровень содержания кислорода в воздухе. После 7 часовой работы прибора сделали замер кислорода тем же методом. Объем кислорода увеличился в среднем почти в два раза. Замеры проводили три раза [10 видео опыта].

Проведенными испытаниями прибора установлено его эффективность использования как для обогащения кислородом помещений так и для уничтожения вредоносных микроорганизмов. Очиститель воздуха идеален для любой комнаты или офиса и может работать целый день. В плюсах также низкое энергопотребление, отсутствие сменных фильтров и возможность установить в новинку любое домашнее комнатное растение. Экологически чистый очиститель использует природные способности растений для производства кислорода и удаления вредных веществ из окружающей среды.

Выводы и рекомендации

Я выявила, что клеточный сок разных видов комнатных растений проявляет различную фитонцидную активность. Наибольшую активность фитонцидов тканевого сока отмечается у бегонии тигровой, хлорофитума хохлатого, каланхое, сансивиерии трехполосой, лимонного дерева.

Наиболее высокую активность фитонцидов в летучей фракции проявили растения Лимонное дерево, хлорофитум, каланхое, бегония тигровая.

Основываясь на результаты проведенных исследований растений и испытаниях прибора для очистки воздуха можно дать рекомендации по эффективному использованию комнатных растений для улучшения качества воздуха в жилых помещениях. Выше перечисленные свойства растений можно усилить в несколько раз, если эти растения использовать в изобретенном мною приборе.

Наиболее эффективными комнатными растениями из широко распространенных являются: хлорофитум, который обладает и большим бактерицидным эффектом;

бегония тигровая; лимонное дерево, у которого декоративность сочетается с высокой фитонцидной активностью; каланхое не отличается декоративностью, но обладает высокой фитонцидной активностью; широкие листья монстеры привлекательной прекрасно увлажняют воздух и выделяют фитонциды; сансивиерия трехполосая обладает достаточно высокой фитонцидностью и способностью поглощать токсины из воздуха;

ЛИТЕРАТУРА

- 1 «Экологическая безопасность в городе» 1996 г. В.В. Горбовский, Н.Г. Рыбальский
- 2 «Влияние окружающей среды на здоровье человека» ВОЗ, Женева 1974 г.
- 3 Токин Б.П. «Целебные яды растений. Повесть о фитонцидах.» – Л.: изд.-во универ., 1980.
- 4 Токин Б.П. «Фитоциды, их роль в природе и значение для медицины». Сб науч. исслед. плд редакцией Токина Б.П. Изд. АМН СССР, 1952
- 5 Овчинников Н.Н. Фотосинтез. - М: Просвещение, 1972.
- 6 Практикум по физиологии растений: учебно-методическое пособие / В.Н. Воробьев, Ю.Ю. Невмержицкая, Л.З. Хуснетдинова.
- 7 Пресс-релиз от 24 июля 1998 года проект реабилитации Коогаган водно-болотных угодий, Ньюкасл, Новый Южный Уэльс [электронный ресурс] режим доступа: <http://the3gairs.tripod.com/sitebuildercontent/sitebuilderfiles/valueofatree.pdf>
- 8 Макарчук Н. М. Фитонциды в медицине. - Киев: Наукова думка, 1990.

9 Антимикробные вещества высших растений. Киев, Изд-во АН УССР, 1958. Авт.: В.Г. Дроботько, Б.Е. Айзенман, М.О. Швайгер, С.И. Зелепуха, Т.И. Мандрик.

10 <https://youtu.be/YBP2UTf5Uyc>

Приложение

Таблица 1 – Фитонцидность растений

№ п/п	Виды растений:	Время гибели инфузорий (мин.) (среднее значение)	Фитонцидная активность растений (%)
1	Алоэ древовидное	5 мин. 15 сек.	19.04
2	Фигус Бенджамина	7 мин 17 сек.	13.73
3	Каланхое	1 мин 30 сек	66.6
4	Сансиверия трехполосая	1 мин. 35 сек	63.29
5	Бегония тигровая	1 мин 6 сек	90.90
6	Лимонное дерево	1 мин. 45 сек	57.14
7	Монстера	5 мин.	20
8	Папоротник Венерин волос	5 мин. 20 сек.	18,76
9	Диффенбахия	5 мин. 40 сек.	17,63
10	Хлорофитум хохлатый	1 мин. 55 сек.	52.08
11	Каллисия душистая, (золотой ус)	6 мин. 50 сек	14.64
12	Гибискус китайский	6 минут	16.66

Таблица 2 – Дистанционная фитонцидность активности некоторых видов комнатных растений

№ п/п	Вид комнатного растения	Время прекращения активности инфузорий (в минутах)
1	Лимонное дерево	14
3	Каланхое	17
4	Хлорофитум хохлатый	14,5
5	Сансиверия трехполосая	23
6	Бегония тигровая	15

Таблица 3 – «Кол-тво устьиц на листьях наиболее часто встречающихся комнатных растений»

№	Название растения	Количество устьиц на 4 см ²	Площадь листа	Кол-во устьиц на листе
1	Хлорофитум хохлатый	4	172	172
2	Монстера	133	163,5	5436
3	Фигус benjamina	28	9,5	66,5
4	Гибискус китайская роза	56	16	224
5	Бегония тигровая	35	4,5	39,3
6	Лимонное дерево	11	25	68,75
7	Хлорофитум	7	45	78.75
8	Каланхое	12	3,5	10.5
9	Сансиверия трехполосая	15	35	131,25

Таблица 4 – «Кол-во кислорода выделяемого наиболее часто встречающимися комнатными растениями»

№	Название растения	Количество листьев на растении (шт.)	S листа (см ²)	Кол-во выделяемого кислорода в сутки (л)
1	Хлорофитум хохлатый	51	163	46,5
2	Монстера	12	153,15	10.3
3	Лимонное дерево	1400	2,5	19.6
4	Фигус benjamina	253	9,5	13.5
5	Гибискус китайская роза	835	14	65,46
6	Сансиверия	20	102	11.42
8	Бегония тигровая	29	15	2.4
	Каланхое	55	4.8	1.5

ТУҒАН ЖЕР ЭКОЛОГИЯСЫ

ЕГІНТАЙ А.

9 сынып оқушысы, С. Торайғыров атындағы ЖОББМ, Баянауыл ауд.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында туризм, спорт, денсаулыққа баса назар аударуды басшылыққа ала отырып, туған елімізде салауатты өмір салтының даңғыл жолын салуға болады делінген.

Сондықтан туристер еліміздің қай жерінде болмасын табиғатқа және оның сұлулығына сүйіспеншілікпен қарап, қоршаған ортаның сән аясында тәртіп бұзбай, жақсылап демалып қайтып отырса құба – құп. Егер туристер жүрген жерде табиғатты қорғау туралы заңдардың талабын орындамаса, онда табиғатқа өлшеусіз шығын келтіретін сөзсіз.

Ендеше, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Торайғыр ауылының, менің туған жерімнің экологиялық мәдениетінің жағдайы, нақты айтатын болсам, туған жерімнің экологиялық проблемасы менің жанымға батады десем артық емес. Көркем, керемет Баянауыл тауларында бояумен жазылған есімдерді бірден көруге болады. Демалуға келген туристтер табиғатты ластап кетуі былай тұрсын, кетпейтін бояумен тасқа өздерінің есімдерін, келген уақыттарын яғни күндері, айларын және жылдарын жазып тастап кетеді. Осы тақырыпты ашу барысында екіұдай көзқарасты, мәселенің төңірегінде туындаған жағдайды ортаға салғым келеді.

Павлодар облысының табиғаты сұлу орындарының бірі Торайғыр өңірінің, табиғат байлығын дұрыс пайдаланып, экологиялық жағдайын дамыту, ол тек осы ауылдың тұрғындарының мақсаты мен міндеті емес. Торайғыр жеріне келген кез келген адамның басты міндеті деп санаймын.

Осы өңірде болған адамдарға табиғатының сұлулығынан, мөлдір бұлағынан қандай әсер алатынын, Торайғырдың керемет табиғаты жайлы айтып керек емес. Ол керемет сезім. Күн көкжиекке батқан кезінде қоршаған таулардың түстері ерекше болуы, түнгі уақытта жұлдыздар аспаннан түскелі тұрғандай және таң ерте самал жел сенімен бірге серуенге дайын тұрғандай әсер аласын.

Осындай көрікті көріністен кейін, тастардың арасынан шыны шөлмектердің (бутылки) ұсақ сынықтары шашылып жатқанын көру өте ауыр. Әрине келушілер «Қоқыс онсызда жатыр ғой» деп үстіне қалдықтарды, тасқа жазған бояу қалдықтарын, бояу құтыларын

қоқысқа қосып тастап кетеді. Бұл іс-әрекет дұрыс болып көрінеді. Қазіргі қоғамда «демалу мәдениеті» адам бойында қалыптаспаған. Ол бірінші – табиғат алдындағы ұяттық, екінші – қасындағы серігін, досын алдындағы ұяттық тіпті баланның алдында ұяттық сезімдер. Адамның әр кезегі қадамына жауапкершілікпен қарауы керек [1, 15 б.].

Қазақ халқы адамды жерлеген кезде есімін тасқа қажап жазған. Қазіргі қоғам жастары ол туралы хабардар емес сірә.

Біздің мектепте «Атамекен» этнографиялық – өлкетану орталығы бар және мен осы орталықтың мүшесімін. 2019 жылы қыркүйек айында «Туған жер экологиясы» атты жобаны қолға алған болатынбыз. Өкінішке орай мемлекеттегі болып жатқан жағдайға «пандемияға» байланысты жұмысымыз тұрып қалды.

Тау баурайларындағы көрікті жерлерде қоқыс көп екені мәлім. Біздің елде табиғатты қорғау, аялау мәдениеті әлі қалыптаспаған. Бірақ біз «Атамекен» орталығының мүшелері Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы жалпы білім беретін мектеп оқушылары туған жердің табиғат жанашырлары әртүрлі бастамалар көтеріп, қоқыс теру акцияларын ұйымдастырып жатамыз.

Біз тасқа жазылған бояуларды кетіру үшін және қоқыспен күресу үшін жұмысымызды бастар кезде алдымызда бір – неше сұрақтар тұрды:

– Таудың сәнін алып тұрған, жазылған бояуды қалай кетіруге болады?

– Неге қоқысты жинау керек?

– Ол ұшып қайда барады?

– Қоқыс табиғатта қалай ыдырайды?

– Оның зияны қандай?

– Табиғатты не үшін қорғаймыз? Деген сұрақтарға жауап табу үшін мақсат алдымызға мақсат қойдық.

Мақсатымыз:

– Таудығы жазылған жазулардың бояуларын өшіру;

– Қоқыстың адамға тигізетін зияны анықтау;

– Қоқыстың түрлеріне қарай табиғатта ыдырауы анықтау;

Мақсатқа жету үшін алдымызға қойған міндеттеріміз:

– Бірінші амал, топ құру.

– Екінші амал, топ мүшелерін жұмыс мақсатымен таныстыру;

– Мүшелеріне мәлімет жинауға бағыт беру;

– Қоқыс жайлы ақпарат жинау;

Үшінші амал, тастағы жазуларды өшіру және қоқыспен күресу жолдарын анықтау;

- Жинаған ақпараттарды БАК арқылы тарату;
- Мектепте жоспар бойынша іс-шаралар өткізу;
- Ұлттық парк жұмысшыларымен кездесу;
- Жадынама жасап келушілерге тарату;
- Таудағы жазылған бояуларын өшіру;

Торайғыр ауыл территориясы Мемлекеттік Ұлттық парк аймағына жататындықтан, демалушылардың тасқа шимайлап, бояп тастаған жазуларды кетіріп, өшіру жолдарын қарастырдық. Экожүйені сақтау, қорғау, насихаттау жұмыстарын ұйымдастырып, Торайғыр өңіріне туристік демалу мақсатымен келген келушілерді экологиялық мәдениетті ұстануға насихаттау жұмыстарын жүргізіп, өлке табиғатын таза қалпын сақтауға әрекет жасадық.

«Атамкен» орталығының ішіндегі «Тамшы» атты экологиялық тобында 7 және 9 сынып аралығындағы оқушылары құрайды.

Топ мүшесінің бойында осындай қасиеттер болу керек деп шештік: жан-жақтылық, қызығушылығы мол, жоғары жауапкершілік деңгейі мол, топта жұмыс жасай білетін, белсенді және адамдарға деген махаббаты мол. «Ия» біз «Тамшылар» өзімізді осындаймыз деп санаймыз, бұл волонтерлық мінез-құлық. Біздің жетекшіміз Ахметова Бақытгүл Байжановна «Осындай игі істерді оқушы кездерінде жасап қоймай, болашақта студент кездерінде де жалғастырасындар деп сенемін» дейді.

Мектеп жанындағы жазғы сауықтыру аланындағы оқушылар арасында «Туған жер мәселесі» атты дөңгелек үстел, «Баянауыл» ұлттық парктің басшыларымен кездесін қоқыс жайлы және ең басты мәсіле Баянауыл тастарындағы жазылған жазулар жайлы әңгіме қозғадық. Кездесу барысында біз өз көмегімізді білдіретінімізді айтып, экологиялық қозғалыстарды жүргізетінімізді айттық. Сонымен қатар акциялар өткізіп тұрамыз (осы акция жұмыстары елімізде болып жатқан «пандемияға» дейін ұйымдастырылды). «Кранның аузын бекіт, ағып кетпесін мұхит» атты акциясында суды үнемдеуге тәрбиелеу барысында, оқушылар кранды жауып, суды аз ағызып жатқан фото суреттерінің көрмесі болды;

«Табиғатқа керек

Біздің көмегіміз

Мектептен шыққан

Ерікті волонтермыз» атты акциясында тау өңірлеріне шығып қоқыс жинадық;

«Туған өлке сұлулығы» атты акциясында әр сынып қабырға газетін жасау конкурсы өтті. «Атамкен» мүшелері Ұлттық парк жұмысшыларымен кездесті;

Тау – тастағы жазуларды өшіруге тырыстық. Өкінішке орай тастағы бояуларды өшіру мүмкін емес екен, себебі тастың құрылысының өзі біржелкі болмағандықтан, қырып тастауға келмейді.

Келушілерге «Жадынама» тараттық;









Сурет 1 – Осындай тау көрінісіне суретке түсуге болама?

Алайда табиғаттың қадірін білмейтіндердің кесірінен таудың келбеті әр түрлі бояулармен шимайланып, таудың сай – саласы қоқысқа толы. Бұл жағдай бізді қынжылтады.

Біздің ауылымыз туристік аймақ болып саналады және жылдан жылға отандық туризмді дамыту үшін көп жұмыстар жасалып жатыр. Біздің атқарған жұмысымыз туристік кезең басталар кезінде таулардағы жазуларды тастың түсіндей бояулармен сырлап, ұлттық парк жұмысшыларына көмектестік. Бірақ қанша бояумен боясақта уақыт өте бояу ағарып астындағы жазылған сөздер көріне бастайды.

Қоқыстың табиғатты ыдырауы жайлы мәселені қозғайтын болсам, дамыған мемлекет, мемлекет жоғары деңгейде болуын осы мемлекеттің қоқыс тастайтын орындарынан білуге болады. Себебі адамдар тастаған қоқысты қайтадан, екінші рет өндіріске айналдырады. Ендеші дамыған мемлекет қоқыстын өзінен тек табиғаттың таза ұстап қоймай, қоқыстан табыс табады. Осындай іс-әрекетті туғаннан көріп өскен сол мемлекеттің бүлдіршіндері, тазалық тәртібін бойына дарытып, туып өскен жерін, қоршаған ортасын әрине қорғайды. Біздің мектеп оқушылары туған жер экологиясын жайлы біледі және қорғауға да тырысады, ауылдың тазалығын қадағалап, сақтайды.

Халықтың денсаулығына әсер беретін, адам бойына күш – қуатын дарытатын ол табиғат және жай ғана табиғат емес экологиялық жағынан таза қоршаған орта.

Қоқыстың табиғатты ыдырауы			
1		Әжетхана қағаздары	2–4 күн
2		Газеттер	1–3 ай
3		Қатты қағаз қораптары және тамақ қалдықтары	1–5 ай
4		Фото суреттер, сірінкелер, мақта арқандары	3–14 ай
5		Ағаш тақтайлар, темекі қалдықтары, журналдар, қағаз сүт пакеттері	1–5 жыл
6		Сыр бояумен боялған ағаш-тақтайлар, пакеттер	15 жыл

7		Консерві банкалары	50 жыл
8		Пенопласт қорапшалар	80 жыл
9		Алюминь банкалар, батареялар	200 жыл
10		Подгузниктер, пластикалық заттар	400–450 жыл
11		Балық аулауға арналған жіптер (леска)	600 жыл
12		Шыны бұйымдары	1000 жылға дейін

Қоқыстың жиналу себебі:

– Адамдардың түсінігі бойынша әкелген заттарын қайтадан алып кетпеу.

– Қақысқа арнайы жоғары деңгейде жабдықталған орындардың аз болуы

– Әжетханалардың аз болуы (келушілердің бір – неше күнге келеді).

Турист келгенде табиғатты танып білуге келеді, осы мекенмен таныс болады. Ендеше осы өңірде болған демалушы, табиғаттың негізгі өзара қатынасын түсініп, оның табиғи байлығын адамдардың бірқалыпты тірлігі мен денсаулығы үшін дұрыс пайдалану қажет екендігін республикамыздың қай түпкірінде болмасын өзі жүрген жерді кен көлемде түсініп, үгіт – насихат жұмыстарын жүргізулері керек. Ол үшін әрбір турист табиғат қорғау мәселелері жайында мектеп қабырғасынан біледі. Қазіргі жаһандану заманында инновациялық технологиялар тез дамыған заманда, интернет желісінен болсын, жазылған әдебиеттерді көбірек оқу және өзі таңдап алған, баратын жерінің тарихын, халқын, жер бедерін, ескерткіштерін, жануарлар мен өсімдік дүниелерін жетік білуі қажет деп ойлаймын. Себебі сол елді мекен тұрғындарын да сыйлау керек деп білемін. Өздері жүрген жерлерде топырақтың құнарлы қабатына зақым көлтірмей, жүрген – тұрған, қонған жерлерінде бұталарды сындырмай, тамақ пен ыдыс – аяқтың қалдықтарын қалай болса солай лақтырып кетпеулері керек. Жерді қадірлеу керек. Өйткені жер қай заманда болмасын адамның ата – мекені және халық игілігіне жарайтын табиғаттың мол байлығының бірі. Сондықтан болар Жер – ана деп аталуы.

Баянауыл тауларының етегінен, басына дейін өскен бозтал, балқарағай, ақ қайың орманы, тау аралығындағы қазаншұңқырда жатқан суы мөлдір көлдері: Сабындыкөл, Жасыбай, Торайғыр, Біржанкөл әсем құзы, алуан бейнелі алып жартастары, үңгірлері, тау етектерінен аққан бұлақтары табиғатқа ерекше көрік береді. Баянауыл өлкесінің сұлу табиғатының ортасы – Баянауыл тауларының жоталар аймағы жасыл орманға бөленген биік тау қиялары, күмістей мөлдір көлдері, жұпар иісі аңқыған гүл жамылған алаңдары, жидекті – жемісті табиғи баққа толы сай – салалары, Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының қатарына кіреді. Қазақстанның бірінші ұлттық паркі болып саналады. Баянауыл тау сілемінің табиғи өсімдік әлемі мен жануарлар әлемін сақтау және қалпына келтіру қажеттілігі паркті құрылуына басты мақсат болып табылады. Баянауылдың ең жоғары нүктесі Ақбет

тауы. Аңыз бойынша тау Ақбет деген қыздың құрметіне аталды, өзі сүймейтін адамға тұрмыққа берегені үшін таудан құлаған.

Балалық шағы осы жерде өткен қазақ ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров құрметіне Торайғыр көлі осылай аталған. Баянауыл қарағайы тас пен өсімдіктің ғажайып үйлесімділігін жасай отырып, тастарда өседі. Ақ қайыңмен, қарағаймен, қандағашпен және көктерекпен қоса паркте көптеген бұталар, соның ішінде жидек беретін бұталар – таңқурай, ит мұрын, қарақат, долана өседі. Шабындықтарда құлпынай жиі кездеседі. Орманда саңырауқұлақтар өседі [2, 21 б.].

Осы ғылыми жұмысты жазу себебім туған ауылының табиғатын сәнді керемет көрікті қалпында сақтау. Баянауыл таулы аймағының сулары мөлдір әрі тұщы, көлдері үлкенді – кішілі келген, тау қойнауларының бөктерлерінде орналасқан, қысы-жазы тау сайларынмен ағатын тау бұлақтарынан тұрады. Шағын өзендер қар және жер асты суымен қоректенетін әсем табиғатты сақтап қалу баршамыздың міндетіміз. Уақыт өте осы аймақ үлкен халықаралық дәрежедегі демалыс орнына айналуы әбден мүмкін. Туристер мен демалушылардың демалу мүмкіншіліктері көп. Қазірден бастап тау – тастарына шимайлап жазулар жаза берсе, не болмақ? Бүгінгі жас ұрпақ өз елінің, жерінің табиғатын, ата-бабаларымыздан қалған егемен елін білуі және оның жақсысынан үйреніп, жамананан жиреніп қорытынды жасауы, сабақ алуы тиіс [3, 9 б.].

Мен «Атамекен» орталығының мүшесі өзімді еріктілер (волонтеры) қатарына жатқызамын. «Туған жердің түніде ыстық» демекші, Туған жер мәселесін бүгін мен көтермесем? Кім көтереді?

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Қуатбаев. Қазақстандағы экология жағдайы.-Ақтөбе, 2016ж.
2. С.Мемешов. Экология және қоршаған орта.- Қазақ Университеті, 2018ж.
3. Д.Садыкова. Экология-табиғат жүрегі.-Алматы, 2009ж.

СОРКӨЛ КӨЛІНІҢ СУЫ МЕН БАЛШЫҒЫНЫҢ ШИПАЛЫҚ ҚАСИЕТІН АНЫҚТАУ

ЕСІМОВ Б.

8 сынып оқушысы, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Орал қ.

ДОСҚАЛИ Г. І.

биология пәнінің мұғалімі, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Орал қ.

АБУОВА Б.

география пәнінің мұғалімі, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Орал қ.

Аннотация. Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысының оңтүстік бағытында орналасқан Жаңақала ауданы, Қамыс-самар елді мекенінен 2 км жерде орналасқан Соркөл көлінің географиялық-экологиялық жағдайы мен бұрын-соңды зерттелмеген табиғи, емге қолдануға болатын суы мен балшығының шипалық қасиетін зерттеулері баяндалады.

Кілтті сөздер. Тұздар, Хлоридтер, Сульфаттар, Гидрокарбонаттар, Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы, Соркөл.

Табиғи тұздың дәмдік және тұрмыстық қасиеттерінен басқа денсаулыққа тигізетін пайдасы өте көп. Осындай тұзды көлдер мен шипалы сорлар БҚО өте көп, Батыс Қазақстан облысында 140-тан астам көл бар. Оның 9-ның су айдыны 10 км-ден асады. Су ірі тұзды көлдің бірі Облыс аумағында Жаңақала ауылы (Қисыққамыс) ауылында орналасқан Соркөл көлі. Бұл көл ежелден емдік қасиетімен танымал. Ауылымыздан 2 шақырым жердегі осы Соркөлге жаз болса көп адам суға түсіп, балшығын емге қабылдап жатады. Бірақ Соркөл көлінің шипалық қасиеті ғылыми тұрғыдан зерттелініп, сауықтыру орындарына пайдаланылып, халық қызметіне қолдану жолдары ойластырылмаған. Сондықтанды өз жобамды осы Соркөл көлінің географиялық жағдайы мен суы мен балшығының шипалық қасиетін зерттеуге арнап, Соркөл көлінің табиғи емдік бағыттағы құндылықтарын, рекреациялық табиғат ресурстарын жергілікті жерде, халықтың денсаулығын нығайту бағытында ұсынуға бола ма? деген сұрақпен бастадым. Соркөл көлін емдік-шипалық табиғи орын ретінде танытуға және ғылыми тұрғыдан зерттелініп, өз бағасын алуға үлес қоссам деймін. Соркөл көлінің адамға ғана емес, сол елді мекендегі жан жануарларға да пайдасы өте зор. Кей уақыттарды Россия жақтан келетін су көздері жабылған кезде Соркөлге құятын су азайып, аянышты күйге түсетін кездері болады. Бұл табиғаттың экологиялық жағдайын күрт төмендетіп, адамға да жануарларға да

проблема туғызады. Ал су толықтай келіп, өзендерді арнасынан шығарып, Сор көлге су келген кезде табиғаты ерекше күйге түседі. Құстардың неше түрлері, соның ішінде аққу, қаздар келіп, халық тұзға түсіп, айналасы адамға толып жанданады.

Соркөл орналасқан Батыс Қазақстан өңірінде Жаңақала ауданы «Қамыссамар» ауылындағы балшықпен емдейтін сауықтыру орны бар. Балшықпен емдеу негізгі профилі болмаса да, ем шараларында шипалы балшықты қолданатын сауықтыру орталығы.

Ол 2009 жылы Жаңақала ауданы орталығында «Капустин Яр», «Азғыр» полигондарында жасалған әскери сынақтардан зардап шеккен тұрғындарды емдеу үшін ашылған. Бүгінде науқастардың бел, тізе, шынтақ буындарын емдік балшықпен сылап емдейтін ақылы қызмет көрсетеді. Оңалту орталығында емге қолданатын балшық.



Сурет 1 – «Ауданаралық сауықтыру ауруханасы» оңалту орталығы

Атырау облысындағы Қарабатан көлінен жылына бір рет, жаз кезінде 3 тоннадай әкелініп, емге пайдаланады. Дәрігер Бекенов Қобыланды Рахметоллаевичпен сұхбаттасқанымда жергілікті жердің Соркөлінің сор тұзы балшығының химиялық құрамы, дәрігерлік талдауы болмағандығынан, Сурет 1 ғылыми тұрғыдан зерттелмегендіктен сауықтыру кешенінде емге пайдаланылмайтынын айтты. Қарабалшықты орындарды игерудегі ең басты кедергі – бұл жердегі шипалы балшыққа химиялық талдау жасалмай құрамы анықталмағаны болып тұр. Сондықтан қымбатқа түссе де алыстан

тасуға мәжбүр. Ал Қарабатан балшығына Атырау гидрогеология мекемесінің анықтама қағазы берілген сондықтан сол жақтан әкелінеді.

Соркөл көлінің географиялық орны Жаңақала ауылы (Қисыққамыс) ауылынан батысқа қарай 2 км қашықтықта жатыр. Көлдің ауданы 3 5 км, сопақша пішінде болып келеді. Жағасы құламалы, тік жарлы биіктігі 1,5 м, Ұзындығы – 10км, ені – 2км, тереңдігі – 3м, кейбір жерлерде 2 метрге дейін барады. Көл суы ащы, лайлы.



Сурет 2 – Соркөл көлі. ассоциациялар басым болады

Жағасында өткен геологиялық кезеңдерде өмір сүрген теңіз фауналарының қалдықтары кездеседі. Көлдің солтүстік және батысындағы су айналысы кеңістігін қамыс өскен. Жаға маңы бөлігінің өсімдігі негізінен бұзаубас, әр түрлі соран және тағы басқа түрлерінен тұратын галофиттер құрайды. Кейбір жерлерде жыңғылдың бөлек бірен-саран бұталарын кездестіруге болады. Жағасынан алыстаған сайын өсімдік жамылғысында кара жусанды өсімдік бірлестіктері кездестірінеді ақ жусанды

Соркөл көлі, табиғаттың сыйы көп ағынды судан құралған. Бір сөзбен ағынды сулар қоймасы. Осы жергілікті халықтың қазынасы. Балығы өте көп. Олардың қатарында: шортан, көрәс, сазан, алабұға, көксерке, балық ресурстары өте көп. Бұл жерде құстар да көптеп кездеседі, осы жерді атамекен қылған. Адамдардан қорықпай, өздері балық аулап күн көреді, олар: аққу, шағала, қаз, үйрек т.б. Тіпті кейбір жылдары Соркөл көлі кеуіп те қалған. Ол көбіне өзен көлдерге судың дұрыс жіберілмеуінен болып отыр.

Құламалы тік жарлы жағаға жағалау қарылғаштарының көптеген ұялары бар. Жергілікті тұрғындар көл суының емге шипа қасиеті

бар деп есептейді, бірақ судың емдік қасиетін анықтау үшін арнайы зертханалық зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. [Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы энциклопедиясы (VIII) 65–66 бб.].

Соркөлдің суы мен балшығының шипалық қасиеті мен суының химиялық құрамын зерттелмегендіктен, Соркөлдің су мен балшығын алып, мектеп жағдайында жетекші мұғалімдер көмегімен өз зерттеулерімді жасап көрдім.



Сурет 3

Топырақ сығындысын дайындау

Сурет 4

Соркөл көлінен алынған топырақ үлгісінен топырақ сығындысын дайындап, арнайы құралдар («ЭХБ», мини-экспресс-лаборатория «Пчелка-У/хим», «Пчелка-У/почва», рН тест жинағы, «НКВ» зертханалық жиынтықтар) арқылы зертханалық жұмыс жасалынды [2].

Нәтижесінде топырақ сығындысынан алынған су лайлылығы өте мөлдір болып шықты.



Сурет 4 – Соркөл көл топырағы

Топырақ сығындысының рН мен топырақтың қышқылдығын анықтағанда қышқылдылық байқалмады. Зерттеуден алынған

үлгілер қорытындысында топырақ сығындысы мен су құрамы рН 7,5, сутектік көрсеткіш көрсетті.

«ЭХБ» класс-жинағы арқылы судың кермектігі анықталды. Судың кермектігі – суды пайдалану кезінде орны бар бірден-бір қасиеті. Соркөл көлінің суы кермек су – құрамында кальций мен магний карбонаттары көп, кермектік мөлшері < 6,0–9,0мг-экв/л шамасында. Табиғи судың сапалығы ондағы айтарлықтай дәрежеде еріген минералды тұздардың концентрациясымен анықталды.

Топырақтың тұздылығын қарапайым әдіспен тұздың шыныдағы қалдығымен анықтағанда сығынды құрамында тұз бар екендігі анықталды [3].



Сурет 6

Сурет 7
Топырақтың тұздылығын анықтау

Нәтижесінде Соркөлдін топырақ сығындысы мен суының тұздану дәрежесі төмендегідей болды.

Кесте 5

Нәтижелер	Тұздың мөлшері және топырақтың тұздануының сәйкес түрі		
	Хлоридтер	Сульфаттары	Гидрокарбонаттар
1. Сығынды концентрациясы, мг / л	0,82	0,8	1,32
Тұздану типі	Хлорид-сульфатты		
Топырақтың тұздылықтың дәрежесі	Тұзды батпақ Қатты тұзданған		

Топырақ құрамындағы темір ионы

Кесте 6

Үлгі №	Іріктеу орны	Темір мөлшері Мл/г	Фосфат мөлшері мл/г	Амоний Мл/г	Нитрат мл/гт
1	1	0,2	0,2	0	0
2	2	0,1	0,1	0,1	0,1
3	3	0,2	0,2	0,1	0



Сурет 9



Сурет 10




Сурет 11

Су мен топырақ сығындыларындағы хлоридтердің мөлшері сандық анықтау әдісімен, «Хлорида»тест жиынтығымен, титрлеу арқылы анықталды.



Сурет 12



Сурет 13



Сурет 14

Нәтижесінде анализге алынған су құрамында хлорид ионы концентрациясы 149,1 мл/г құрайтын болып шықты.

Су құрамындағы карбонат-ионды титрлеуде сынамада ерітінді түссіз болып, су құрамында карбонат ионы болмады. Гидрокарбонат ионын титрлеуде гидрокорбанат концентрациясы 402,1мл/г құрайтын болып шықты.

Сульфатты анықтауда нәтиже $C_c = 384 * 0,8 = 307,2$ мг/л болды.

Тұз 100-ден, 20 проценттік қатынасты құрайды, бұл үлкен қатынас мөлшері.

Зерттеу нәтижесі шикізаттың емдік балшықтардың ішіндегі ең құнды сульфидті-тұнбалы қоспаларға бай екенін көрсетті. Балшықтың ылғалсақтағыш қасиеті бальнеологиялық құндылығын арттыра түседі. Суы мөлдір, түссіз, иіссіз, дәмі тұзды, кермек. Аз сілтілі – 7,5. Балшығының тұздылығы жоғары.

Жалпы зерттеу қорытынды бойынша төмендегі көрсеткіштерді көрсетті.

Кесте 2

Көрсеткіштері	Мөлшері
1 Активтік реакция, рН	7,5
2 Құрғақ қалдық, мг/дм ³	1000
3 Жалпы кермектік, мг экв/дм ³	3,0
4 Хлоридтер Cl, мг/дм ³	149
5 Сульфаттар SO ₄ ²⁻ , мг/дм ³	307
6 Нитраттар NO ₃ ⁻ , мг/дм ³	0,1
7 Аммиак NH ₄ , мг/дм ³	0
8 Темір Fe ²⁺ , мг/дм ³	0,2
9 Амоний	0,1
10 Фосфат	0,2
11 Гидрокарбанат	1,32

Топырақтың тұздануы тез еритін минералды тұздардың көптігімен сипатталады, бұл топырақтың физикалық және химиялық қасиеттеріне теріс әсер етеді және көптеген өсімдіктердің дамуы мен өсуіне қолайсыз жағдайлар жасайды [4].

Сор өзінің физикалық-химиялық қасиеттеріне орай ағзаға пайдалы. Тұзды балшықты пайдалану нәтижесінде қан айналымы жақсарып, регенерация және зат алмасу үрдісі жақсарады. Оған қоса тұзды балшық ауырғанды басатын, қабынғанды жазатын, ұйысқан қан мен сарысуды сорып алатын ерекше емдік қасиетке ие.

Осы қасиетінің арқасында сор ағзаның иммунді-биологиялық қызметін арттырып, тіндердің қоректенуін жақсартады және сүйек мүйізгегінің әктенуіне әсер етеді. Ағзаны ұяғтардан, ұсақ шірінділерден, қалдықтардан және ауыр металдардан тазартады. Көптеген бактерияларды өлтіреді, иістер мен газды өзіне сіңіреді. Қанның қышқыл-сілтілік тепе-теңдігін, сонымен қатар қан құрамындағы қант, холестерин, билирубин және хлоридтерді қалпына келтіреді. Балшықтың антибактериялық қасиеті оның құрамында радийдің болуымен байланысты [5].

Тұзын ем ретінде пайдаланады, тамаққа да жарамды. Астыңғы қабаты қара батпақ. Қара батпақ буын, тері ауруына өте көп

септігін тигізеді. Адамдарға суға түсуге қолайлы. Көл балшығын санаторияларда қолданбаса да, күнделікті өмірде қолдануға болады. Адамдар емін көбінесе жаздың орта айларында алады. Зерттеу барысында Соркөлдің суына түсіп, қара балшығын жағудың да ерекше ережелері болатынын, оны сақтамаса ауырып қалауы мүмкін екендігін білдім.

Тұзды судың және сордың көмегімен емделуге тыйым салынатын ауру-сырқау да бар, оны білген дұрыс. Негізі тұзға бармастан бұрын әр адам дәрігерге қаралып, өз денсаулығын тексертуі керек.

Жалпы қорытынды Соркөлдің топырағының тұздылығы мен минералдарға бай болуы буын аурулары мен тері ауруларына ем болуына мүмкіндік береді. Бөрітпелі тері аурулары жараларына ем. Суықты шығарады. Соркөлдің балшығының қара-сұр, қоңыр балшығында көміртегі көп мөлшерде кездеседі, құрамында жеткілікті мөлшерде темір де бар. Тахикардия, дерматит, тері ауруларында таптырмас ем.

Шипалы балшықтың ерекше химиялық құрамы арнайы шипажайларға қолданылып, демалушылардың пайдалануына мүмкіндік берер еді. Соркөл көлінің балшығы мен суы әлі де зерттеулерді қажет етеді. Сондықтан бұл аймақта балшықпен емдеу-сауықтыру жүйесіне пайдалануға ғылыми зерттеулер жүргізілсе дер едім. Соркөлдің суының мол болуы экологиялық табиғи жағдайды жақсартуға түседі. Сондықтан көлге құятын өзен көлдердің ағын суын тежеу проблемаларын шешуді де жолға қою керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Садықов М.Н., Бисембаев А.А. Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы энциклопедиясы (VIII) 65-66 бб.

2 Под ред. к.х.н. А.Г. Муравьева. Исследование экологического состояния водных объектов Руководство по применению ранцевой полевой лаборатории НКВ-Р Изд. 2-е, перераб. — СПб.: «Крисмас+», 2017. — 256 с.

3 Муравьев А.Г., Пугал Н.А., Лаврова В.Н., Экологический практикум (учебное пособие с комплектом карт-инструкций) Крисмас* Санкт-Петербург

4 Қазбек Құттымұратұлы, «Шипалы балшық шарапатын қашан көреміз?» «Егемен Қазақстан» БҚО, 27 Шілде, 2018

5 Динара Жұмабекқызы, «Тұз айын» өткізіп алмайық! «Тұз өтіп кетпесін!», «Орал өңірі», 25.07.2019.

БИОГУМУС ӨНДІРУ

ЖЕКЕМБАЙ Қ.

9 «Б» сынып оқушысы, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.
СОЛТАНАЛИНА К. К.

биология пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

*«2050 жылы Қазақстан ауасы таза, суы
мөлдір, жасыл желекті елге айналуы тиіс.»*

Н. Ә. Назарбаев

Мақсаты. Экологиялық таза, табиғи, биологиялық белсенді, экономикалық тиімді, қол жетімді органикалық тыңайтқыш-биогумустың өндірістік алыну жолын зерттеп, қолданылу салаларын анықтау. Биогумустың топырақ құнарлылығының негізін құрайтын қайталанбас рөлін дәлелдеу.

Биогумус түсі қара жағымды иісі бар топырақтан сәл жеңіл, қара шірік тәріздес масса. Биогумустың таза құрғақ массасында 32 % дейін гуминді қышқылдар, фульво-қышқылдар және гуминнің болуы – бұл органикалық тыңайтқышқа жоғары агро химиялық қасиеттер берілді. Биогумустың құрамындағы қоректік заттар өсімдікке қажетті мөлшерде болады және оның бәрі өсімдіктердің өсуіне бағытталған. Сонымен қатар оның құрамында гелминттер жұмыртқасы, арамшөптердің тұқымы, ауыр металдар қалдығы мүлде болмайды [5–7 б.].

Биогумуста топырақ пен өсімдіктерге пайдалы микроағзалар бірлестігі, топырақты тыңайту кезінде фитогормондар фунгицидті, бөгде бактерияларды жоя алатын топырақтағы ауру тудыратын патогенді микрофлораны ығыстырып шығарады.

Биогумус өте пайдалы органикалық тыңайтқыш болғандықтан, сұраныста айтарлықтай. Қалай өндіруге болады? Бірден айта кететін жағдай экотыңайтқышты өндірудің еш қыйындығы жоқтығы. Өндіретін – құрттар. Сіздің жасайтыныңыз сол құрттарға қолайлы орта – компост (органикалық шірінді даярлау) Компосттың негізін қалайтын нәрселер – кез келген органикалық қалдықтар. Шіріген: жапырақ және шөп, қый, тамақ қалдықтары т.с.с. Ынғайлы болуы үшін 1 текшеметрлік пластикалық жәшіктер қолдануыңыз керек. Компост даяр болған кезде, құрттар керек болады. Калифорниялық қызыл құрттар суыққа төзімсіз келетіндіктен, кәдімгі жауын құртын (шұбалшанды) пайдалану қолайлы, әрі тегін. Суыққа да бой бермейді. Тек бір айыбы ондай құрттарды көп мөлшерде табуға тырысуыңыз керек. Біраз еңбекті

қажет етеді. Қи үйінділері мен ескі жапырақтардың арасында көп кездеседі. Бір текше метр биогумус өндіру үшін 5000 дарасы жетеді. Өз жұмыстарын олар 5 айда бітіреді. Орташа есеппен 600 кг компосттан осы уақыт ішінде 300 кг тыңайтқыш жасалынады. 1 кг биогумустың бағасы аймаққа байланысты [15 б.].

Бірақ ең алдымен құрттар – ауыл шаруашылығы үшін өте пайдалы. Ертеде шаруалар топырақтың құнарлылығын жер телімінде тіршілік ететін қызыл құрттардың мөлшерімен бағалайтын. Жерді өңдеген кезде құрттарды сақтап қалуға тырысатын, олар қай жерде көп болса, сол жерде көкөністер, жеміс-жидектердің мол болатынын білетін. Өздеріне індер салатын жауын құрттар топыраққа ауа мен судың енуіне сеп болып, шіріндідегі ірі массаны өңдейді. Қазыған жерлер арқылы топырақтың бетіне үймек түрінде құрамында гумус пен кальций мол болатын копролиттер шығарады. Құрттар, айпақшы, топырақ құрамының өзгерісіне, пестицидтер мен минералды тыңайтқыштардың қолданылуына өте әсерленгіш боп келеді.

Биогумус өндірісі үлкен табыстың көзі болуы ақиқат. Биогумус өндіру технология көп шығынды қажет етпейді. Ең алдымен қажет нәрсе орын орынды қожайынның мүмкіндігіне байланысты әртүрлі құрылыс бола алады.

Біздің ауылдағы ірі қара өсіретін шаруа қожалықтары бар. Олардағы ірі қара малдың басы 300–500 бас, олардан жиналатын қи таптырмас субстрат Биогумус өндірісінің екі құрам бөлігі бар бірі-жауын құрты, екіншісі- ірі қара малдың қиы. Жауын құртын арнайы контейнерде көбейтіп алып жылына 500 дараларға дейін көбейте алады. Жауын құртын өндіріс жағдайында өсіру үшін қажет жағдай

1. Температура 18–25 °С
2. Ылғалдылық 70–85 %
3. Аэробты жағдайлар; жоғарғы бөліктегі органикалық материал қалыңдығы 10–15 см
4. рН мәні 5–9
5. Топырақ құрамындағы оттектің жоғары мөлшері

Жауын құрттарды өсіру – органикалық қалдықтарды кәдеге жаратудың келешегі бар тәсілдерінің бірі. Органикалық заттардың шіруін әлденеше есе жылдамдататын жауын құрттары аз уақыт ішінде органикалық қалдықтарды экологиялық таза әдіспен бағалы қара шірінді тыңайтқышқа айналдыруға мүмкіндік береді. Құрт өсіруден алынатын екінші өнім – жауын құрттарының биомассасы. Ол жануарлар мен құстардың азықтарына ақуыз қоспасы ретінде қолданылады. Көкөністер мен бау-бақша дақылдарын өсірумен айналысатын

кәсіпкердің өзі шаруашылығындағы өнімділікті көбейткісі келген кезде алғаш рет құрт өсіруді ойға алған екен [18–21 б.].

Басты артықшылығы: тез көбейеді, «кезбелікке» бейімділігі жоғалған (құрттың қалған түрлері қорек іздеп, өсіретін жерді тастап кетуі мүмкін), ұзақ өмір сүреді. Ол біздің климаттық ерекшелігімізге сай келеді. Оның шетелдегі бауырласынан айырмашылығы – салқын температурада өзін сақтау түйсігі іске қосылады. Өсіп-өну жылдамдығы бойынша біздің «старатель» американдықтан кем түспейді. Есесіне анағұрлым кең ауқымдағы температурада жұмыс істейді. Құрт өсірудің еш қиындығы жоқ, мұнымен арнайы жәшіктерді немесе ені 1–2 метр болатын, бүйір қабырғалары мен түбі бар науаларды қолданып, бау-бақша учаскесінде айналысуға болады. «Старатель» өскелеңдігімен ерекшеленеді. Бір құрттан жылына 1500-ге дейін тұқым таралады. Тамақты көп талғамайды. Екі шаршы метрден жылына бір тонна биогумусқа дейін алуға болады. Бірақ біздің кәсіпкерлеріміз құрт өсіруге асығар емес Бірақ органикалық тыңайтқыштардың болашағы барына сеніммен қарау керек. Мұндай тыңайтқыштарды қолданғаннан кейін жер екі жылға дамылдауы тиіс, демек, оларды отырғызу кезінде кезектестіру үшін шаруашылықта кем дегенде үш учаске болу керек. Ал биогумус, керісінше, топырақта өзінің пайдалы қасиетін сақтай отырып, бір учаскені екі жыл қатарынан пайдалануға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, ол ауыл шаруашылығы өнімдерінің құрамындағы нитраттарды азайтады, өнімділікті 10-нан 30 пайызға дейін арттырады. Құрттарды көң қосып, көкөніс қоймаларындағы және көтерме базарлардағы органикалық қалдықтармен де қоректендіруге болады. Жазда шөп және ағаш қалдықтарын жинап, оларды қысқа дайындауға болады. Біздің өңірімізде де, жақын облыстарда да оған бәсекелестер жоқ. Сондықтан өткізу нарығында проблема болмайтынына кәсіпкерлер сеніммен қарауы керек. Ықтимал сатып алушылар қатарында – ірі шаруа қожалықтары, көгалдандыру жұмыстарын жүргізу үшін гумус сатып алуы мүмкін қалалық қызметтер мен кәсіпорындар, саяжайшылар мен гумусты бөлме гүлдеріне пайдаланатын адамдар бар. Ал егер Бизнесстің жол картасы бойынша грант алып, құрттарды жануарлар мен құстар үшін құрттардың биокоспасын өндіретіндей мөлшерде өсіретін болса қосымша табыс көзі көбейеді. Жануарлар мен құстардың рационына құрттар биомассасын қосу өнімнің көп болуына және оның сапасын жақсартуға көмектеседі. Тіпті құс фабрикасындағы тауықтардың жұмыртқа салғыштығы шамамен

20 пайызға, сүт фермаларындағы сауылатын сүт мөлшері 22 пайызға артады [25–30 б.].

Биогумуста «Өмір күші» бар. Бақша өсірушілердің пікірінше алынатын жоғары сапалы өнім үшін ең тиімді және қол жетімді тыңайтқыш бұл биогумус. Биогумустың тиімділігі оның топырақтың барлық терең қабатына органикалық заттардың қоректенуге қажетті элементтердің миграциясын қамтамасыз етуінде.

Өсімдіктердің минералды заттарды сіңіру проблемасы әрқес өсімдік шаруашылығының негізгі мәселесі болып қала береді. Тек қана биогумустың құрамындағы гуминды қышқылдар қатысында ғана биогумус «Өмір күшіне» айналады, яғни өсімдіктердің қоректік элементтердің барлығын сіңіру тиімділігі бірден жоғарылайды.

Биогумустың тұнбасы өз мөлшерінен 2 есе артық сумен араластырып гүлдерді және жеміс ағаштарымен бұталары сепкен кезде олардың гүлдеу мерзімі 1–1,5 аптаға дейін қысқарады.

Биогумус енгізілген топырақта өсімдікке қажетті қоректік заттардың мөлшері ұзақ уақыт сақталады.

Биогумус ауа райының қолайсыз жағдайларында өсімдік күйзелісін барынша азайтады. Өйткені аса ыстық күндері биогумус ылғалды ұзақ уақыт ұстап тұратын қабілетке ие. Жас көшеттерді топыраққа егіс даласына отырғызу кезінде олардың басқа ортаға тез үйренуіне, аз уақытта көктеп, гүлдеуіне әсер етеді.

Топырақты құнарландырудың идеялы жолы эко тыңайтқыш өндіру ғажайып – Биогумус өндірісі мұхиттың арғы бетіндегі Америка штатынан бастау алады.

Кальцидін сіңірілуі жасуша мембранасының талғап өткізуін белсенді етеді.

Азотты сіңіру алмасу процестерінің қарқындылануы және топырақтағы нитраттардың жағымсыз әсері бәсеңделеді. Ал биогумус құрамындағы фосфор гумин қышқылы әсерінен ерімейтін фосфоттардың түзілуіне жол бермейді.

Сондықтан биогумустың «Өмір күші» деп аталу себебі ол өсімдік атаулының оңай қоректену жолы [102].

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі бұл Қазақстандағы үлкенді кішілі қалалар маңындағы оның ішінде өндірісті, өнеркәсіпті қалалар аймағындағы топырақтың құнарлығын қалпына келтіру болып табылады.

Қазіргі заманғы экологиялық мәселелердің шиеленісуі тұсында топырақтың өздігінен немесе микроағзалардың көмегімен қайтадан

қалпына келуі ұзақ уақытқа созылды мүмкін немесе мүлдем қалпына келмеу қауіпі бар.

Табиғи жағдайда топырақ орман массиві есебінен орта есеппен 20–30 жылда қалпына келеді. Ал ғаламшардағы орман массивтері жыл өткен сайын өртеніп жойылуда. Екібастұз өңірінде орман атаулы мүлде аз болғандықтан, топырақтың қалпына келуі антропогендік факторлар арқылы жүзеге асады. Екібастұз қаласында ірі екі энерго кешендер ГРЭС-1 ГРЭС-2 манында 75–100 км радиуста топырақ беті күніне 1–1,5 мм күлмен жабылады. Яғни 50 жылдан соң бұл өндіріс маңы тақырға айналу қауіпі бар.

Топырақ бетіндегі күл қалдықтары жауын және қар сулары мен әрекеттесе отыра қатты тығыз шеменді қатты қабат түзеді. Бұл өсімдіктердің өсуіне, жануарлардың тіршілік етуіне өте қауіпті. Сондықтан Екібастұз қаласы маңындағы жерлерді тыңайту кезек күттірмейтін мәселе.

Биогумус дайындайтын ересек құрт мөлшері 12–15 см оларды контейнердегі топырақпен бірге қиы, жапырақ қалдығы, ағаш үгіне, қиындысы бар қоспаның ішіне жібереді

Тек қана биогумустың құрамындағы гуминді қышқылдар қатысында ғана биогумус «Өмір күшіне» айналады, яғни өсімдіктердің қоректік элементтердің барлығын сіңіру тиімділігі бірден жоғарылайды.

Сондықтан жеке шаруашылық адамның экологиялық іс-әрекетінде жауын құртының басты бағыттаушысы, өндірушісі бола алады.

Жанбырдың қардың суымен шеменді қабатқа айналып өсімдік жамылғысының сиреуіне және жәндіктер, құрт-құмырсқалардың тіршілігіне жойқын нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан бүгінгі күннің экологиялық өзекті мәселесі топырақ құнарлығын қалпына келтірудің ең тиімді, эксклюзивті қолжетімді әдісі-биогумус өндірісі [58].

Топырақ құнарлылығының негізі-биогумус болып саналады.

Биогумус өндіру үшін қажет органикалық қалдықтар:

1. Қара мал қиы
2. Жылқының қиы
3. Қой мен ешкі қиының қалдығы
4. Өсімдік қалдықтары (жапырық)
5. Канал арнасының суы немесе қар суы

Биогумус немесе құрт компост-бұл жауын құрты немесе шұбалшаң деп аталатын құрттың өңдеуінен шыққан ірі қара малдың қиы, органикалық материал яғни ірі қараның, қойдың, жылқы малының

қиы жауын құртының ас қорту жүйесінде толық ыдырап, өңделіп қажетті биохимиялық заттармен байытылу барысында тарап кұрылымды өзгерістерге ұшыратады. Үлкен биологиялық өзгеріс нәтижесінде аминқышқылына дейін ыдырап, аса пайдалы микрофлорамен, ферменттермен, дәрумендер-витаминдермен басқа да биологиялық белсенді заттармен байытылады.

Аталған белсенді заттар әртүрлі ауру тудыратын микрофлорамен күресетін ерекше қабілеттілікке ие болады.

Осындай үлкен биохимиялық – технологиялық үрдіс барысында органикалық масса иісін жоғалтып, залалсыздандырылып, ең бастысы гранулды формалы иісі жағымды құнарлы топырақ гумуска айналады. Бұл табиғаттың ғажайып таптырмайтын, еш жерде кәдімгі жағдайда қайталанбайтын, тек жауын құртына ғана тән құбылысы.

Гумустың құрамы мен қасиетін саралау бүгінгі күннің өзекті экологиялық өзекті мәселесіне айналуы тиіс. Органикалық тыңайтқыш – биогумусқа немесе құрткомпостна алынады.

Құрғақ биогумустың аргохимиялық бағалылығы мынада

– Гумус – 25–35 %

– кез-келген өсімдіктің өсуін жылдамдату, жапырақтарының жанылып өсуіне, жанама бұтақтардың дамуына аса қажетті азоттың мөлшері – 0,8–2 %

– жемістің түзілуі мен салмағының өсуіне қажетті фосфордың – 0,8–2 %

– өсімдіктің сабағы мен жапырақтарындағы тірек ұлпасын нығайтатып, тамыр мен түйнектің дамуына, қоректік заттарды қорға жинау үшін қажетті элементтер:

– калийдің мөлшері 0,7–1,2 %

– магнийдің массалық үлесі хлорофил құрамына кіретін – 0,3–0,5 %

– кальцидің мөлшері 2–3 % құрайды

– биогумустың қышқылдығы – 6,9–7,2 рН


– микрофлорасы – /2 кг/г

– гуминді қышқылдар

– фульвалық қышқылдар және ең бастысы осы аталған заттардың бәрі қатаң түрде өсімдікке қажетті мөлшерде балансты түрде болад

Ауыл елді мекенінде тұратын кәсібі мен нәсібін мал шаруашылығынан пайда көріп отырған шаруа қожалықтарына ұсынылатын кәсіпкерлігіндегі негізгі өндіргіш күштер-құрттар.

Биогумус өндірісі арқылы дамытылатын шаруашылық салалары:



Сурет 1

Құрттарды өсіріп, одан биогумус алу үшін қажетті жәндіктің мөлшерін субстрат текшеметіріне қарай сатып алу керек. Кәсіпкер үшін бұл жобаның патенті мен лицензиясы, сондай-ақ технологиясы заңдастырылуы қажет. Оның басындағы жұмыс үдерісін 4-5 қатар етіп үйілген шикізат және оның ішіне жіберілген құрттар құрайды. Сол құрттар құрамына малдың қиы, ағаш ұнтағы, жапырақтар қосылған шикізаттан өздеріне азық тауып, нәтижесінде табиғи, экологиялық таза биогумус дайындап шығарады. Құрттар бір үйіндегі 45 күн шамасында тұрақтап, осы мерзімде қалдықты өндіріске жарамды етеді екен. Ал жәндіктерге қажетті ылғалды, жылуды, қышқылдықты жасау ісіне тиянақты адам үшін ауыртпалық тудырмайды. Биогумустың бір киллограммы – 300 теңге. Ал құртты асырауға кеткен шығын-мал қиы мен адамның мұқият еңбегі [250].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Гиляров М.С. Бунақденелілердің эволюциясындағы олардың тіршілік ортасы ретінде топырақтың маңызы. Ресей ғылым академиясы баспасы 2008 жыл 260б.

2 Гиляров М.С., Криволицкий Д.А. Топырақтағы тіршілік.

3 Догель В.А. Омыртқасыздар зоологиясы. Оқулық 1981 ж 230б.

4 Пономарева С.И. Жауын құртының топырақ құрылымын өзгертудегі маңызы. Топырақтану оқулығы 2012 ж 180б.

5 Хворостухина С.А. Жауын құрттары және топырақ түзу үрдісі. Агропром баспасы 2011 ж 250б.

РАЗВИТИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

ИСМАГУЛОВА А., КАБИДЕНОВА Т.

ученики, Назарбаев Интеллектуальная Школа ХБН, г. Павлодар

КАСЫМОВА А. М.

учитель-эксперт географии,

Назарбаев Интеллектуальная Школа ХБН, г. Павлодар

Задумывались ли вы когда-нибудь о том, почему в нашей стране большое количество взрослых и детей хотят помочь замедлению загрязнения экологии, но не знают, как именно можно это сделать? Мы задумались об этом, и пришли к выводу, что всё это из-за того, что люди в нашей стране недостаточно экологически просвещены. Многие не сортируют мусор, не знают, как проходит процесс утилизации и откуда вообще возникают экологические проблемы. Эта непросвещенность – довольно серьезная проблема в наши дни. Следует отметить, что данная тема является особенно актуальной, ведь на сегодняшний день за рубежом реализовываются разные проекты на эту тему. Именно поэтому мы решили изучить состояние экологического образования в Казахстане и зарубежных странах.

Качество экологического образования в зарубежных странах можно назвать высоким. Например, в Японии всего четыре этапа экологического образования: изучение организации природы; изучение взаимодействия в природе, его роли в сохранении экосистем; изучение связи природной среды с человеческим обществом, воздействие сохранности экосистем на его благополучие; изучение дисциплины по окружающей среде [1]. Курс экологического образования является частью обучающей программы для детей в группе 4–5 лет в Южной Корее. «Болеет земля – болею и я» – книжка, по которой обучают детей дошкольного возраста. Книжка почти целиком состоит из картинок, поясняющего текста немного, но он хорошо продуман. К книге прилагается рабочая тетрадь, в которой дети раскрашивают, клеят наклейки и отвечают на вопросы. В конце книжки на картинках показано, что каждый из нас может сделать,

чтобы сохранить природу: выбрасывать мусор в нужные контейнеры (сопровождается рассказом о том, что бумажка будет гнить в земле 2–5 лет, деревянные палочки для еды 20 лет, а пластик не меньше 500); по возможности ходить пешком или ездить на велосипеде; сажать деревья и цветы, а не портить их; не злоупотреблять кондиционером летом и выключать свет, чтобы экономить электричество [2]. В Финляндии правилам сортировке мусора обучают еще с детского сада. Уроки проводят в формате игры, раздают брошюры с картинками, а дети приходят домой и начинают учить родителей. Во всех школах стоят такие обучающие урны [3].

Уровень утилизации отходов и экологического просвещения в Казахстане ниже среднего. В нашей стране есть разные компании и проекты, которые занимаются утилизацией отходов. Вот некоторые из них: ТОО «Kazakhstan Waste Recycle» – компания в Алматы занимается сбором вторсырья и предоставляет экобоксы – контейнеры для сортировки; Tazalyk – эко-проект, основанный группой студентов в 2017 году, набрал популярность благодаря своему приложению; Lemonadoff – компания, производящая лимонады, принимает пластиковые бутылки от их соков; RocketPlastic – молодой стартап, который принимает пластик, перерабатывает и создает из него мебель [4].

На сегодняшний день в каждом НИШ установлены баки для сортировки бумаги, однако для остального мусора баков нет. В нашей стране есть лишь одна школа, в которой акцент поставлен на экологическом воспитании, поэтому мы решили предварительно ввести уроки по защите экологии в школе НИШ ХБН г.Павлодар, а также установить баки для сортировки отходов.

Мы провели опрос среди учеников НИШ ХБН г. Павлодар. В опросе участвовали 346 учащихся, средний возраст которых – 15 лет. По результатам оказалось, что больше, чем 80 % опрошенных учеников считают, что сортировка мусора нужна, и 50 % из них сортируют мусор в повседневной жизни. Почти все участники опроса поддерживают идею установления баков в стенах школы, и больше, чем 80 % из них уверены, что остальные ученики НИШ того же мнения. Учащиеся считают, что внутри школы нужно сортировать в первую очередь пластик, бумагу и пищевые отходы. Второе место по необходимости сортировки занимают лампочки и батарейки, пластмасса. Меньше всего голосов собрали стекло, металл, дерево и одежда.

Мы считаем, что лучше всего будет установить баки для сбора пластика, бумаги и пищевых отходов, так как именно эти виды мусора

больше всего распространены в нашей школе. Мы не добавили в этот список, казалось бы, обязательные к утилизации отходы, как батарейки с лампочками или же одежду, потому что в нашем городе установлены специальные баки для использованных батареек и лампочек, а также почти каждый житель сдает ненужную одежду в детские дома и центры помощи. Пластик и бумагу, которые будут накапливаться в баках мы будем сдавать в специальные частные центры утилизации мусора, а пищевых отходы будут использованы в качестве удобрения для школьных растений или же будут проданы разным сельскохозяйственным предприятиям, таким образом, принося дополнительную прибыль школе. Также мы разрабатываем обучающую книжку для старших групп детских садов нашей страны. В книге под названием «Эко-путешествие» дети смогут прочитать о загрязнении земли и правильной сортировке мусора, а также увидеть разные иллюстрации и проверить полученные знания с помощью игр головоломок. Такой подход к детям, в первую очередь, будет прививать мысль о том, что нужно заботиться об окружающей среде, а также будут повышать интерес к чтению книг с раннего возраста.

Исходя из вышеперечисленных данных мы пришли к тому, что загрязнение окружающей среды является актуальной проблемой для Казахстана, а экологическое просвещение обязательно в нашей стране.

В данной статье проведено сравнение между экологическим образованием в зарубежных странах и в Казахстане, а также представлены способы улучшения экологического просвещения в нашей стране. Целью статьи является провести анализ на отношение учеников к сортировке отходов внутри школы и предложить свои способы улучшения экологического образования. Гипотеза нашей работы заключается в том, что большинство людей поддерживают идею экологического воспитания и сортировки мусора, таким образом, доказав, что данная проблема является актуальной и важной по сей день. В ходе исследования был проведен опрос среди учеников Назарбаев Интеллектуальной школы города Павлодар, целью которого состояла в том, чтобы узнать мнение учеников о внедрении экологического образования и предложены способы решения проблемы. Было решено установить баки в школе для сортировки отходов, а также издавать книжки про защиту природы для старших группы детских садов нашей страны. Материалы и методы исследования: литература по данной теме. Сделан вывод о важности экологического образования и знаний возможных последствий загрязнения.

ЛИТЕРАТУРА

1 Экологическое воспитание детей в Японии [электронный ресурс] - https://studref.com/678912/pedagogika/ekologicheskoe_vospitanie_detey_yaponii

2 Как все устроено: эко-образование в детском саду Кореи Концепция формы [электронный ресурс] - <https://letidor.ru/obrazovanie/kak-vse-ustroeno-eko-obrazovanie-v-detskom-sadu-korei.htm>

3 Что нам делать с мусором: опыт в Финляндии [электронный ресурс] - <https://www.yaplakal.com/forum2/topic1942164.html>

4 Переработка мусора в Алматы [электронный ресурс] - <https://the-steppe.com/obshhestvo/rabotaet-li-sortirovka-musora-v-kazahstane>

ПАВЛОДАР – ЕҢ ЖАСЫЛ ҚАЛА (3D МОДЕЛЬДЕГІ)

ҚАБЫКЕН Д. М.

7 сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

ТОМБАЕВА А. Е.


география пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

Туған жер – әркімнің кіндік қаны тамған қасиетті мекені. Оның күні де, түні де, тау – тасы да сарқыраған өзені мен жайқалған көлі де ыстық көрінеді. Менің туып өскен жерім – Павлодар. Әр адамның өз туған жері болады. Туған жерді, Отанды қорғау әр баланың парызы. Қаламыз жылдан жылға көркейіп келеді, оның одан әрі көркеюіне мен де өз үлесімді қосқым келеді.

Әр функционалдық зоналарда өзіне сай пішіндер мен көлемдер тобы ұйымдастырылған. Белсенді ойындарға арналған зона ең үлкен территорияны алып жатыр. Бұл жерде кішкентай балаларға арналған құрылғылар, дамыту ойындары орналасқан, жасөспірімдер мен ересектерге спортпен шұғылдануға арналған құрылғылар, баскетбол алаңы қызмет етеді, қосымша жылыжай және ашық аспанастындағы тамақтану орны ашық түрлі-түстерді қолдану бұл зонаны ерекше көзге түсетін, жағымды аймаққа айналдырады [1, 23 б.].

Рекреацияны дамыту әлеуметтік проблемаларды шешуде маңызды рөл атқарады. Менің мақсатым рекреацияның барлық салаларын қамтитын жобаны әзірлеу және қаланың тұрғындарын мен қонақтары үшін ыңғайлы демалыс орның құру.

Бүгінгі таңда Павлодар қаласында жиырмадан астам саябақтар мен аландар (скверлер) бар. Атап айтсақ



Сурет 1 – Павлодар қаласындағы саябақтардың сызба-нұсқасы

Кесте 1 – Павлодар қаласындағы саябақтардың тізімі

1. Гагарин паркі;	2. Металлургтер паркі
3. Конституция	4. Ардагерлер алаң
5. 3-мыңжылдық алаң	6. Береке алаңы;
7. «Қаздардың қайтуы» ескерткіші	8. «Денсаулық» алаңы
9. Әскери Даңқ мұражайы	10. «Шаңырақ» алаңы
11. Афғандықтардың паркі	12. «Ұстаздар» алаңы
13. Орталық алаң	14. Қалалық бақ
15. Ertis Promenade	16. Павел Васильев атындағы
17. Ардагерлер аллеясы;	18. Назарбаев паркі
19. Театр алаңы	20. Вокзал алаңы

Жобаны зерттеу барысында мен өзім қаламыздың жиырмаға жуық саябақтар мен аландарды аралап, олардың бір-бірінен айырмашылығы жоқ екендігін көрдім.

Павлодар қаласындағы жасыл желек енді сандық жүйе арқылы түгенделеді. Яғни, қала аумағындағы әр ағаш пен бұта арнайы картаға енгізіліп, тиісті номерге ие болады. Қазір ағаштарды есепке алудың электрондық базасы құрылып жатыр.

Қаланың, әсіресе қала тұрғындарының демалыс орындарын көгалдандыру мәселесіне үлкен назар аударылады. Қала аумағында 33 тынымбақ, 5 бульвар Ертіс өзенінің көріктендірілген Орталық

жағажайы бар. Жыл сайын қаланың жасыл аймағы кеңеюде. Сонымен қоса қала аумағы да ұлғаюда.


Жаңадан салынып жатқан «Достық» мөлтек ауданы қаламызды одан әрі көріктендіреді деп ойлаймын. Зәулім көп қабатты үйлер, «Достық» саябағы құрылысын тапса деп армандаймын.

«Павлодар – ең жасыл қала» статусын сақтап қалу болашақ ұрпақтың, яғни біздің мақсатымыз, борышымыз деп ойлаймын.

Енді мен өзімнің аймағымда көргім келетін «Ақылды қала» жобамды таныстырғым келеді. Өздеріңіз білетіндей, қазір ХХІ ғасыр, ештеңе тоқтап тұрған жоқ. Неліктен біздің саябақтар бірнеше онжылдықтардағы күйінде қалған? Сіздерге түсінікті болу үшін мен қаламыздың эскизіне 3D модель дайындадым.




Сурет 1 – Жалпы көрініс



Сурет 2 – Жалпы көрініс (биіктіктен)

Құрғақ фонтан жер бетіндегі арнайы жобаның астында соғылатын су ағысы Ертіс өзенімен жалғасқан.



Сурет 3 – Жаңа үлгідегі спорт алаңы



Сурет 4 – Ашық аспан астындағы дәмхана

Саябақтағы спортзал. Бұл біздің қалада бар, бірақ оларды барлық жерде көрген жақсы емес пе? Шынымен де, қиын және ауыр күндерден кейін менің ойымша, әр адам спортпен айналысуға және денсаулығын сақтауға қарсы емес.

Қазіргі таңда елімізді жайлаған эпидемиялық жағдай, болашақта қайталануы мүмкін, сондықтан да ашық ауада тамақтану бүгінгі таңда басты мәселе болып табылады. Әр ата-ана балаларымен саябаққа келгенде көп уақытын өткізіп, тамақтануды ұмытып кетуі мүмкін. Ол үшін барлық қолайлы жағдайлар жасалу керек, соның ішінде тегін WI-FI, ас-мәзірі.



Сурет 5 – Балаларға арналған ойын алаңы

Балалар кешендері мен скейт алаңы отандық шеберлердің жобасымен жасалынған. Бұл саябақта шахмат, веложол, асық ату алаңы, түрлі-түсті әдемі гүлдер мен газондар төселінген.



Сурет 6 – Жылыжай

Тек демалуға ғана емес жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің жүріп-тұруына арналған бұл жасыл жолақ Павлодар қаласына балама, жаңа «баяу қала» өмірінің үлгісі болады, сонымен қатар жылыжай қаладағы флора мен фаунаның әртүрлігін арттыруға ықпал етеді. Менің ойымша, жылыжай Павлодар қаласының барлық саябақтарынан орын алуға лайықты. Сіз өзіңізге «қарапайым саябақтарға жылыжай не үшін қажет?» деген сұрақ қоясыз. Сонымен міне жауап!

Ол еңбекке баулу және балаларды оқыту мәселелерін шешуге көмектеседі. Жылыжайда жұмыс істей отырып, балалар микроклимат элементтерін - ауа мен топырақтың температурасын, ауаның ылғалдылығын және басқаларын егжей-тегжейлі зерттей

алады, олар жылу, жарық, минералды және су режимін және ауаның тамақтануын бақылау әдісін игереді. Олар өсімдіктерді зерттеудің негізгі дағдыларына ие болады.

«Достық» мөлтек ауданындағы тұрғын үй аймағының рекреациясын жобалау кезінде жобаның негізгі мақсаттары мен міндеттері ескерілді. Қазіргі заманғы материалдар мен құрылымдарды пайдалану аумақта қажетті жайлылық пен қауіпсіздік жасайды. Барлық жүргізілген жұмыстардан кейін аумақ бірнеше аймақтан тұратын болады. Белсенді және тыныш демалуға арналған орындар пайда болады. Бұл жерде тек ересектер мен балалар ғана емес, сондай-ақ тұрғындардың аз мол тобы да демала алады. Осы жобаның негізгі мақсаты осындай аумақты жобалаудың шетелдік тәжірибесіне сүйене отырып, тұрғындар үшін жағдай жасау. Бұл ретте барынша бастапқы рельеф сақталады, сондай-ақ жаңа ағаштар, бұталар мен гүлдер отырғызылады. Шағын сәулет нысандары мен сәндік элементтерге ерекше көңіл бөлінеді.

Мөлтек ауданның өсуіне оны индустрияландыруда бір қатар елеулі экологиялық проблемалар анықталды: қоршаған табиғаттың экологиялық жай-күйін сақтау және жақсарту, табиғи ресурстарды (ағаштарды) ұтымды пайдалану, қоныстандырудың топтық жүйелерінің ішінде ұзақ және қысқа мерзімді демалысты рекреациялық аумақтарды дұрыс ұйымдастыру жолдары мен ұлтты сауықтыру болып табылады [2, 190 б.].

Дәл осындай қалада сіз өмір сүріп, балаларды тәрбиелегіңіз келеді деп сенемін, өйткені біз өз еліміздің болашағымыз!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 ҚР ҚН 3.01.01.-13 - «Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу», Астана, 2013. – 236.

2 А.К.Капанов, С.К. Баймағамбетов, «Архитектура и градостроительство» – Алматы, DIDAR -1998. -190б.

3 Ертістің Павлодар өңірінің әдеби картасы [Электрондық ресурс] - https://tile3.maps.2gis.com/tiles?x=731&y=336&z=10&v=1&t=g&ts=online_hd

БАЯНАУЫЛ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ САЯБАҒЫНДА ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУЫН ҚАЖЕТТІЛІГІ

КАИРОВ А. Е.

10 «А» оқушысы, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған
лицей-интернаты, Павлодар қ.

Туризм саласы экономиканы дамыту көздерінің бірі болып саналады. Қазақстан Республикасында туризмді дамыту үшін барлық қажетті мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар жеткілікті. Тәуелсіздік алған соң мәдени және тарихи құндылықтарды жаңартуға бағытталған бұл саланы дамытуға алғышарттар жасалды. Сонымен қатар бұл өз кезегінде көліктік, инфрақұрылымдық, сауда орындары, денсаулық сақтау қызметтерін жетілдіруді қажет етеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі өзінің дамудың ұзақ мерзімді бағдарламасында туризмді экономиканың маңызды салаларының бірі деп жарияланды.

Отандық және шетелдік ақпарат көздерінде экологиялық туризмге әр түрлі анықтама беріледі: «жасыл туризм», «техникаландырылмаған туризм», «бейімделген туризм [1, б. 59].

Әрине, «экологиялық туризм» ұғымы жер шарының адам аяғы баспаған, әрі пайдаланылмаған жерлерімен саяхат жасауды ғана білдірмейді. Қазіргі уақытта бұл ұғым кең ауқымды қамтиды. Ол экологиялық туризмнің басты мақсатымен анықталады: табиғатпен бірігу, оның түпкілікті маңызын ұғыну және қорғау қажеттілігін түсіну. Сонымен қатар оның көркемдік, экзотикалық, қайталанбас табиғат құбылыстары мен объектілер арасындағы тығыз байланысты білдіретін, адамның ғылыми аймақтанушылық қажеттіліктерін қанағаттандыруын білдіруге болатын айта кеткен жөн.

Елді мекендерді көгаландыру бағдарламасы бойынша: қала, елді мекендердің көгаландыру аймағының экологиялық картасын жасау, көгаландыру аймағының агро-экологиялық ландшафтық ерешеліктерін алдын-ала анықтау; елді мекен, қала іші-сыртындағы кішігірім орман-тоғайды қалпына келтіруді жоспарлау және оның мерзімін белгілеу, ірі қала елді мекендердегі ғимараттарды, құрылыстар салуды экологияландыру және жергілікті жердің табиғи-тарихи ерекшеліктерін ескеру, елді мекендерді көгаландыруды «экологиялық соқпақ» моделі арқылы жүзеге асыру керек. Туризм индустриясын дамытуда экологиялық соқпақ басты міндет атқаратыны ескерілуге тиіс.

«Экологиялық соқпақ» дегеніміз – табиғат қорғау ісінде экологиялық білім мен тәрбие беруге, оны көпшілік арасында насихаттауға бағытталған, әрі экологиялық ақпаратқа толы, ұйымдасқан және белгіленген маршрут немесе демалыс орны. Экологиялық соқпақта оқу экологиялық білім мен тәрбие беру процесін үйрету ғана емес, жасөспірімдердің еркін түрде ақпаратты қабылдау, табиғи ортада жүріс-тұрыс ережесін сақтау мақсатын көздейді. Табиғат соқпағында экологиялық білім беру және тәрбие беру мәселелері шешілуімен қатар, олардың дұрыс ұйымдастырылуы табиғатты қорғау шараларына жәрдемдесуі [4, б. 265].

Экологиялық соқпақты құру төрт міндетті шешуге бағытталады: экологиялық білім беру; экологиялық тәрбие беру; демалысқа келушілердің демалысын ұйымдастыру; в) экологиялық соқпақ маңындағы табиғатты қорғау.

В. П. Чижов ұсынған экологиялық соқпақты ұйымдастыру әдістемесі табиғатты қорғау іс-әрекетінің жаңа нұсқасы болып саналады. Олар өзара байланысқан үш мақсатты анықтайды: рекреация, білім және тәрбие беру [3, б. 176].

Экологиялық соқпаққа келесі негізгі талаптар қойылады: демалысқа келушілер үшін тартымдылық. Бұл үш құрамдас бөліктен тұрады: табиғат әсемдігі, оның жекелігі және алуантүрлілігі. Жорық кезінде соқпақтың негізгі қасиетінің бірі табиғат көрінісі екенін ескеру қажет. Осыған қоса әрбір соқпақ басқаларынан тек табиғи ерекшелігімен ғана емес, сондай-ақ безендірілуінде айшықталуы шарт: мысалы, жорықтың әртүрлі түрлері, көпірлері, тұрақты нұсқаушылары, айшықты белгілері. Ақпараттық мазмұн – адамдардың танымдылық мұқтажықтарын қанағаттандырады. Бұл жол көрсетуші – гидтің міндеті, әрбір жеке соқпақ, плакат, кітапша және соқпақтың жоспары туралы ақпарат беріп отырады. Ұқсас ландшафтардың қатары бірегей нысандармен баламалануы керек. Кітапшалар экологиялық соқпақтың сипаттамасы мен «антропогенді» фактормен табиғи қасиетін байланыстырудан тұрады. Мұнда сонымен бірге, өлкенің тарихы мен аңызын және т.б. қосуға болады.

Ұлттық саябақтардың аумағында экотуризмді дамыту қосымша табыстың көзі бола алады. Табыстың көзі әртүрлі болуы мүмкін: туризм саласына қажетті жер телімдерін жалға алу, саябаққа кірудің қосымша бағасын жасау және фирмалардан бөлек жазғы уақытта келушілер арасында атпен серуендеу жорығы мен су жорығын ұйымдастыруды жоспарлауға болады [2, б. 184].

Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы – Павлодар облысының оңтүстік-шығысында (Баянауыл ауданында) Екібастұз қаласынан 100 шақырым жерде Орталық Қазақстандағы ұсақ шоқылардың шетінде орналасқан. Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының қатарына кіреді. Саябақ 1985 жылы құрылып, Қазақстанның бірінші ұлттық саябағы болып табылды. Баянауыл тау сілемінің табиғи өсімдік әлемі мен жануарлар әлемін сақтау және қалпына келтіру қажеттілігі саябақтың құрылуына негіз болды. Саябақтың жалпы аумағы 68 453 га. Құрайды [10, б. 75].

Саябақтың аумағы Қазақтың ұсақ шоқылары шегінде орналасқан, ол жоғарғы палеозой кезеңінің өзінде ірі таулы мекен ретінде қалыптасып, құрлықтық құлдыраудың ұзақ тарихын басынан кешірді, сондықтан қазіргі уақытта шағын биіктіктері бар (теңіз деңгейінен 400-ден 1027 м-ге дейін жоғары). Баянауылдың ең жоғары нүктесі (1027 м) – Ақбет тауы. Саябақтың аумағында үш ірі тұщы көл – Сабындыкөл, Жасыбай және Торайғыр көлдері орналасқан. Олардан басқа шағын көлдер көп, кейбіреуі құрғақшылық кездерде тартылып қалады. Ең ірісі – Сабындыкөл, оның жағасында Баянауыл кенті орналасқан.

Саябаққа келетін туристердің ағымын жоғарылату мақсатында және мамандар бейнесін көтеру үшін, туризм бөлімінде жұмыс атқаратын жұмысшылармен 18 туристік жорық жасалынды. 2006 жылы қаражат көздерінің жетіспеушілігінен тек 6 бағыт бойынша жорық жүзеге асты. Туристердің физиологиялық мүмкіндіктері мен жорықтың ұзақтылығына байланысты жаяу, ат жорығы, велосипедпен көлік (автобус) жорықтары жүзеге асырылды [5, б. 230].

Негізгі аспектерді қамтитын этолонды жорықтар ұсынылады: «Соқпақтың тарихы бойынша». Жорықтың бағыты: турбаза – Жасыбай көлі, Писаница жартасы – турбаза. Жорықтың негізгі нысандары: Жасыбай көлі, Писаница жартасы. Тоқтау және аялдау орны: Писаница жартасы. Жорықтың ұзақтылығы – 3 км. Уақыт ұзақтылығы – 3 сағат.

«Оқу жорығы». Жорықтың бағыты: турбаза – С. Торайғыров атындағы ПМУ Баянтау – Баянауыл ауылы – Ақбет тауы – Жасыбай көлі – ескі өткел – Баянауыл ауылы – турбаза. Жорықтың негізгі нысандары: Сабындыкөл көлі, Баянауыл ауылының көрікті жерлері, Ақбет тауы, Жасыбай көлі, Жасыбай батыр мазары. Тоқтау және аялдау орны: Баянауыл ауылы, Ақбет тауының етегі, Жасыбай көлі. Жорықтың ұзақтылығы – 60–70 км. Уақыт ұзақтылығы – 1 күн (жолдағы аялдамаларды қоса).

«Тау соқпақтары бойынша». Жорықтың бағыты: турбаза – Ақбет, Торайғыр көлі – турбаза. Жорықтың негізгі нысандары: Қырғиш шатқалы, Ақбет тауы, Торайғыр көлі, С. Торайғыровтың мазары. Тоқтау және аялдау орны: Қырғиш шатқалы, Торайғыр көлі. Жорықтың ұзақтылығы – 25 км. Уақыт ұзақтылығы – 10 сағат.

«Қоңыр әулие үңгірінің құпиясы». Жорықтың бағыты: турбаза – Саймантас жары - турбаза. Жорықтың негізгі нысандары: Саймантас жары, Қоңырәулие үңгірі. Тоқтау және аялдау орны: Саймантас жары, Қоңырәулие үңгірі. Жорықтың ұзақтылығы – 45 км. Уақыт ұзақтылығы – 6–8 сағат.

«Сабындыкөл көлі – С. Торайғыровтың мазары». Жорықтың бағыты: Сабындыкөл көлі – С. Торайғыровтың мазары. Жорықтың негізгі нысандары: Сабындыкөл көлі, Жасыбай көлі, Найзатас жары, Кемпіртас жары, Айманбұлақ бұлағы, Торайғыр көлі, С. Торайғыровтың мазары. Тоқтау және аялдау орны: Кемпіртас жары, Торайғыр көлі. Жорықтың ұзақтылығы – 70 км. Уақыт ұзақтылығы – 8–10 сағат.

«Жасыбай көлі – Жасыбай батыр мазары». Жорықтың бағыты: Жасыбай көлі – Жасыбай батыр мазары. Жорықтың негізгі нысандары: Жасыбай көлі – Жасыбай батыр мазары. Тоқтау және аялдау орны: Жасыбай көлі. Жорықтың ұзақтылығы – 6 км. Уақыт ұзақтылығы – 4 сағат.

«Жасыбай көлі – Көгершін жартасы». Жорықтың бағыты: Жасыбай көлі – Көгершін жартасы. Жорықтың негізгі нысандары: Жасыбай көлі, Найзатас жартасы, Кемпіртас жартасы, Көгершін жартасы. Тоқтау және аялдау орны: Кемпіртас жартасы, Көгершін жартасы. Жорықтың ұзақтылығы – 10 км. Уақыт ұзақтылығы – 1 күн (жолдағы аялдамаларды қоса).

«Ғажайып тастар мекені». Жорықтың бағыты: турбаза – Найзатас жартасы – Кемпіртас жартасы – турбаза. Жорықтың негізгі нысандары: Найзатас жартасы, Кемпіртас жартасы, Көгершін жартасы, әсем жартастар, Айманбұлақ бұлағы, Торайғыр көлі, С. Торайғыровтың мазары. Тоқтау және аялдау орны: Кемпіртас жартасы, Торайғыр көлі. Жорықтың ұзақтылығы – 50 км. Уақыт ұзақтылығы – 8 сағат.

«Жасыбай көлі». Топ Жасыбай көліндегі рекреациялық зонада қалыптасады. Қатысатындардың саны – 15–20 адам. Жорық шығыс алаң, Жасыбай мазары, Баянауыл ауылы (оның ішінде Қ. И. Сатбаев мұражайына барады) арқылы өтіп, ары қарай Жасыбай көліне апаратын Серпантин және Ботаникалық соқпақ жолымен жалғасады.

«Жасыбай көлі – Сабындыкөл көлі». Топ Жасыбай көліндегі рекреациялық зонада қалыптасады. Қатысатындардың саны – 15–20 адам. Ары қарай шығысқа бет бұрып Сабындыкөл көлінің оң жақ жағалауына өтіп, көлге құятын Балықты кілт бұлағына шығады.

«Құлақ аңғары». Топ Жасыбай көліндегі рекреациялық зонада қалыптасады. Қатысатындардың саны – 15–20 адам. Ең қысқа жорықтардың бірі, бірақ қызықты әсерлерге толы жорық. Жорық Аңғар жаңғырығынан Мыстан шатқалына дейін өтеді.

«Жасыбай көлі – Қарағанды шатқалы». Топ Жасыбай көліндегі рекреациялық зонада қалыптасады. Қатысатындардың саны – 15–20 адам. Жорық Аңғар жаңғырығы арқылы Мыстан және Қарағанды шатқалына дейін, ол жерде ерекше әсем алаң орналасқан [8, б. 156].

Ақбет тауы. Бұл ең күрделі жорықтардың бірі, себебі осы жорықтың мүшелеріне Баян тауының ең биік шыңы Ақбетке шығу көзделген. Топ (15–20 адам) Жасыбай көлі рекреациялық зонасында қалыптасады. Жорық Эхо мекені арқылы өтеді. Жорықтың мүшелері Ақбет тауына шығып, тайдың шыңына жеткенде Баян тауы мен көлінің әдемі көрінісін тамашалауға болады. Таудан түскеннен кейін Баянауыл ауылынан Жасыбай көліне дейін жетіп, топтағы адамдар турбазаға оралады [9, б. 96].

Баянауыл тауларында беске жуық ірі үңгірлер орналасқан, осы үңгірлер арқылы спелеотуризм үшін арнайы жорық ұйымдастыруға болады. Мұндай жорық Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының ірі үңгірлерін қамтуы мүмкін.

Экологиялық және рекреациялық туризм бойынша іс – шаралар жоспарлаудың негізгі көрсеткіші ретінде территорияның рекреация сыйымдылығы болып табылады [6, б. 780].

Қазіргі кезде саябақтың туристік мақсатта пайдалатын жерінің ауданы 15247,6 га құрайды. Саябақта демалатындардың сандық мөлшері күніне 12400 адамнан аспауы қажет.

Саябақтың аумағында демалыс орындары бүгінгі күні жеткіліксіз. Әрі бұл демалыс орындары шағын және орташа кәсіпкерлердің иелігінде. Олар қазіргі экологиялық, әсемдік және табиғатты қорғау талаптарына жауап бермейді.

Қорыта келгенде, экологиялық туризмді дамыту және экотуристік әлеуетті жоғарлату үшін келесі шараларды қолға алған жөн:

– біріншіден, ұлттық саябақтарға туристердің келуін реттеп шектеу қою;

– екіншіден, экотуризмнің даму үшін қорықтардың ерекше қорғалатын аймақтарын рационалды пайдалану;

– үшіншіден, ерекше қорғалатын аумақтардағы жорықтардың жоспарлары мен пайдалану режимі табиғи кешендерді сақтауды қамтамасыз ету және оның жағдайын бақылауда ұстау;

– төртіншіден, экотуристерді қорғалатын аумақтарға емес, жақын жердегі ауылды мекендерге орналастыру керек, бұл қорғалатын аумақтың экотуризміне аз да болса кері әсерін тигізбеуге көмектеседі [7, б. 237].

Аумақтық рекреациялық әлеуеттің жоғары болу үшін ұлттық табиғи парктің практикалық іс шаралары өзара үйлесімді және тиімді орындалуы қажет. Сонымен қатар, туризмнің экологиялық-танымдық түрлерін тұрақты дамыту маңызды факторларының бірі болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Алиева Ж.Н. Экологический туризм: Учеб.пособие.- Алматы: «Қазақ университеті», 2002.- 59 с.

2 Ердавлетов С. Р. География туризма: история, теория, методы, практика.- Алматы, 2000.- 265 с

3 Чижов, В. П. Рекреационные ландшафты: устойчивость, нормирование, управление: монография / В. П. Чижова. – Смоленск: Ойкумена, 2011. – 176 с.

4 Архипенко, Т. В. Проблемы рекреационного использования особо охраняемых природных территорий / Т. В. Архипенко, Г. В. Дудко // Проблемы и перспективы развития туризма в странах с переходной экономикой: Материалы междунар. науч.-практической конференции. – Смоленск.: СГУ, 2000. – 184 с.

5 Zhakupov, E. Atasoy. An Evaluation of recreational potential of BSNNP in order to increase the touristic image of the Pavlodar region. Oxidation communications. (Tomson Reuters баспасы) Vol.37, No 3, 2014. – 872 p.

6 Жакупов А. А. Павлодар облысының аумақтық рекреациялық жүйесінің табиғи ресурстық әлеуеті: Монография.- Нұр-сұлтан, 2020. – 230 б.

7 Буренков В. Баянаул.- А-А: Кайнар, 1979- 156 с.

8 Приймак Д. Баянаул заповедный. А-А.: Казахстан, 1982.- 96с

9 Сергеева А. М., Сапаров К. Т. Экологические тропы Баянаульского государственного национального природного парка. // Материалы IV Междунар. науч.-практ. конф. Непрерывное географическое образование: новые технологии в системе высшей и средней школы. Республика Беларусь.- Гомель, 2013. – 780 с.

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ОЦЕНКА СОСТАВА ЗУБОВ ЧЕЛОВЕКА В РАЗЛИЧНЫХ РАЙОНАХ ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ

КУМПЕКЕЕВА Д. Ж

ученик 9 «А» класса, Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар
ОМАРГАЛИЕВА А. Д.

ученик 9 «Е» класса, Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар
АСЫЛБЕКОВА Г. Е.

к.б.н., доктор PhD, доцент высшей школы естествознания,
Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар

КОЩЕГУЛОВА Б. Б.

учитель биологии, Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар

В связи с переходом к индустриализации, биологический мониторинг за уровнем содержания химических элементов в урбоэкосистемах приобретает исключительное значение. Загрязнение акваторий занимает все большее распространение. Концентрация элементов в живом организме растет с увеличением их во внешней среде, большее количество поступает с пищей, питьевой водой, меньше с вдыхаемым воздухом и через кожу. Четыре миллиона тонн в год в Казахстане поступает в атмосферу токсических веществ от стационарных источников. Из них 50 % от теплоэнергоисточников; 33 % от предприятий горной и цветной металлургии. В связи с этим необходимы новые подходы в изучении концентрации химических элементов в урбоэкосистемах [1, с. 76].

Павлодарский регион является одним из промышленных центров Казахстана. Более 50 лет на здоровье населения оказывается большой стресс. В последнее десятилетие отмечается ухудшение состояния здоровья населения, что обусловлено не в последнюю очередь воздействием факторов социально-экономического и экологического характера [5, с. 5].

Биосубстраты в качестве биоиндикаторов используются не только при оценке степени экологического благополучия среды, но также известно их применение в криминалистике. Например, работа доктора биологических наук Крымовой Т. Г. «Система комплексного исследования признаков человека на основе результатов анализа элементного состава костной ткани» свидетельствует об использовании костный останков в том числе и зубных тканей как индикатор личности найденных визуально не опознаваемых тел погибших [6, с. 3].


Цель проекта заключается в использовании археологического материала (зубов людей) проживавших на территории Павлодарской области (в период VIII–VII века до н. э, с X–XII века и начало XXI века) для оценки изменяющейся окружающей среды региона.

Новизна: Использование археологического артефакта в качестве биоиндикатора урбоэкосистемы Павлодарского Прииртышья в разные временные рамки.

Практическая значимость: Полученные результаты спектрального анализа геохимии зубов древних людей, способствуют выявлению специфики накопления в них минеральных элементов и тем самым позволяют построить хронологию трансформации образа жизни населения в казахских степях. Также сравнительный анализ геохимии зубов древних и современных людей покажет предположения о взаимосвязи экологии человека и развитие индустрии. По научным данным, на сегодняшний день почти вся среда, в которой находится человек, является техногенным [7, с. 2].

Основываясь на зависимости разнообразия минеральных элементов в организме от внешних факторов, в качестве биоиндикатора были использованы зубы (маляры) людей, проживавших на территории Павлодарского региона в период VIII–VII века до н. э, с X–XII века и начало XXI века. Используя зубы людей, живших в разные эпохи истории, можно выявить специфику накопления в них минеральных элементов и тем самым построить хронологию трансформации образа жизни населения в казахских степях. Также сравнительный анализ геохимии зубов древних и современных людей покажет предположения о взаимосвязи экологии человека и развитие индустрии.

Исследуемые артефакты были получены в процессе раскопок вблизи села Сычевка, Тлектес, Набережная, Григорьевка, Ямышева, на территории Колбасунской башни, Могильников Кызылтан и Шидерты (Рисунок – 3). Общее число исследуемых объектов составило 21, из которых 15 зубы древних людей и 7 современных. Их нумерация начинается от 1 до 21.



- 1 – Шидерты; 2 – Теренкольский р-н; 3 – с. Тлектес;
 4 – с. Набережное; 5 – с. Сычевка; 6 – с. Байдала; 7 – с. Григорьевка; 8 – с. Григорьевка; 9 – с. Ямышево;
 10 – Калбасунская башня; 11 – Могильник Ауликколь;
 12 – Майский р-н Калбасунская башня; 13 – Калбасунская башня;
 14 – Калбасунская башня; 15 – Могильник Ауликколь;
 16–22 – Зубы совр-х людей, живших в г. Экибастуз.
 Рисунок 1 – Места обнаружения артефактов (№)

Согласно историческим данным, в VIII-VII вв. до н. э. в жизни населения произошли серьезные изменения, связанные с освоением железа и переходом на кочевой способ производства [3, с. 44].

В начале I тысячелетия до н. э. в Казахстане происходит изменение климата, связанное с усыханием климата. Луга, на которых располагались пашни населения эпохи бронзы, оказались без увлажнения, что подорвало экономическую базу комплексного придомного скотоводческо-земледельческого хозяйства. Это создало благоприятные условия для перехода населения к полукочевому скотоводческо-земледельческому хозяйству, когда большая часть населения периодически кочует со скотом на сезонных пастбищах, часть занимается земледелием на зимних стоянках [4, с. 32].

Кочевое скотоводство привело к большому подъему производительных сил, росту избыточного продукта, благосостояния населения. Изменения в хозяйстве населения Казахстана привели к серьезным последствиям [2, с. 22].

Содержание микро и макроэлементов определялось с помощью рентген-флуоресцентного анализатора БРА-18 «Буревестник» (Рисунок – 5).



Рисунок 5 – Рентген-флуоресцентный анализатора БРА-18 «Буревестник»

Особенностью метода РФА является возможность одновременного выполнения анализа качественного состава и количественного содержания элементов в сложных многокомпонентных смесях с погрешностью $10^{-2}\%$ при достаточно малых образцах пробы, в пределах нескольких граммов. Метод является экспрессным, даже в ручном управлении время анализа не превышает 100 секунд [6, с. 3].

Для точности анализа исследуемое сырье измельчалось до частиц, проходящих сквозь сито с размером ячейки 0.2–1 мм. Масса каждого образца составила 8,24 грамма. Порошкообразная проба засыпалась в специальную нержавеющую кювету, дно которой накрывалась лавсановой пленкой. После чего каждый образец ставился в дубле. Сначала подбирался оптимальный режим исследования, т. е. работа проводилась при экспозиции 30 секунд, напряжении 19 кВт и силе тока 120 мкА. Далее снимали спектр по каждому образцу. По полученным спектрам проводился качественный, а затем количественный анализ элементов. Данные рентгеноспектрального анализа оформлялись в виде стандартных протоколов, состоящих из графика спектра, отражающего степень накопления флуоресценции в образце, а также таблицы со значениями массовых долей элементов в образцах (в %).

В таблице № 2 показан период в которых проживали носители исследуемых биосубстратов, ниже в строке количество

найденных артефактов на территории Павлодарского региона в данном временном периоде жизни и их нумерация, а на рисунке – 3 изображены места обнаружения артефактов, зубы, относящиеся к железному веку, их номера № 1 и № 2, были найдены близ района Теренколь и реки Шидерты.

Таблица 2 – Систематизация объектов исследования

Датирование	Ранний железный век	X–XII	Начало XXI
Кол-во образцов	2	6	7
Нумерация образцов	1–2	3–8	9–15

Для каждого исследуемого зуба независимо от периода жизни человека, используется стандартный принцип работы. Это: сбор материала; подготовка к спектральному анализу; проведение качественного и количественного анализа зубов; сопоставление полученных результатов с литературой.

По итогу исследования проводится сравнительный анализ всех данных. Здесь отражаются изменения в составе химических элементов организма человека с переходом к современности.

Археологическим центром были предоставлены черепа людей, сохранились они в удовлетворительной форме, четко прослеживалось анатомическое строение, согласно значительному уплотнению венечного шва, упрощение его строения и полному зарастанию стреловидного шва, возраст человека составил 40–50 лет, а обнаруженные находки в могиле говорят о его принадлежности к воину. Используя подручный материал, удалось вырвать из нижней челюсти большой второй маляр с правой стороны. Сразу после удаления зуба, он был помещен в защитный пакет, на котором была проставлена датировка сбора, соответствующий номер и места обнаружения данного захоронения (Рисунок 6).

Далее для проведения спектрального анализа, необходимо подготовить биосубстраты к анализу, используя строго керамическую посуду, измельчить зубы до порошкообразного состояния. На рисунке-7 изображён процесс измельчения образцов до единого состояния, а также помещенный в защитный пакет с датировками.



Рисунок 7 – Подготовка сырья в естественных условиях до воздушно-сухого состояния

После доведения сырья в естественных условиях до воздушно-сухого состояния и измельчалось до частиц, проходящих сквозь сито с размером ячейки 0.2–1 мм. Порошкообразная проба засыпалась в специальную нержавеющую кювету, дно которой накрывалась лавсановой пленкой, затем каждый образец ставился в дубле. Сначала подбирался оптимальный режим исследования. Далее снимали спектр по каждому образцу. По полученным спектрам проводился качественный, а затем количественный анализ элементов. Данные рентгеноспектрального анализа оформлялись в виде стандартных протоколов, состоящих из графика спектра, отражающего степень накопления флюоресценции в образце, а также таблицы со значениями массовых долей элементов в образцах (в %). Данная последовательность работы характерно для каждого образца, не зависимо от исследуемого периода.

Данная работа позволила связать археологические артефакты (нескольких веков) с современностью. Подобные исследования позволят строить прогнозы развития края.

В данном исследовании образцом выступали зубы людей, РФА бра-18 показал химические элементы и их концентрации, сформировав картину влияния техногенеза на здоровье населения. Мы провели спектрометрический анализ зубов древних людей, полученные данные помогли увидеть трансформацию жизни древнего населения степи. Геохимические исследований зубов позволили создать картину изменения экологии человека. Информация о биосубстратах (зубах) современного населения и древнего показала предположения о взаимосвязи экологии человека и развитие индустрии.

Выводы:

Изучение биосубстратов позволило определить уровень содержания вредных веществ в организме жителей Павлодарского Прииртышья.

Изменения в зубах жителей региона разных исторических периодов напрямую связаны с урбанизационными процессами, ростом промышленности.

Сравнительный анализ показал динамику наличия токсичных веществ в организме человека, их накопления в зубах в период между серединой XX вв. и по сегодняшний день. Содержание кальция в зубах уменьшилось в 4 раза, а тяжелые металлы как натрий, стронций превышают норму содержания в 2 раза.

Павлодарский регион богат историко-археологическими местами, позволяющими использовать биоматериалы для проведения оценки окружающей среды в разные исторические периоды и показать наличие изменений в организме человека. Анализируя нынешнюю экологическую обстановку и полученные данные, видно связь развития техногенеза, с появлением и увеличением концентрации тяжелых элементов в воде, почве и в живых организмах [3, с. 212].

ЛИТЕРАТУРА

1. Б.Б. Габдулхаева, Л.В. Резник, Г.К. Даржуман, Н.П. Корогод// состояние экологии Павлодарской области. Журнал БНК №2. г.Павлодар. г. 2017. С. 95.
2. Абиля Е.А. История государства и права Казахстана: Курс лекций. /3-е изд. перераб. и доп. Караганда: ТОО «Учебная книга», 2005.- 256 с.
3. Жунусова, А.Т. Жанибекова, М.Ю. Клеменко// Элементный анализ снегового покрова г. Павлодар. С. 215
4. Кузембайулы А., Абиля Е.А. К 89 История Казахстана: Учебник для вузов. 8-е изд. перераб. и доп./ - Костанай: Костанайский региональный институт исторических исследований, 2006. - 350 с.
5. А.В. Поддубный // Экологические проблемы и устойчивое развитие регионов 2002г. С.145
6. Крымова Т.Г.// Система комплексного исследования признаков человека на основе результатов анализа элементного состава костной ткани. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора биологических наук.г. Москва. 2008. С 10.
7. Е.В. Попова. Г.И. Эдокова// Влияние окружающей среды на экологический портрет человека. Кафедра анатомии, физиологии человека и животных ГАГУ. г. Тюмень,2006 г. С 4.

**«ФЛУКТУИРЛЕЙТІН АСИММЕТРИЯ» ӘДІСІ АРҚЫЛЫ
ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН
ТИІМДІ ГЕОУРБАНИСТИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫ САРАЛАУ**

КУНЯЗОВА Д. Е.

7 «В» сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

ТЮЛЕГЕНОВ С. Б.

география пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

Зерттеу өзектілігі. Ауылдық елді мекендердегі халықтың инфрақұрылымы дамыған, мәдениет пен руханият және басқа да өркениет ошақтары шоғырланған қалаға көшуі заңды құбылыс. Бұл бізде ғана емес, бүкіл әлемде болып жатқан тенденция. Қалаға көшіп келген адам сатып алатын пәтер орналасатын мөлтек ауданды таңдау кезінде бірнеше көрсеткіштерге баса назар аударады. Атап айтқанда: пәтер бағасы, орталықтан алшақтығы, инфрақұрылым жағдайы (негізгі өкімшілік ғимараттар, жалпы білім беретін мектептер, балалар бақшасы, спорт мектебі, мәдениет үйі, байланыс үйі, кітапхана, емхана, аурухана кешені, мешіт, базар т.б. жақын арада орналасуы). Бірақ тұрғылықты мөлтек ауданды таңдау кезінде ол жердің қоршаған ортасының сапасына басты назар аударылмайтының пайымдауға болады [2, б. 15]. Күнделікті тұрмыстың, яғни өмірінің көп бөлігін осы жерде өткізуіне байланысты және қоршаған ортаның экологиялық жағдайының адам денсаулығына тигізетін тікелей әсерін ескере отырып үй сатылып алатын мөлтек ауданды таңдау кезінде қоршаған ортаның сапасына басымдылық берілуі дұрыс шешім деп санаймыз.

Зерттеу мақсаты: Фитоиндикация әдісі арқылы Павлодар қаласының селитебті аймағының адам өмірінің сапасына жағымды әсер ететін, экологиялық жағдайы тұрақты шағын мөлтек аудандарының рейтингін әзірлеу.

Зерттеу нысаны: Павлодар қаласының селитебті аймағының мөлтек аудандары және осы жерде орналасқан терек ағашының вегетативті (жапырақтары) мүшесі.

Зерттеу жаңалығы: «Флуктуирлейтін асимметрия» әдісімен тұрғылықты жердің ауа сапасына экологиялық мониторинг жүргізу арқылы селитебті аудандарының қоршаған ортасының экологиялық сапасына баға беру бұл жұмыстың жаңалығы болып табылады.

Зерттеу болжамдары: Егер Павлодар қаласының мөлтек аудандарына экологиялық тұрғыдан зерттеу жүргізіліп, қоршаған

ортаның сапасына баға берілсе, қаламыздың экологиялық бейнесін анықтап, оны жақсарту бойынша жұмысты жоспарлауға болар еді. Сонымен қатар тұрғындарды пәтер сатып алу кезінде ескерілуі қажет маңызды ақпаратпен қамтамасыз етуге болады.

Зерттеу жұмысы ағаш жапырақтарының «флуктуирлейтін асимметриясы» биоиндикациялық әдісі негізінде жасалынды.

Әдістің қысқаша сипаттамасы: биоиндикациялық зерттеулердің белгілі әдістерінің ішінен тербелмелі асимметрияны талдау әдісі қажетті өлшемдерге толық сәйкес келуі мүмкін (Захаров және т.б., 2000). Морфогенетикалық тәсілде дамудың тұрақтылығы (гомеостаз) бағаланады. Оның тиімділігінің төмендеуі дамудың бұзылуынан туындаған әртүрлі морфологиялық белгілердің қалыпты құрылымынан ауытқулардың пайда болуына әкеледі. «Қоршаған ортаның денсаулығын» бақылау немесе тіршілік ету ортасын бағалау үшін «жапырақтардың тербелмелі асимметриясын» қолдану кеңінен пайдаланылады [1, б. 30].

Жұмыс барысы:


1. Бірінші әрекетте әр өлшенген жапыраққа әр белгісі үшін асимметрияның салыстырмалы мәні есептеледі (5 белгі). Ол үшін сол жақтағы (L) және оң жақтағы (R) өлшемдер арасындағы айырмашылық бірдей өлшемдердің қосындысына бөлінеді: $(L-R)/(L+R) = X_1$ (әр белгі үшін салыстырмалы асимметрия). Деректер әр белгі бойынша кестеге енгізіледі.

2. Екінші әрекетте әр жапырақ үшін ассимметрия көрсеткіші 5 белгімен есептеледі. Ол үшін ассимметрияның салыстырмалы шамаларының мәні әр белгі бойынша жинақталады және белгілер санына бөлінеді (бұл жағдайда 5 белгілері). Бұл көрсеткіш берілген жапырақтың ассимметриясының мәні деп аталады: $x_1+x_2+x_3+x_4+x_5/5=Y_1$.

3. Үшінші әрекетте даму тұрақтылығының интегралды көрсеткіші есептеледі – атрибуттағы тараптар арасындағы орташа салыстырмалы айырмашылықтың мәні. Ол үшін әр жапырақ үшін ассимметрияның барлық шамаларының орташа арифметикалық мәні есептеледі (бір адамнан кемінде 10 жапырақ немесе 10 адамнан 1 жапырақ). Біздің жағдайда қажетті мән: $Y_1/10 = P$.

4 қосындысы. Әрі қарай, әртүрлі нүктелерде (мекендейтін жерлерде) алынған жапырақтың «тербелмелі асимметриясының» осы көрсеткіштері В. М. Захаров (2000) жасаған бес балдық шкала бойынша салыстырылады. Өсімдіктерді таңдау. Өсімдіктерді таңдағанда, өсімдіктің зерттелетін түрге жататындығын, жеке

дененің өсу жағдайларын және өсімдіктің жас жағдайын анықтаудың айқындылығын ескеру қажет.



Сурет 1 – М. В. Захаров бойынша жапырақтың морфометриялық өлшемдері

(1–5) – жапырақтың өлшемдері: 1 – жапырақтың жартысының ені (өлшеу жапырақ пышағының ортасында жүргізілді); 2 – екінші ретті тамырдың түбінен екінші ұзындығы; 3 – екінші ретті тамырдың бірінші және екінші тамырлары арасындағы қашықтық; 4 – осы тамырлардың ұштары арасындағы қашықтық; 5 – негізгі тамыр мен екінші ретті тамырдың жапырақ негізінен екінші ретті тамыр арасындағы бұрыш [8, б. 15].

Г. И. Румянцев бойынша әр түрлі факторлардың тұрғындар денсаулығына әсерін талдау барысында «тұрғын ортаның» жинақты әсері 16,5 % құрайтыны анықталды. Оның ішінде тұрғындар денсаулығына айтарлықтай дәрежеде ауаның химиялық ластануы (6 %) әсері бар екенін есепке ала отырып мөлтек аудандар ауасының экологиялық жағдайына «флуктуирлейтін асимметрия» әдісі көмегімен баға беру міндеті қойылды (кесте 1) [3, б. 86].

Кесте 1 – Әртүрлі факторлардың тұрғындар денсаулығына әсері (Г. И. Румянцев бойынша, 1990)

Факторлар	Ескерілген көрсеткіштер	Әсер ету дәрежесі, %
Тұрғын орта	Тұрғын аудан	4,5
	Орман бағына дейінгі қашықтық	1,0
	Ауаның химиялық ластануы	6,0
	Шу	4,0
	Көлікте ұзақ уақыт жүру	1,0
	Тұрғын ортаның жинақты әсері	16,5

Өндірістік	Химиялық зияндылықтармен байланыс	5,5
	Шу	5,0
	Кәсіптік стаж	6,0
	Еңбектің ауысуы мен сипаты	2,0
	Өндірістік факторлардың жинақты әсері	18,5
Әлеуметтік	Білім алу	4,0
	Отбасы жағдайы	0,5
	Орташа табыс	0,2
	Әлеуметтік факторлардың жинақты әсері	4,7
Өмір салты	Шылым шегу	9,0
	Үй жұмысының ұзақтығы	1,0
	Дене шынықтыру мен спортпен шұғылдану	3,5
	Ауада белсенді демалу	9,0
	Демалысты қала сыртында өткізу	2,0
	Өмір салтының жинақты әсері	25,5
Биологиялық	Жасы	10,0
	Жынысы	1,0
	Биологиялық фактордың жинақты әсері	11,0

Павлодар қаласының селитебті аймағының мөлтек аудандарында ауа сапасының биоиндикациялық мониторингі жүргізілген болатын. Зерттеу үшін Павлодар қаласының селитебті аймағында төрт тұрғын мөлтек ауданы таңдап алынды (сурет 2).


Қаланың солтүстік-батыс бөлігіндегі – «химқалашығы», оңтүстігіндегі – «Дачный» және жаңадан салына бастаған «Достық», шығысындағы – «восточный» мөлтек аудандары, сонымен бірге қаланың орталығында (Катаев көшесі және Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы аралығындағы Толстой көшесінің бөлігі) ауаның сапасына фитоиндикация әдісімен экологиялық мониторинг жүргізілген болатын.

Қала орталығына газдардың концентрациясын сейілететін ауа ағындарының, желдердің емін-еркін кіре алмауы мен осы жердегі автокөлік ағындарының белсенді болуын ескере отырып зерттеу жұмысын бастамас бұрын қала перифериясында орналасқан мөлтек аудандардың ауасы қала орталығымен салыстырғанда әлде қайда таза болады деген болжам жасалған болатын [6, б. 55].

Ауа сапасының экологиялық мониторингін жүргізу үшін В. М. Захаровтың 5 балдық шәкілі негізінде бальзамды терек

ағашының жапырақтарына «флуктуирлейтін асимметрия» әдісімен зерттеу жұмысы жүргізілді. Бальзамды теректі (лат. *Populus balsamifera*) таңдап алу себебіміз, ол ағаш қаланы көгалдандыруда жиі отырғызылады және барлық дерлік жерде өседі [8, б. 15].

Шоғырланған аумақтардың селитебтік аймағының антропогендік жүктемесі көміркышқыл газы концентрациясының өсу үрдісімен сипатталады. Осыдан, селитебті аумақтың улы газдармен ластануының негізгі көзі автокөлік болып табылатынын ескере отырып зерттеу материалы (10 ағаштан – 1 жапырақтан) – ол бойындағы 5 ағаштан және үйлердің ішкі ауласында өсетін 5 ағаштан жапырақтар жиналған болатын. Фитоматериал жапырақтың өсуі тоқтаған кезде өткізілген болатын (2020 жылдың тамыз айы). Жапырақтар ағаштың төменгі бұтақтарынан алынды [3, б. 27].



Сурет 2 – Павлодар қаласының селитебті аймағының карта-сызбасы

Барлық жапырақтардың асимметриясы шамаларының арифметикалық ортасы ретінде есептелген даму тұрақтылығының көрсеткіші В. М. Захаровтың шәкілі бойынша бағаланған болатын (кесте 2) [4, б. 22].

Кесте 2 – Жапырақтың даму тұрақтылығын бағалаудың бес балдық шәкілі, В. М. Захаров бойынша

Орта тұрақтылығының интегралды көрсеткішінің мәні	Баллдары	Қоршаған орта сапасын бағалау
<0,040	1	Шартты норма

0.040–0.044	2	Қанағаттанарлық жағдай
0.045–0.049	3	Қауырт жағдай
0.050–0.054	4	Шиелініскен жағдай
>0.054	5	Шекті (критикалық) жағдай

Павлодар қаласында қоршаған ортаның сапасын бағалау кезінде (кесте 3) «Восточный» мен «Дачный» мөлтек аудандары орта сапасы «шиеленіскен жағдай» деп бағаланатын аумақтарға жататыны анықталды (Захаров шәкілі бойынша 4 балл).

Кесте 3 – Павлодар қаласы аумағында өсетін бальзамды терек жапырақтарының тұрақты даму көрсеткіші бойынша бағалануы

Зерттелетін мөлтек аудан	Даму тұрақтылығының көрсеткіші, (P)	Баллдары	Қоршаған орта сапасы
Восточный	0,052	4	Шиелініскен жағдай
Дачный мен Достық	0,062	4	Шиелініскен жағдай
Қала орталығы	0,067	5	Шекті (критикалық) жағдай
Химқалашығы	0,071	5	Шекті (критикалық) жағдай

Қала орталығы мен «Химқалашығы» ауданының орта сапалары «шекте жағдай» деп 5 баллмен бағаланды. 5 балл – шекті мән болып табылады, асимметрия көрсеткішінің ондай нәтижелері өсімдіктер күйзелген кезде, қолайсыз шарттар жағдайында байқалады.

Зерттелген аудандарда автокөлік жиілігі жұмыс күндері сағат 18:00–19:00 аралығында өлшенген болатын. Өлшеу кезінде тек жеңіл автокөліктер есепке алынған болатын (кесте 4).

Кесте 4 – Автокөліктердің улылық коэффициентін (K_y) және көмірқышқыл газының (көміртегі тотығының) концентрациясын (K_{CO_2}) бағалау

Зерттелетін мөлтек аудан	Жеңіл автокөліктер саны, N (5 мин)	Автокөліктердің улылық коэффициенті, K_y	көмірқышқыл газының концентрациясы, K_{CO_2}
Восточный	130	130	169,5 мг/м ³
Дачный	130	130	169,5 мг/м ³
Қала орталығы	145	145	210,8 мг/м ³
Химқалашығы	157	157	247 мг/м ³

из версий, ленточные боры выросли после того, как древний ледник, сползая с северо-востока алтайских гор, пропахал несколькими языками безлесную степь, принеся в себе и древесные семена, и подходящую песчаную почву. Если посмотреть на картах, отснятых со спутника над Щербактинским районом Павлодарской области и части Алтайского края, то начинаешь верить именно в эту версию происхождения Чалдайского ленточного соснового бора. Согласитесь, уникально? Еще одна уникальность этого леса – это то, что хвойный массив площадью 150 000 гектаров питает область чистым воздухом и держит под собой грунтовые воды [5, с. 28].

А вот туристы с легкой душой рассматривают всю красоту здешнего края, а двигаться здесь есть чему. Реликтовый сосновый бор произрастает здесь еще со времен последнего оледенения. Когда-то на его месте текли реки, но со временем они пересохли, и в их руслах образовалась подходящая почва для произрастания нынешних деревьев. А растет исключительно сосна – одна из хвойных пород, способных выжить в суровых условиях северного климата. Благодаря смолистой древесине и хвое они не замерзают даже в сильные холода. Их не опадающая на зиму хвоя покрыта толстым восковым слоем, который не позволяет терять влагу зимой. Живут сосны до 600 лет и достигают высоты 40–45 метров. Весной же эти деревья при цветении выбрасывают в воздух фитонциды, разносящиеся на много километров вокруг, и пребывание здесь в это время становится по истине целебным [4, с. 34].

Особое внимание уделяется мавзолею Габдул-Уахит хазрет в Щербактинском районе



Рисунок 3

Мавзолей находится на востоке Павлодарской области, в Щербактинском районе, на территории государственного лесного природного резервата «Ертіс орманы». Отсюда до соседней России рукой падать. До недавнего времени о мавзолее было известно лишь местным жителям, с прошлого года он стал известен далеко за пределами области. Сюда люди с надеждой и верой в сердцах совершают паломничество, надеясь испросить здоровья для себя и своих близких. И имеющиеся факты исцеления от неизлечимых болезней говорят сами за себя. Габдул – Уахит хазрет родился в 1853 году в одном из аулов тогда еще Цюрупинского района (ныне Щербактинский) Первоначальное образование получил у муллы. Для дальнейшего обучения он отправился в Бухару. После того, как он изучил большую часть литературы, находящейся в библиотеке, Габдул-Уахит принял решение вернуться домой, чтобы нести свои знания простому народу. По возвращению он открыл медресе. Габдул – Уахит хазрет имел особый природный дар влияния на людей. Лечил молитвами и предсказывал будущее, помогал всем нуждающимся, за что его почтили как святого. И после смерти в 1926 году его могила была местом паломничества мусульман. Позже, в 1953 году, на месте захоронения святого построили мазар. В 2012 году был отстроен мавзолей Габдул – Уахит хазрета. В религиозные праздники мавзолей принимает большое количество верующих. В эти дни людьми движет лишь одно – попросить вернуть им здоровье. От Павлодара до мавзолея – 150 километров. После поселка Арбигень по дороге установлены аншлаги с указанием маршрута к мавзолею. При прибытии на место посетителей встречает шырақшы (мулла). Он же сопровождает приезжих, читает молитвы, рассказывает свою удивительную историю, связанную с хазретом [4, с. 36].

Жители Щербактинского района круглый год посещают удивительные дары природы нашего края с полезными свойствами. Нашему району – нашей природе есть чем поделиться. Государство делает все возможное, чтобы улучшить условия для нас, мавзолей был отстроен благодаря Кариму Масимову, лес и озеро находится под защитой и охраной местных властей.

Своей работой, хотелось бы, призвать людей посещать наши родные края, чтобы как можно больше людей, туристов со всех уголков Земли поправляли свое здоровье. Хочу сказать, если не ценить то, что имеешь, то неудивительно, что в конечном итоге можно потерять это.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 <https://e-history.kz/ru/map/view/106/>
- 2 сайт Акимат Щербакинского района
- 3 [http:// www/pavgeo.kz/ru/chaldayskiy-bor/](http://www.pavgeo.kz/ru/chaldayskiy-bor/)
- 4 [http:// www/pavgeo.kz/ru/k-mestu-svyashhennomu/](http://www.pavgeo.kz/ru/k-mestu-svyashhennomu/)
- 5 <http://ecolog.ucoz.com>

«ЕРТИС ОРМАНЫНДА» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЛАГЕРЬДЫҢ ПАСПОРТЫ

ХАСЕНОВА Н. Т.

8 сынып оқушысы, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.
ҚАНАПИЯ Е. Н.

8 сынып оқушысы, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.
ҚАЙДАРОВА Л. С.

география пәнінің мұғалімі,

«Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

Жазғы демалыс – бұл әр баланың өміріндегі ерекше кезең. Басқа жерге бару, жаңа ұжыммен араласу, дәстүрлі білім беру жүйесінен демалу баланың жазғы уақыт кезеңінде қарқынды дамуына ықпал етеді. Демалу, даму және денсаулықты қалпына келтіру балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру кезінде бірыңғай кешенді құрайды.

Қаланың балалары бірден өзге шындыққа – табиғат нағыз өзі қожайын болып табылатын әлемге, ұялы телефондар жұмыс істемейтін жерге, қала қарбаласы мен шуы жоқ, дүкендер жоқ жерге, бірақ өзен сылдыры, жел шуы, шөптегі шық тамшысы, орман сыбдыры бар тамаша әлемге түседі. Және де олардың зерттеуші шабытын сезіну, табиғат әлемінің әсемдігі мен нәзіктігін көру, өзінің табиғатқа қатыстылығын және оны қорғау үшін жеке жауапкершілігін түсіну мүмкіндігі болады. Екі апта ішінде біз шығармашылық және қуаныш атмосферасын құрып, жаңа білім беруіміз керек және ең маңыздысы, балалардың оң эмоционалдық жауабын алуға тиіспіз. Өйткені, олардың арасында – болашақ инженерлер, мұнайшылар, менеджерлер, кәсіпорындардың басшылары бар емес пе, және де ерте ме, кеш пе табиғи ресурстарды тиімді пайдалану туралы шешімдерді дәл солар қабылдайтын болады. Мүмкін жазғы экологиялық лагерьде өткізген тамаша уақыт туралы естеліктері табиғаттың осалдығы мен бұл кереметті болашақ ұрпақтар үшін сақтап қалу қажет екендігі туралы ойландырар...

«Ертіс орманы» мемлекеттік орман табиғи қорғалымы (бұдан әрі – «Ертіс орманы» МОТҚ) аумағының зор бөлігі «жабайы табиғат» учаскелерінің жақсы күйде сақталғанымен ерекше, ландшафттары жаппай урбандалуына байланысты әлемде оған деген қызығушылық артуда. Бұл аумақтың экологиялық туризм объектісі ретінде одан әрі тартымды болуына кепілдік береді.

Жұмыс мақсаты: «Ертіс орманы» МОТҚ экологиялық туризмнің даму мүмкіндігін зерделеу.

«Ертіс орманы» МОТҚ-ның ормандары қысқа уақыт та, анағұрлым ұзақ уақыт демалуға болатын тартымды жерлер болып табылады. Олар жеңіл серуендеу, көрікті панорамаларды тамашалау және ылғал мен фитонцидтерден құралған шаң жоқ ауа ортасының таза ауасымен тыныс алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

«Ертіс орманы» Қазақстан сауда кәсіпорындарының «Сауда Үздігі-2019» республикалық конкурсында «Тандаулы демалыс аймағы» номинациясында II орын алған үшін дипломмен марапатталды. «Ертіс орманында» Экотуризмнің келесі түрлері дамыған: велотуризм, скандинавиялық жүріс, кемпинг, шаңғы туризмі, ат туризмі.

Эколагерьді ұйымдастыру бойынша ұсынылатын **концепцияның негізінде төрт негізгі құрауыш жатыр:**

– Негізгі биологиялық пәндерді оқытудың міндетті бағдарламасы. Шығармашылық және танымдық мастер-класстардың анағұрлым кең спектрі. Бұл ретте, балаларға сабақтарды тандауда да, пәнді меңгеру дәрежесін тандауда еркіндік беріледі.

– Ауылдық жерде тұру, себебі бұл кезде туристер демалу уақытында ауылдарда ауылдық өмір салтын кешеді.

– Лагерьде достық, сенімді, психологиялық ынғайлы ортану құру.

– Ғажайып, ерекше шытырман оқиғаатмосферасын, бұл демалыстары ұзақ жылдарға есте сақталатындай жағдайларды жасау.

Балалардың демалысын, сауығуын және іспен айналысуларын ұйымдастыру мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Жазғы демалыс кезіндегі ұйымдастырылған демалыс – бұл ең бастысы, баланы әлеуметтік қорғау. Жазғы лагерьі өте маңызды міндеттерді орындайды: яғни, балалардың үлкендердің қарауынсыз болу уақытын қысқартады деп есептеледі. Дәл осы лагерьде әр баланың маңыздылығы анықталып, балаларды алуан түрлі әлеуметтік тәжірибеге, қоғамдық-ұйымдастырылған бос уақыт құндылықтарына кеңінен баулу жүзеге асырылады [1, с. 89].

Біз «Ертіс орманы» туристік жолбағыттарын, сонымен қатар техникалық жабдықталуын және резерваттың кадрлық әлеуетін

зерделеп, Садық-Ащы орманшылығында *жазғы қысқа мерзімді экологиялық лагерьді* ұйымдастыру бағдарламасын ұсынғымыз келеді.

Орны: «Ертіс орманы» мемлекеттік орман табиғи қорғалымы, Садық-Ащы орманшылығы.

Қатысушылардың (балалар мен үлкендер) жалпы саны, балалардың жасы: Лагерьге 12 жастан 16 жасқа дейінгі балалар келіп, әр топ шамамен бір жастағы 10–15 баладан құралады. Балалармен үнемі вожатыйлары болады, дәл солар лагерьдің басты ұйытқылары – аналары мен әкелері болады. Оқытушылар тек қана оқытады, олар Тәлімгерлер, Мұғалімдер, ал ұйымдастырушылар болса жалпы басшылық ету, бағдарламаларды орындау, режімді сақтаудың ауыр жүгін көтеріп, барлық даулы мәселелерді шешетін басты төрешілер болады.

Педагогтар: Шалдай ЖОМ қызметкерлері қатарынан 2 тәрбиеші дене шынықтыру жетекшісі, музыкалық жетекші-волонтер, 2 вожатый-волонтер, дыбыс режиссері-волонтер, фельдшер, аға тәрбиеші, лагерь бастығы – барлығы 10 адам.

Лагерьдің мақсаты: Балалардың бойында табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін ояту, орманда болған кездегі қажетті білімдер мен дағдыларды алу (алау жағу, шатырды орнату, бағдарды білу және т.б.), ауыл тұрмысымен, жергілікті мәдениетпен және салт-дәстүрлермен танысу, дәстүрлі ауыл еңбегіне қатысу болмақ.

Балалар экологиялық лагерьі 5 күннен 8 күнге дейін деп есептелген. Оның барысында балалар өздіктерінен бақылау жүргізіп, жазбалар жасау және оларға талдау жүргізуге үйренулері тиіс. Бұдан басқа, олар ормандағы тәртіп ережелерімен, табиғатта тіршілік ету негіздерімен танысады. Оқу іс-шаралары мен арнайы экологиялық ойындар қатар-қатар өткізіледі.

Балалар қандай да бір зерттеу жұмысын алдын ала алады. Өздерінің тақырыптары бойынша жұмыс күннің бірінші жартысында жүргізіледі. Күннің екінші жартысы туристік дағдылар бойынша жұмыс жүргізу, алғашқы көмек көрсету тәсілдерін үйрену және күн көрудің кейбір элементтерін меңгеру, экскурсияларға, лекцияларға арналады. Бұл іс-шаралардың жоспарын жетекшілер алдын ала әзірлейді. Барлық жұмыстар жоспарланған күн тәртібі бойынша жүргізіледі.

Таблица 1 – Күнтізбелік жұмыс жоспары

КҮН	ІС-ШАРА
Бірінші күн	Келу, танысу, орналасу. Лагерь бағдарламасымен және ережелерімен танысу. Зерттеу тақырыбын таңдау (өз тақырыптары бойынша жұмыс күнделікті, күннің бірінші жартысында жүргізіледі). Жолбағыттағы қауіпсіздік техникасы және ЕҚТА-да болу ережелері бойынша нұсқама. «Ертіс орманы» туралы ақпараттық дәріс. Қауіпсіздік шаралары және жолбағыттағы жазатайым оқиғалардың алдын алу, бірінші медициналық көмек көрсету туралы түсіндіру жұмысы. Дискотека.
Екінші күн	Белсенді топты таңдау, топ бұрыштарын ресімдеу: топтың атауы, ұраны, эмблемасы. Кезекшілікті ұйымдастыру. №1 туристік жолбағыт. Ғабдул Уахит Хазірет кесенесіне бару. Павлодар облысының шығыс жағында, Шарбақты ауданында «Ертіс орманы» МОТҚ-да қарайғайлы қалың орманда Ғабдул Уахит Хазірет кесенесі орналасқан. Бұл Қазақстанның қасиетті жерлерінің бірі, мұнда хазреттердің бірі жерленген. «Хазрет» титулы Мир Араб Бухара медресесінің шәкірттеріне ғана берілген. Жақын уақытқа дейін кесене туралы жергілікті тұрғындар ғана билетін, ал қазір ол туралы облысымыздан тыс жерде де белгілі. Жүректерінде үміттері мен нанымдары бар адамдар қажылық жасап, өздерінің және жақындарының денсаулықтары үшін дұға етеді. Дискотека.
Үшінші күн	№ 2 туристік жолбағыт. Орманды алқапта бағдарлау (алау жағу, шатыр орнату, бағдарлау және т.б.), «Зарница» спорттық-сауықтыру іс-шарасы. Дискотека.
Төртінші күн	Ауылдағы ауыл өмір салты. Туристер біраз уақыт табиғат арасында ауылдық тұрмысты кешіп, халық мәдениетінің, колданбалы өнер құндылықтарымен, ұлттық әндермен және билермен, жергілікті салт-дәстүрмен танысып, дәстүрлі ауыл еңбегіне, ұлттық мерекелер мен фестивальдарға қатысады. Балаларға сиырларды, биелерді қалай сауатынын, сүтті қалай тартып, қаймақты қалай алатынын, май, айран, қымызды қалай жасайтынын, бешбармақ пен қазактың тағы басқа көптеген ұлттық тағамдары қалай әзірленетінін көрсетеді. Балалар тағамдарды әзірлеуге қатысады. Дискотека.

Бесінші күн	«Автобустағы тәртіп ережелері туралы» әңгімелесу. «Ертегіде қонақта» туристік жолбағыты. «Ертіс орманы» МОТҚ Тайбағар орманшылығының аумағында «Ертегіде қонақта» туристік жолбағыты орналасқан. Қарағайлы орман – бұл демалуды жақсы көретіндерге арналған жер. Тайбағар көлінің суы тұзды. Халық айтуынша, судың шипалық қасиеттері бар. Көлдің тағы бір ерекшелігі – ақшыл және қара балшық шоғырлануы. Мамандардың пікірінше, бұл балшық көптеген сырқаттарға дауа. Туристік жолбағыт аумағында отбасылық демалыс үшін және орманда сауығу үшін, табиғатпен оңаша қалуды жақсы көретіндер үшін қажеттінің бәрі бар. 17 жазғы күрке, балалар алаңшасы, спорт алаңы, автомобильдерге арналған тұрақ, алау жағуға арналған орындар бар. «Орман сыйлары» табиғи материалдардан жасалған жасанды бұйымдар сайысы Дискотека.
Алтыншы күн	ЕҚТА-дағы волонтерлік жұмыс. Бағдарлама ЕҚТА-дағы волонтерлік жұмысты көздейді. Балалардың қорғалатын табиғи аумақтың күнделікті міндеттерін шешуге қосатын шынайы еңбектік үлестері – экологиялық лагерьдің өте маңызды тәрбиелік аспектісі. Мысалы, жас қарағайларды өсіру бойынша тәлімбақта балалар арамшөп жүла алады; құстарға арналған үйшіктерді сала алады; ормандағы күркелер мен шлагбаумдарды сырлай алады. Зерттеу тақырыптары бойынша қорытынды жасау, жобаларды қорғау және марапаттау. Дискотека.
Жетінші күн	«Автобустағы тәртіп ережелері туралы» әңгімелесу. Зауыттық орманшылыққа Колчактың бұйрығы бойынша салынған теміржол төсеуімесіне экскурсия. А.В. Колчак Қытайға қарай теміржол тартуды көздеген. Зерттеу тақырыптары бойынша қорытынды жасау, жобаларды қорғау және марапаттау. Қоштасу алауы, гитара шерту.
Сегізінші күн	Маусымды жабу. «Автобустағы тәртіп ережелері туралы» әңгімелесу. Жолға шығу.

Экологиялық бағыттағы бейінді лагерьлер қызметінің оқушы жастардың арасында экологиялық мәдениетті арттыру, балалар экологиялық қозғалысын дамыту, олардың арасында экологиялық белсенділерді қалыптастыру үшін зор маңызы бар.

Экскурсия барысында балалар қорықта қандай өсімдіктер өсетініне, олардың қайсысы Қызыл кітапқа енгізілгенін, бұл жерді қандай жануарлар мен құстар мекендейтінін білетін болады. Бұның бәрі балалардың тірі табиғатқа және өз өлкесін танып білуге деген қызығушылықтарын оятады.

Бірақ, ең бастысы – балалар табиғаттың қандай шексіз екеніне көз жеткізіп, қалада қалалық тапсырыстар мен парктерді сақтап

қалу маңыздылығын, біздің ЕҚТА мегаполистер әлі басып алмаған, азғантай ғана жабайы табиғат аралдары екенін түсінеді.

Сонымен, экотуризмнің өңірді дамытудағы рөлі қандай? Біріншіден, ең бастысы, экотуризм табиғат аймағын қорғауға ықпал етіп, халыққа экологиялық тәрбие беруге септігін тигізеді, отансүйгіштікке тәрбиелеп, өз елі үшін мақтаныш сезімін тудырады және жеке тұлғаның үйлесімді дамуына әсер етеді. Бұның саяси маңызы да бар – туризм халықаралық байланыстарды кеңейтіп, еліміздің экономикасын дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу мүмкіндіктерін береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Храбовченко В.В. Экологиялық туризм: оқу-әдістемелік құрал. - М.: Қаржы және статистика, 2013. - 208 бет.

2 Шайкенова Р.Р. «Экологиялық және этнографиялық туризм: құрылуы, проблемалары және даму перспективалары» / Р. Р. Шайкенова, К.Р. Мамутова // Ресей ғылыми-практикалық конференциясының мақалалар жинағы, Хабаровск, 2009. – Т. 3. – 70–76 бб.

5.7 Химия, химия және мұнай-химия саласының қазіргі жағдайы мен даму перспективалары 5.7 Современное состояние и перспективы развития химии, химической и нефтехимической отрасли

АСКОРБИН ҚЫШҚЫЛЫНЫҢ ӘСЕР ЕТУ МОЛЕКУЛАЛЫҚ МЕХАНИЗМІ

БЕКЖАНОВА М. А.

9 сынып оқушысы, Лебяжі ЖОББМ, Аққулы а.

СЕРИМОВА И. К.

химия пәнінің мұғалімі, Лебяжі ЖОББМ, Аққулы а.

1820 жылы Австралия дәрігері Крамер белгісіз аурудың әсерінен адамның тістерінің еті қанталап, түбі босап, тіс түсіп және оңай жаракаттанғыш келетінін, тері экзема пайда болатынын, ағзаның жұмысқа деген қабілеті төмендеп, тез шаршайтынын кезінде жазып сипаттаған еді. Құрқұлак (цинга) аурумен, әсіресе теңізшілер, жауынгерлер, жиһанкездер ұзақ сапарға шыққанда жиі ауырады

екен. Мысалы, Португалияның атақты теңізшісі Васко да Гаманың Үндістанға бірінші саяхатында 100 адамынан, ал бір жылдан кейінгі екінші саяхатында 160 теңізшісінің 150-нен айырылуының себебі осы құрқұлақ ауруының салдарынан екен. XVI ғасырдың басында атақты Христофор Колумб Жаңа жерге бара жатқан сапарында белгісіз аурумен ауырып, хал үстінде жатқан бірнеше теңізшісін кездескен бір аралда қалдырып кетеді. Бірнеше айдан кейін қайтып оралып келе жатқанда жаңағы «адам болмас» деп, күдер үзіп қалдырып кеткен жолдастарының дендері сау, ойнап-қуліп алдарынан шыққанда таңғалып, қуанған екен. Сұрай келе жаңағы аралда жеуге жарайтын түрлі жас өсімдіктер мен олардың жеміс-жидектерін жеп айыққандары мәлім болды. Адам тарихындағы ең бірінші дүниежүзілік саяхат кешкен Магелланның үш кеме толы теңізшілерінен отаны Испанияға оралғанда небары бірнеше ғана адам тірі қайтқаны белгілі. Соның көпшілігі жолшыбай осы құрқұлақ ауруынан қаза тапқан. Ресей ғылым академиясының атақты Сібір экспедициясын басқарған Ветус Беринг те осы құрқұлақтан қаза тапты. Бұдан бізге XX ғасырдың басына дейін бүкіл дүние жүзінде құрқұлақ ауруының етек алып келгені белгілі болып отыр. Кейіннен бұл аурудың себебі – ағзада С витаминінің жеткіліксіздігінен екені анықталды [1, б. 141].

1907 жылы Хольст пен Фрейлих теңіз шошқаларын құрамында жас жаңа шыққан көкөнісі жоқ – диеталық тағамдармен қоректену арқылы жоғарыда жазылған ауруды тудырып байқады. 1921 жылы Н. Бессонов орамжапырақ шырынынан тотығу-тотықсыздандыру қасиетіне ие және құрқұлақтан қорғайтын препарат алды. 1927–1928 жылдары венгр оқымыстысы Сент-Дьердьи малдың бүйрек үсті безінен жаңа зат бөліп алып, оның күшті тотықсыздандырғыш қасиеті барлығын және химиялық табиғаты жағынан гексурон қышқылы екендігі анықталады. Бұл қосылыстың цинг ауруынан қорғайтындығын аша отырып, оны аскорбин қышқылы (С витамині) деп атады [2, б. 142].

Құрқұлақ адамның ауыр дерті ретінде осыдан 300 жыл бұрын белгілі болады. Адамға жеміс, көкөністер беріп, ол ауруды емдеуге болатыны да көптеген белгілі еді. Ал таза С витамині 1930 жылы ғана бөліп алынды. 1933 жылы ол синтездік жолмен шығарылды (Рейхштейн). С витаминінің тұмауға, туберкулезге тағы басқа ауруларға қарсы әсері, емдік қасиеті көпке мәлім. Медицинада көп қолданылатын антигриппин негізінде С витаминінен тұрады. Көптеген дертке осы витаминнің әсері күшті, практикада оның емдік нәтижесі бар, бірақ әсер ету механизмі белгісіз болған. Жуық арада Ресей ғалымдары

З.И.Курпетева және Л.Вайлер (2000жыл) аскорбин қышқылының бір үлкен қасиетін ашты. Бұл витамин NO-синтаза ферментінің активтігін күшейтеді екен. Ол фермент адам мен жануарлар қан клеткаларында L-аргининнен NO (азот тотығының) синтезделуін катализдейді. Азот тотығы-газ, организмдегі барлық бөтен клеткаларды өлтіріп, жойып жібереді. Бірақ бұл газ өзі түзілген организмде қауіпсіз, зияны жоқ. Азот тотығы бөтен клеткаларға кіріп алып, олардың тағамдануын құртады. ДНҚ синтезін басады, солай адам мен жануарлар организмін ауру беретін бактериялардан, вирустардан және рак клеткаларынан сақтайды. Организмде С витаминінің жағымды ролі мына комплексті жүйе арқылы іске асады: С витамині → NO-синтаза → L-аргинин → азот тотығы → гуанилатциклаза → ГТФ → цГМФ → клеткадағы химиялық реакцияларға дем беру (үдету) және реттеу. Аскорбин қышқылының NO арқылы бөтен организмдерге қарсы әсері, жүрек қан тамырларына және жыныс мүшелеріне беретін жағымды қажеттері (1-сурет) схема түрінде көрсетілген [3, б. 94].



Сурет 1 – С витаминінің азот тотығы арқылы организмге беретін жағымды ролі

Қазіргі уақытта біздің елімізде жоғарыда айтылған құрқұлақ ауруы кездеспейді деуге болады. Дегенмен С витамині тағамның құрамында әрдайым қажетті мөлшерде бола бермейтіндіктен С гиповитаминозы, яғни бұл витаминнің аз да болсын жетіспеушілігінен болатын өзгерістер кездесіп отырады. Бұл жағдай, әсіресе өсіп келе жатқан жас ағзаға өте зиянды әсер етеді, ол ауруға шалдыққыш келеді. Ересек адамдарда ескі ауруы болса, ол қайталап, дертке төзімділігі нашарлайды, суық тигіш келеді. Ағзаны С витаминімен тек табиғи тағамдар арқылы қамтамасыз еткен дұрыс. Бұл витамин

сүтте, қымызда, жұмыртқаның сары уызында, сәбізде, балық майы мен сары майда, жеміс-жидектерде, көкөністе, бақша және цитрус өсімдіктерінде көп мөлшерде кездеседі [1, б. 141].

Бұған мысал ретінде төмендегі мысалдарды келтіруге болады. 100г салмағына шаққанда, итмұрын, қара қарақаттың, бұрыштың құрамында 300 мг; көк пиязда, қызанақ, қымыздық, орамжапырақ, алма, апельсин, булдірген мен жузімнің құрамында 30–50 мг; қарбыз, сәбіз, қияр, алмұрт, аскабақ құрамында 3–7 мг мөлшерде С витамині кездеседі. Қазақ халқының ұлттық тағамдары ішінде қымызда С витамині көп болады. Оның әрбір 100 грамында 20–25 мг аскорбин қышқылы бар. Қымыздағы С витамині зауыттарда синтезделіп алынған аскорбин қышқылынан ана-ғұрлым шипалы және денсаулыққа өте пайдалы. Қымызды ішкенде тек С витаминін ғана алып қоймай, сонымен қоса ағзаға аса қажетті жануарлар белогін, майын және басқа да түрлі витаминдерді аламыз [4, б. 146].

Практикалық кезең

Экспериментке 8 сынып оқушылары қатысты. Барлығы 29 оқушы. Оның ішінде 9 оқушы 3 тоқсан бойы химия сабағында аптасына 2 рет аскорбин қышқылын қабылдап отырды (2-сурет).



Сурет 2 – С-витаминін қабылдаған және қабылдамаған оқушылар қатынасы

Нәтижесінде: көктемде жедел респираторлық – вирустық инфекциялар ауруымен ауырмаған. Себебі, аскорбин қышқылы вирустық аурулардан қорғайды. Аскорбин қышқылын қабылдамаған 20 оқушының 17 –сі ауруханаға төмендегі вирустық аурулар бойынша тіркелген (3-сурет):

- Бронхит
- Жедел респираторлық – вирустық инфекциялары
- Жедел назофарингит

- Синусит
- Пневмония



Сурет 3 – Оқушылардың вирустық аурулар бойынша бөлшектенуі

Қорытынды

Жобаны қорта келе әр адам өз денсаулығы үшін өзі жауап беру керек және оны әрдайым нығайтып, шынықтырып, әртүрлі витаминдер мен пайдалы тамақтармен байытып отыру керек деп ойлаймын. Аскорбин қышқылының да алатын орны зор әрі пайдасы көп деп білемін. Аскорбин қышқылын 3 тоқсан бойы үзбей қолдану нәтижесінде (қантар-наурыз айлары) оған қоса итмұрын тұнбасы, лимонмен шай ішіп сыныптың 8 оқушы мүлдем ауырмады, ал 1 оқушы (созылмалы ауруа бар бала) жеңіл формада ауырып шықты. Аптасына 2 рет химия сабағында және профилактика ретінде үйде де пайдалану арқылы өзімізді жақсы сезініп, сергек жүрдік. Вирусты аурулар әсіресе жасөспірімдер, үлкен жастағы адамдарға алдымен жұғатынын білдім және тыныс алу, қан тамырларының қабынуына әкеп соғады. Сондықтан, аскорбин қышқылын пандемияда пайдалану міндетті түрде керек деп ұйғардық. Ол әрі тиімді, қол жетімді (рецепсіз береді) әрі зиянды емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сеитов З.С., Биохимия оқулығы, Алматы 2007ж, 141-б
- 2 Сеитов З.С., Биохимия оқулығы, Алматы 2007ж, 142-б
- 3 Сағатов К.С., Биохимия оқулығы, Алматы 2009ж, 94-б
- 4 Сеитов З.С., Биохимия оқулығы, Алматы 2007ж, 146
- 5 <https://kk.ladyinthehome.com/biz-s-darumeni-kundylyktaryny-n-kuriya>

МАҚТА МАТАСЫНАН ДАҚТАРДЫ КЕТІРУГЕ АРНАЛҒАН ӘМБЕБАП ЗАТ ӘЗІРЛЕУ

ИДРИСОВА А.

8 «А» сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.
КУСТОБАЕВА Н. А.
химия пәнінің мұғалімі, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Аннотация: Әрбір адам өмірінде ұнататын киімдеріне дақ отырғызып алған күндері болды. Сол дақтардан арыла алмай, киімді енді кие алмайтындай болады. Дәл сондай мәселемен кездесіп, дақкетіргіш ойлап табуым деген шешімқабылданды және ол қолайлы баға маңайында шықса, тіптен жақсы. Жобаның мақсаты мақта матасынан кез келген дақтарды кетіруге арналған әмбебап құрал әзірлеп шығару. Осы жобаны жасау үшін дақкетіргіштердің сан түрімен танысу, олардың адам ағзасына, әсіресе бала терісіне әсерін, әртүрлі мата түрлерінде қолданғанда дақкетіргіштердің әсері жайлы әдеби шолу жасалды.

Мақсаты: Мақта матасынан дақтарды кетіруге арналған әмбебап зат әзірлеу.

Идея: Дүкен сөрелерінде көптеген гигиеналық, тазалау және жуу құралдары кездеседі. Жылдан жылға олардың саны артып келеді, жаңа маркалар әлемге танымал болады. Біз, тұтынушылар, негізінен беделді фирма, әдемі қаптама, жағымды иіс және қолайлы бағасына қарап дақкетіргіштерді таңдаймыз. Бұл критерийлер жеткіліксіз екені түсінікті. Себебі адам ағзасы, әсіресе баланың ағзасына әсері өте маңызды. Демек дақкетіргіштерді таңдауда нақты талаптар қою қажет. Міне, осыдан маған кез келген дақ қалдығын кетіре алатын әмбебап дақкетіргіш ойлап шығару идеясы келді.

Міндеттер:

- дақкетіргіштер жайлы жалпы мәліметтермен танысу, олардың маталардың түрлілігіне әсерін, адам ағзасына, экологияға, олардың кемшіліктері мен артықшылықтарын орнату;
- дақкетіргіштердің құрамымен танысу;
- әмбебап дақкетіргішті әзірлеп көру.

Өзектілігі: Заманауи уақыт тазалау және жуу құралдарын қолдану бойынша кең мүмкіндіктерді ұсынады. Алайда, неғұрлым дақкетіргіштер саны көп, соғұрлым олардың арасынан керекті таңдап алу қиындық туғызады және оларды сауатты пайдалануы бойынша тұтынушылардың білімі жеткіліксіз. Барлық алған білімдерін жүйелеу, оларды күнделікті өмірде дұрыс қолдану, дақкетіргіштің

әртүрлі түрлерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау, олардың кең таңдауымен түсінуге, олардың адам денсаулығына, сондай-ақ қоршаған ортаға тікелей әсерін білу өзекті болып табылады.

Зерттеу қадамдары:

- әртүрлі дақкетіргіштердің түрлерімен жалпы танысу, таңдау статистикасын жасау;
- алынған білім негізінде эксперименттік жұмыстың жоспарын құру;
- жасалынған дақкетіргішті қолданып мақта матасынан әртүрлі дақ түрлерін кетіру;
- зерттеліп жатқан мәселе бойынша қорытындыға келу.

Әр адам киімінде кетпейтін дақтар қалдықтарының проблемасымен кездеседі. Киімдегі ұқыптылық – кез келген адамның міндетті шарттарының бірі. «Киіміне қарап қарсы алып, ақылына қарай шығарып сал» деген орыстың мақалы қазіргі кезде өте өзекті. Адамды алғаш көргендегі пікір өте маңызды. Біз кетпей қалған дақ қалдықтарымен жиі кездесеміз, онымен қалай күресу керек екендігін білмей, дақкетіргіштердің көмегіне жүгінеміз. Дақтарды немен жақсы кетіруге болады? Аталмыш жұмыста дақтардың түрлері мен дақкетіргіштерді зерттеп, осы сұраққа жауап іздеп көреміз.

Дақкетіргіштер – бұл мақта, жүн, жібек, синтетикалық бұйымдардан дақтардың кетіру үшін арналған химиялық препараттар. Дақкетіргіштер органикалық дақтарға (майлы, шарап, шоколад), бейорганикалық заттарға (косметика, бояу, лактар) арналған және әмбебап болады. Әмбебап дақкетіргіштер әр түрлі дақтарды шығаруға арналған. Оның құрамы кез келген дақпен күресе алатын бірнеше компоненттен тұрады. Бағытталған дақкетіргіш белгілі бір дақтарға арналған. Мысалы, майларға, шай мен кофе, қан мен сүтті кетіруге арналған. Ең басты ыңғайсыздығы – әр бір дақ түріне арнайы дақкетіргіштер алу керек. Қандай да болмасын дақкетіргішті сатып алмас бұрын, заттардың қай санатына немесе матаның қай түріне сәйкес келетіндігін мұқият зерделеу керек. Сонымен қатар, балалар іш киімі үшін оттегі немесе май қышқылдарында негізделген дақкетіргішті алған дұрыс, және сәбилер үшін арналған деп белгіленген затты алған дұрыс [1, 3 б.].

Боялған маталармен өте абай болу керек. Олар үшін еріткіштері бар өнімдердің көп бөлігі, сондай-ақ оттегі бар, егер ол оптикалық ағартқышпен толықтырылса, жұмыс істемейді. Сондықтан, түрлі-түсті маталар үшін тиісті дақкетіргішті қолдану керек.

Белгілі бір киім бөлігіндегі дақтарды шешуге арналған тар мақсаттағы дақкетіргіштер де бпр екен. Мәселен, сатылымда жағадағы дақты кетіру үшін, шұлық және т.б. дақкетіргіштерін табуға болады.

Дақкетіргіштердің шығару формалары.

Бұл өнімдер әр түрлі формада жасалады және бұл өндірушілердің маркетингтік әрекеті емес, максималды тиімділік пен сатып алушының ыңғайлылығына деген ұмтылыс. Себебі шығарудың әр нысаны қолдануда өзіндік сипаттамаларға ие.

Ұнтақты дақкетіргіш. Жуған кезде суға қосуға арналған, егерде қарапайым жуғыш затпен кетірілмесе кір немесе киім қатты ластанған жағдайда қолданылады.

Сұйық дақкетіргіш. Негізінен ұнтақ әсеріне төзбейтін нәзік маталарды жуу үшін шығарылады. Сондай-ақ, бұл форма (кішкене көлемді ыдыстарға құйылады) тағамның, сусындардың, қанның, шөптің және т.б. жаңадан пайда болған дақ қалдықтарын жедел тазалауға арналған.

Сабын -дақкетіргіш. Қолмен жуу үшін ыңғайлы, бір затты тазалау керек болғанда немесе ескі дақты алдын-ала тазарту қажет, кейін оларды машинада жуған кезде жақсы кетіп қалады.

Қарындаш түрінде дақкетіргіш. Бұл- жаңадан пайда болған дақ қалдықтарын жедел тазалауға арналған құрал, жолға аларда өте ыңғайлы. Егер 15 жыл бұрын дақтарды кетірудің ең жақсы құралы болып құрамында хлоры бар заттар саналса, бүгінде мұндай қосылыстар ескірген болып саналады. Өйткені, хлор матаның жіптерін бұзады, бояуды кетіреді және терінің тітіркенуіне әкеліп соғады және аллергиялық реакциялар тудырады.

Сондықтан қазіргі өндірушілер дақтарды кетіру үшін мүлдем басқа ингредиенттерді пайдаланады. Олардың қайсысын екенін білейік.

Оттегі. Бұл элемент күшті тотықтырғыш, сондықтан ол әр түрлі кірді кетіреді. Оттекті дақкетіргіштер улы емес, жақсы шайылады, нәзік матаға абайлап әсер етеді, мата бояғыштарын жоймайды. Дақкетіргіш құралдардың құрамында қосылыс түрінде кездеседі мысалы, сутегі пероксиді немесе натрий, калий тұздары (перкарбонаттары) құрамында, жылы суға түскенде қосылыстардан бөлініп шығады.

Энзимдер (ферменттер). Бұл компоненттер ақуыздарды ыдырату арқылы органикалық дақтармен жақсы күреседі. Айтпақшы, құрамында энзимдер бар заттарды жүннен және жібек матадан жасалған бұйымдарда қолдануға болмайды, себебі олардың иірімдері ақуыз молекулалары болып табылады. Құрамында

энзимдер дақкетіргішді мақта маталарында 40 °С-қа дейінгі температурада қолданылған тиімді, себебі температура жоғарылаған жағдайда компоненттердің белсенділігі төмендейді.

Адсорбциялық заттар. Мұндай ингредиенттер дақ бөлшектерімен байланысып сумен шайылып кетеді. Сонымен қатар, бұл әрдайым жууды қажет етпейді – кірді арнайы шеткамен де кетіруге болады. Мұндай заттар дақкетіргіштердің құрамында болса, онда ол түрлі-түсті және ақ маталарға қолданғанда тиімді, бірақ тек жна түскен дақтарға қатысты.

Еріткіштер. Оларға глицерин, спирттер және эфирлер жатады. Олар қиын шығарылатын дақтарға арналған, әсіресе шайырлар мен бояулар сияқты тығыз заттардан тұратын заттарға әсер етеді.

Натрийдің майлы қышқылдары. Бұл қарапайым сабынды құрайтын қосылыстар. Олар ластанудың барлық түрлеріне төтеп бермейді, бірақ денсаулық үшін толығымен қауіпсіз, матаны бұзбайды және олардың түсін кетірмейді. Беттік белсенді заттар (ББЗ) адам ағзасында көп мөлшерде жиналуы мүмкін. ББЗ үш түрге бөлінеді: анионды, катионды және ионгенді емес [1, 5 бет].

Ең қауіптісі - анионды. Олар иммунитеттің бұзылуына, аллергияға, миға, бауырға, бүйрекке, өкпеге зақым келтіреді. Ыстық суда он есе шайса да матадан химиялық заттар толығымен кетпейді де олар ағзаға енеді. Сонымен қатар дақкетіргіштердің құрамына фосфаттар кіреді. Құрамында фосфаттар бар жуғыш заттарды қолдану көптеген елдерде 20 жылға жуық бұрын тыйым салынған. Ал, фосфат-кір жуғанда суды жұмсартып, кірді кетіреді. Оның құрамындағы кірді ағартатын химиялық қоспалар мен жуылған кірге хош иіс беретін заттар жуылған мата талшықтарында қалып қояды. Оларды шайып шығару үшін кемінде кірді 7–9 рет таза сумен шаю керек. Шынына келгенде, жуылған кір 2–3 рет ғана шайылады да, олардың бәрі матада қалып қояды, сөйтіп адам ағзасына зиянын тигізеді. Мысалы, қышыма, қотыр сияқты тері дерттері осыдан келіп шығады екен. Адам терісін шектен тыс құрғатып жібереді. Кір жуғанда қолдың құрғап, тіпті қызарып кетуіне де осы кір жуғыш ұнтақтың құрамындағы фосфат элементі себепші. Сондықтан жуылған кірді мүмкіндігінше қайта-қайта шайып, содан соң ілу керек. Синтетикалық қоспа адам ағзасына келіп түсіп, аллергиялық реакция туғызуы мүмкін. Енді осы факторға бүгінгі күнгі адамдардың ағзасындағы иммунитет қасиетінің нашарлауын қоссақ, онда дақкетіргіштерді дағдылы пайдаланудың адамға тигізетін залалын айтпай кетуге болмайды. Мұғалімдер арасында және анамның құрбылары арасында сауалнама

жүргізілді. «Ең үздік дақкетіргіш маркасын таңда» деп аталатын сауалнамаға 37 адам қатысты. Оларға 5 дақкетіргіш заттардың суреттері көрсетілді. Аталмыш маркалардың ішінен өздеріне жақын және тиімді дақкетіргіш өнімін таңдау керек болды. Сауалнамада таңдау жасаумен қоса өз пікірін де жазуға мүмкіндік болды. Өз пікірін 18 адам жазды.

Сауалнаманың қорытындысы бойынша дақкетіргіш «Faberlic» **әмбебап дақкетіргіш** ұнтағының үлгісі алдыңғы қатарға шықты және мен эксперимент дәл осы дақкетіргіш үлгісімен салыстыру жұмысында қолданылды. Алдымен дақкетіргіш құралын дайындап алдым. Ол үшін:

Кір сабынды үккішке салып, үгітеді. Су моншасын қосып, 1000 мл термостақанды су моншасына қойып, 90 мл дистелденген су құяды. Су қайнағаннан соң немесе аса ыстық болғаннан кейін ішіне үгітілген кір сабында салады. Суда ерігенше дейін шыны таяқшасының көмегімен араластырады. Кір сабын жақсылап ерігеннен кейін калий карбонатын араластырып отырып салады. Біртекті масса алғанша дейін ысытады. Ең бастысы - қоспаның бетінде көбік пайда болуына жол бермеу. Егер калий карбонаты толығымен ерімейтін болса, онда заттарда ақ дақтар қалады. Алынған гель оттан алынады және салқындауға қою керек, содан кейін ол контейнерлерге құйылады. Егер салқындағаннан кейін масса қою болып кетсе, онда аздап су қосып, қоспаны қайтадан қыздыруға болады. Нәтижесінде консистенциялық өнім орташа сұйықтықтың қаймағына ұқсауы керек. Содан кейін бұл гельді мөлшерленген контейнерлерге бөлуге болады. Әр порцияға әр түрлі эфирлерді қосуға болады.



Сурет 1 – Дайын болған дақкетіргіштер үлгілері

Контейнерлердің қазақшасы бар, ол қолдануға өте ыңғайлы. Сонымен қоса, әрбір контейнерге дақкетіргіш затпен жұмыс жасау сипаттамасы берілген және сақтық шаралары жазылған.

Дайындалған дақкетіргіш өте тиімді болды. «Faberlic» дақкетіргіштен айырмашылығы, барлық дерлік дақтар жойылды. Кетчуптағы дақты кетіру өте қиын болды. Дақтарды кетіретін құралмен күресуге болады. Егер ореол әлі де орнында қалса, оны кетіруге сутегі асқын тотығының сұйылтылған ерітіндісі дайындалған. Бірақ оны пайдалану қажет емес еді. Айта кету керек, сутегі асқын тотығын тек ақ маталарға қолдануға болады. Түсті маталарға қолданған жағдайда, осы затпен өңделетін аймақтың түсі өзгеруі мүмкін.

Үйде жасалған дақкетіргіш матаның сапасына ешқандай әсер етпеді.

Осылайша, зерттеу нәтижесінде экологиялық таза сұйықтықты кетіргіш жасалды және сыналды. Тәжірибе нәтижелері бұл құрал түрлі дақтарды кетіруге өте тиімді екенін көрсетеді. Оның артықшылығы сөзсіз: арзан, әмбебап және зияны аз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Зими́на М. Домоводство для девочек: Энциклопедия домашнего хозяйства и рукоделий. - М.: Эксмо. – 2006. – 484с.

Интернет – сайттардан алынған материалдар:

2 www.mylo.ru

3 www.magicaltouch.ru

4 https://fitomarket.ru/blog/novosti/kak_vybrat_effektivnyy_pyatnovyvoditel/

Мазмұны

5 Секция. Жаратылыстану ғылымдары

5 Секция. Естественные науки

5.1 Биологияның өзекті мәселелері

5.1 Актуальные проблемы биологии

Абдугаппаров И. И., Эрметова Ф. К. Исследование пресной воды с использованием электролиза.....	3
Баринаева А., Кабиева Н., Бисмелидинова Б. М., Гинаят Т. Г. Графовое моделирование в микробиологии	8
Жаркеш Д. Н., Заканова А. Н. Метод фильтрации воды на основе агрегатопоники	14
Жумағали А. А., Аксёнова И. В. Поиск эффективных агротехнических приемов для выращивания семян черного саксаула (Haloxylon aphyllum) в условиях временных питомников Жамбылской области	22
Журавский Д. А., Бурлак Л. В. Добыча пресной воды из соленой в домашних условиях	29
Казакова В. А., Устюжанина Н. В. Выращивание кристаллов в домашних условиях	35
Калыкова Д. А., Сатыбалдинов Е. А. Успен ауданында жануарларға арналған орталық ашу	41
Капанова А. Е., Байтуова Т. Т. Қазақстан республикасының экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы	44
Кенжетева А. Е., Балгина С. К. Ионизация, как метод повышения качества воздуха	50
Макиш Н. Қ., Машенова Ж. К. Мектеп жасына дейінгі балалардың морфофункционалдық көрсеткіші	55
Тимофеева К. В., Сарсеева А. К. Лекарственные растения, произрастающие в окрестностях города Павлодара, места произрастания и причины видовой разнообразия	62
Утенов А. А., Ерсинова С. Т. Қоректік заттардың қанның оттегі сатурациясына әсері	67

5.2 Денсаулық сақтау сұрақтарына заманауи көзқарастар

5.2 Современные подходы в вопросах здравоохранения

Адиева А., Бастемиева Г. З. Судың оқушылар денсаулығына әсері	73
Амельченко А. А., Огурцова Т. П., Кончикова Н. Г. Натуральны ли – натуральные соки	78
Анарбаева А. А., Наршибаева Н. Т., Умиралиева А. Т. Умная дверь и её особенности.....	83
Кабышева А. Д., Байтемір С. Асық ойындарының денсаулыққа пайдасы	88
Гришин А., Калиева Г. М. Инфекционное вирусное заболевание – COVID-19	92
Зейнегалиева А., Айдос К., Хамхаш Ш. Адам ағзасында йод жетіспеушілігінің арқасында пайда болатын ауру және оның алдын алу	98
Казангапова А. К., Койлыбаева А. Т. Малайсары ауылының шабындығында кездесетін дәрілік шөптер	105
Каратаев А., Исина Е. Ж. Публикации казахстанских порталов, посвящённые вакцинации: соответствие задачам работы с широкой аудиторией.....	112
Қурбанова М., Хасанбаева М. Х. Табиғаттың ластануы және медициналық география	119
Пернебай Б., Адилбек А., Кокишева А. Е. Сілекей құрамының тіс жегісіне әсері.....	124
Тойшықожа Ж., Кульмаганбетова Р. А. Әл-Фараби және заманауи ұрпақ тәрбиесінің сабақтастығы.....	131
Шаяхметова Д., Сарымов Д., Шакаримов К. Ж., Кенжегалиева Л. Б. Ортомассажный коврик для инклюзивного развития	138
Шерхан А. Е., Наршибаева Н. Т., Умиралиева А. Т. Умная бутылка для воды и её особенности.....	143

5.3 Экология және табиғатты қорғау

5.3 Экология и охрана природы

Абулхан Ә. Б., Касыбаева А. Б. Рекреационная оценка территории протока Усолка и возможности дальнейшего развития этой зоны	149
Аққобан М., Көбеген А., Амангалиева С. А., Матов Н. А. Жайық тоғайларын заманауи экологиялық саябаққа айналдыру моделі.....	156

Амангельдинова Д., Муратова К., Елемесов Ә. Қ. Павлодар облысы аумағында дала өрттерінің таралуы және өрттердің экологиялық зардаптары мен оларды алдын алу.....	160
Амиргалиева Д. А., Машрапова А. С. Қазақстанның өнеркәсіп орталықтары елдегі климаттың өзгеруіне қалай әсер етеді?	166
Ахмеден Д. Қ., Бегжанова М. Б. Қарағаш тоғайының ландшафтысының ерекшелігі.....	174
Әбдінаби Ф. Ә., Диханбаева К. Қ. Екібастұз қаласының қоршаған ортасын қайың ағашының жапырақтарының күйі арқылы бағалау.....	180
Балашова Е. А. Бумага – в революции мусора	186
Балтабаев А. К., Балгина С.К. Вторая жизнь жестяных банок	190
Балтабаева А. Е., Балтабаев Е. С. Экологические, придорожные снегозадерживающие защитные лесополосы для автодорог Павлодарской области и Северного Казахстана.....	196
Блинова С. В., Сафронова В. А. Влияние шумового фона на организм школьника в современных реалиях	201
Болат М., Токтамысова Д. Р. Полезные свойства вишни	207
Джевагирова В., Гайдук С. Н. Очистка воздуха в помещениях с использованием прибора на основе биологических свойств растений.....	214
Егінтай А. Туған жер экологиясы	222
Есімов Б., Досқали Г. І., Абуова Б. Соркөл көлінің суы мен балшығының шипалық қасиетін анықтау	230
Жексембай Қ., Солтаналина К. К. Биогумус өндіру.....	238
Исмагулова А., Кабиденнова Т., Қасымова А. М. Развитие экологического образования в Казахстане.....	245
Қабыкен Д. М., Томбаева А. Е. Павлодар – ең жасыл қала (3D модельдегі)	248
Қаиров А. Е. Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи саябағында экотуризмді дамытудың қажеттілігі	254

Кумпекеева Д. Ж., Омаргалиева А. Д., Асылбекова Г. Е., Кошегулова Б. Б. Сравнительная оценка состава зубов человека в различных районах Павлодарского Прииртышья	260
Куязова Д. Е., Тюлегенов С. Б. «Флуктуирлейтін асимметрия» әдісі арқылы Павлодар қаласында экологиялық тұрғыдан тиімді геурбанистикалық аймақтарды саралау.....	267
Қазбекова Ұ., Дуйсенова Н. И., Атшыбаева Г. Б. Экожүйені жақсартудың жолдары	274
Мақарашак Е., Гайдук С. Н. Исследование кислотных осадков в нижней части г. Алматы, их образование и влияние на растения	279
Маханова Д., Кустова П., Кошкарбаева А. А., Оспанова В. Е. Оценка качества школьного мела (по химическому составу).....	287
Машанло К. Р., Гочияева М. М. Как с помощью геомембраны эффективно утилизировать ТБО на территории Казахстана?.....	293
Оттева К. Г., Молдабекова Ж. К. Очистка сточных вод путем адсорбции фенола на древесине.	297
Смогулова Т. К., Адамова А. А., Алыпашова Н. А. Ремедиация нефтезагрязненных экосистем, путем выделения, культивирования нефтеокисляющих бактерий и создания липофильного материала	303
Федоровский П., Абдрахманова Т. М. Применение золы тепловых станций для получения сульфатов алюминия и железа.....	311

5.4 Қәсіпорындардағы өнеркәсіптік қауіпсіздік 5.4 Промышленная безопасность на предприятии

Қусайын М. С., Абдрахманова Т. М. Исследование влияния растительных ингибиторов на процесс коррозии железа.....	315
---	-----

5.5 Географиялық зерттеулердің заманауи аспектілері 5.5 Современные аспекты географических исследований

Күлумжан А., Айжолова А. М. Павлодар облысының киелі жерлер географиясының ішкі туризмді дамытудағы ықпалы.....	320
---	-----

Тілеген Р., Смаил Қ., Елемесов Ә. Қ.
Павлодар облысы халқының демографиялық
үдерістерінің талдауы (2010–2020 жж.).....326

**5.6 Туризм ел дамуындағы
перспективалық салалардың бірі ретінде
5.6 Туризм как одна из перспективных отраслей
в развитии страны**

Бакалу А., Турсунбаева Н. К., Сумина В. А.
Маралды: быть или не быть.....332
Бәкібай Н. Р., Қасыбаева А. Б.
Глэмпинг – қазақстандағы туризмнің жаңа бағыты.....337
Дюсен Р. Н., Ажманова А. Б.
Туризм. Курортная зона Капчагай343
Ждеулова Д. С., Укужанова Б. Е.
Мой край уникален для международного туризма.....349
Хасенова Н. Т., Қанапия Е. Н., Қайдарова Л. С.
«Ертіс орманында» экологиялық туризмнің дамуы.
Экологиялық лагерьдің паспорты.....354

**5.7 Химия, химия және мұнай-химия саласының қазіргі
жағдайы мен даму перспективалары**

**5.7 Современное состояние и перспективы развития химии,
химической и нефтехимической отрасли**

Бекжанова М. А., Серимова И. К.
Аскорбин қышқылының әсер ету
молекулалық механизмі359
Идрисова А., Кустобаева Н. А.
Мақта матасынан дақтарды кетіруге арналған
әмбебап зат әзірлеу.....364

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«XXI СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

ТОМ 2

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева
Корректор: А. Р. Омарова
Компьютерде беттеген: А. К. Шукурбаева
Басуға 18.04.2021 ж.
Әріп түрі Times.
Пішім 29,7 × 42 1/4. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 21,6. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 3756

«Toraighyrov University» баспасы
«Торайғыров университет» ҚЕАҚ
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.